

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Р.Зайкенова
Р.Сакенова
Л.Н.Нұрланова

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің
11-сыныбының жаратылыстану-математикалық
бағытына арналған оқулық

11



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3. (5Каз) я72
3-15

Шартты белгілер



Зерделі ой



Білгенге маржан



Әдебиет теориясы



Қолданып көр



Эксперименттік тапсырма



Міне, қызық!



Кітап – асыл қазына



CD

- ақын-жазушылар туралы пікірлер, белгілі тұлғалардың философиялық ойтолғаулары
- тақырыпты кеңейтетін танымдық мәлімет
- әдебиеттану ғылымының түсініктері
- әдебиет теориясын меңгерту тапсырмалары
- эксперименттік-зерттеушілік бағыттағы тапсырмалар
- тақырыпқа қатысты қызықты мәліметтер
- қосымша оқуға ұсынылатын әдебиеттер
- АКТ қолданып орындалатын тапсырмалар

Назар аудар



Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны artman-pv.kz сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктеп алуыңа болады

Зайкенова Р. ж.б.
3-15 Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының жаратылыстану-математикалық бағытына арналған оқулық. Р.Зайкенова, Р.Сакенова, Л.Н.Нұрланова – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2020 – 112 бет.

ISBN 978-601-318-298-8

Оқулық жалпы орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып жазылды. Оқулықтың тілі жеңіл, оқушылардың өз бетімен білім алу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3. (5Каз) я72

ISBN 978-601-318-298-8

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатының көшіріп басуға болмайды.

© Зайкенова Р.,
Сакенова Р.,
Нұрланова Л.Н., 2020
© «Арман-ПВ» баспасы, 2020

АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты шәкірт! Жаңа оқу жылшының басталуымен құттықтаймыз!

11-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқу-әдістемелік кешеніне оқулық, СД электронды қосымша және хрестоматия кіреді.

Қолындағы оқулық арқылы қазақ әдебиетіндегі көрнекті өкілдерінің шығармаларымен таныс боласың.

Пәннің мақсаты – ойларынды ауызша да, жазбаша да дәлелді түрде жеткізуге, шығармаларды салыстыра отырып, талдау жасауға үйрету, бағалаудағы дәғдыштарын қалыптастыру арқылы креативті оқуға бағыттау.

Пәннің міндеті – қазақ әдебиетіндегі құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын, мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін құрметтей отырып, халықтың қалыптасқан тарихын, ондағы қарама-қайшылықтары мен қындықтарын анықтап, өмірдегі түрлі жағдайларға бейімделе білуге және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға, заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымыңды дамытуға жетелеу.

Оқулық «Кеңістік пен уақыт», «Заман шындығы», «Фасырлық туынды», «Табиғат және адам» бөлімдерінен тұрады.

«Кеңістік пен уақыт» бөлімі Оралхан Бекейдің «Атау-кере» романын, Жарасқан Әбдірашевтің «Дала, сенің ұлыңмын» поэмасын қамтиды.

«Заман шындығы» бөлімі Баққожа Мұқайдың «Өмірзая» романы мен Ерболат Әбікенұлының «Пәтер ізден жүр едік» әңгімесінен тұрады.

«Фасырлық туынды» бөлімі Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясына арналған.

«Табиғат және адам» бөлімінде экологиялық мәселелерді көтеретін Қадыр Мырзалиевтің «Қызыл кітап» поэмасы мен Сұлтанәлі Балғабаевтың «Тойдан қайтқан қазақтар» комедиялық драмасы ұсынылған.

Оқулықта әрбір шығармаға эпиграф берілген. Осы эпиграфтардың мағыналарын тақырыптармен сәйкестендіріп, идеясын, берілу мақсатын ашып, өз ойынмен толықтырып, кері байланыс жасауды үйренесің.

Негізгі материалдармен бірге «Зерделі ой», «Білгенге маржан», «Міне, қызық!» айдарларындағы мәліметтерді де оқи жүрсөң, білімің де, ой-өрісің де арта түседі.

«Пікірлесейік», «Себебінанықта», «Тобында талдап көр», «Дәптеріңе жаз», «Түйінде», «Қалай ойлайсың?», «Үде орында» тапсырмалар тобын орындау барысында жаңа тақырыпты жеңілірек менгересің.

«Әдебиет теориясы» айдарында жинақталған мәліметтермен танысып, «Қолданып көр» тапсырмасын орындау арқылы әдебиеттану ғылымының туғанніктерін игере аласың.

Оқу бағдарламасын толық қамтып, материалдарды жан-жақты түсіну үшін тек оқулық мазмұны аздық етеді, сондықтан «Кітап – асыл қазына» айдарында қосымша оқуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі берілді. Сонымен қоса БАҚ және Интернет желілері мәліметтері де қаперіңнен тыс қалмасын.

«Эксперименттік тапсырма» айдарындағы тапсырмаларды орындау барысында ой-өрісінді дамыта отырып, шығармашылығыңды, біліктілігінді арттырып, түрлі эксперименттер жасайсың. Мысалы, берілген мәтін бойынша аннотация, сынни пікір, БАҚ беттеріне мақала, сценарий жазуды, сахналық қойылымдар дайындауды, телебағдарламалар, пікірталас үйымдастыруды, сұхбат жүргізуді менгеріп, әлеуметтік желілерде хабарламалар, жарнамалар, репортаж жариялауды үйренесің.

Осы оқу мақсаттары мен міндеттеріне толық қол жеткізу үшін электронды қосымша мен хрестоматияны оқулықпен қатар пайдаланаңың.

СД-дегі қосымшаларда тапсырмаларды орындауга қажетті презентация, рецензия, аннотация үлгілері және зерттеу жобаларын жасау әдістемесі ұсынылған.

Дискідегі кейбір шығармалардың аудионұсқасын тыңдап, басқа да ұсынылған тапсырмаларды орындау арқылы ақпарат құралдарымен жұмыс істей алу дағдысын қалыптастырысың.

Ал хрестоматияда оқулықта талданған көркем шығарма үзінділері, сөздік, тапсырмалар берілді.

Авторлар білім айдынындағы сапарыңа сәттілік тілейді!

I БӨЛІМ

КЕҢІСТІК ПЕН УАҚЫТ

Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады.

Нұрсұлтан Назарбаев

Оралхан Бекей жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең сүлей суреткерінің бірі ретінде әлемдік танымалдылыққа ие болды. Оралхан азғантай ғұмырында сондай асқаралы биікке өзін де, елін де, туған әдебиетін де шығарып үлгерді.

Әбіш Кекілбаев

ОРАЛХАН БЕКЕЙ



Оралхан Бекей
(1943–1993)

Қаламгер қай өнірде туып-өскен?

Оралхан Бекей 1943 жылы 28 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданына қарасты Шыңғыстай ауылында сұрапыл соғыстың отты жылдарында дүниеге келді. Оралдағы еңбек майданында жүрген әкесі аман келсін деген ырыммен, нәрестенің аты Оралхан деп қойылады. Ниеттері қабыл болып, әкесі аман-есен елге оралады.

Әкесі Бекей ойын-тойда «Қалқаман – Мамыр», «Алпамыс», «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу» қысаларын жатқа айтса, шешесі Қулия да сөзге шешен, құбыларын өлең айтуда, айттықша шақырып отыратын өнерлі жан екен. Оралхан да жастайынан өнерге қабілетті болып өседі. Малшаруашылығымен айналысқан ата-анасты алыста болғандықтан, әпкелері мен Оралхан көбінесе әжесінің тәрбиесінде болған. Жазушы кейінірек әжесінен алған тәлім-тәрбиесін «Апамның астауы» әңгімесіне арқау етеді.

Жазушы қай жерде білім алды? Еңбек жолы қашан басталды?

1961 жылы Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Шыңғыстай орта мектебін бітірген Оралхан ауылда аға пионер вожатый, «Алтай» кеңшарында тракторшы болып істеген. 1963 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне сырттай оқуға түсіп, оны 1969 жылы тамамдалған. 1965–1968 жылдар аралығында Большенарым аудандық «Еңбек туы» газетіндегі корректор, аудармашы, редактордың орынбасары және облыстық «Коммунизм туы» газетіндегі әдеби қызметкер болған. 1968 жылы республикалық «Лениншіл жас» газетінің шақыруы бойынша Алматыға келеді, осы газетте

Зерделі ой

Оралхан өзі туған табиғатына ұқсас еді. Алтайдай асқақ, оның оқ жетпес құзар шыңдарындағы биік еді! Заңғар тауларынан құлап ақсан өзендеріндегі тасқын еді. Тауларының сілемдерін жайлаган ерке еліктеріндегі елгезек еді. Өркеш-өркеш тастарындағы ірі еді. Қалам сілтеген алыштардың бірі еді. Шыңғыстан жарқырап шыққан жұлдыз еді.

Қасым Қайсенов

мәдениет және ғылым, әдебиет және өнер бөлімінің, ал 1974–1983 жылдары «Жұлдыз» журналында проза бөлімінің менгерушісі болып істейді. Өмірінің соңғы күніне дейін «Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактор қызметін атқарды.

Оралхан Бекейдің шығармашылық өлемі қандай еді?

О.Бекейдің шығармашылық жолы 1970 жылдан басталады. Оралхан Бекейдің алғашқы шығармасы «Сарыарқаның жаңбыры» деген әңгімесі болса, оның есімін көпшілікке танытқан – «Мұзтау» атты повесі. Оралхан Бекей – қазақ әдебиетіне өз жолымен, өз жаңалығымен келген жазушы. Жазушының кез келген шығармасынан оның туған жеріне, жалпы адамзат баласына деген сағыныш лебі есіп тұрады. «Оралхан – табигат пен махаббатты жырлаған Алтайдың шабытты жыршысы еді, біртұтас үрпақтың ойының шынайы әміршісі, адамның рухани жан дүниесін үлкен шеберлік пен суреттеген жазушы. Оралхан Бекеев қазақ әдебиетінің нағызы шебері болып қала бермек» деп, жазушы Роллан Сейсенбаев айтқандай, Алтайдың кербез табигатын, та-мылжыған сұлулығын, ондағы адамдардың образын «Қар қызы», «Атау-кере», «Жетім бота», «Жылымық», «Жасын», «Сайтан көпір», «Мұзтау», «Үйқым келмейді», «Мынау аппак дүние», «Бәрі де майдан» т.б. шығармаларында шынайы бере білді.

«Оралхан не жазса да қанымен, жанымен жазушы еді. Қай жанрда жазбасын, олардың бірде бірі қаламдастары мен қалың қауым назарынан тыс қалмайтын. Оралхан – бір оқылатын жазушы емес. Оралхан – қайталап оқуды қажет ететін жазушы, түсінгеніңше оқи беретін күрделі суреткер», – деп жазушы Дулат Исабеков айтқандай, «Апамның астауы», «Тортай мінер ақбоз ат», «Бура», «Терісаққан», «Кербұғы», «Қасқыр ұлыған тұнде» әңгімелері идеясының сонылығымен ерекшеленеді. Мәселен, «Терісаққан» шығармасында тек Ағарыс өзені туралы жаза отырып, табигатқа жан бітіріп, кейілтеу тәсілін молынан қолданған автор салтдәстүр тақырыбын шебер көрсеткен. Оның «Алданған үрпақ» трилогиялық романы қолжазбалық ойлар құйінде аяқталмай қалған.

Оралхан Бекей қазақ драматургиясының дамуына да өз үлесін қосқан. Оның «Құлым менің», «Текетірес», «Қар қызы», «Бармысың, махаббат?» пьесалары әмір шындығын, заман тынысын кеңінен суреттейді.

Жазушының көптеген шығармалары ТМД және шетел халықтары тілдеріне: ағылшын, француз, чех, болгар, неміс, жапон, араб, қытай т.б. аударылып, оқырмандарын тапты.

1976 жылы Оралхан Бекей «Құлым менің» пьесасы үшін Қазақстан Республикасы Жастар сыйлығының лауреаты, 1978 жылы «Найзагай ізі» повестері мен әңгімелері үшін Н.Островский атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлықтың лауреаты, 1986 жылы «Біздің жақта қыс ұзақ» кітабы үшін Абай атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Сондай-ақ «Молодая гвардия» және «Жалын» баспаларының сыйлықтарын иеленді. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

Қаламгер 1993 жылы 17 мамырда шығармашылық іссапар кезінде Үндістанда қайтыс болды. Оралхан Бекей атында Өскемен қаласында кітапхана, мектеп, көше бар. Алматы қаласында жазушы тұрган үйге ескерткіш тақта орнатылып, көшеге есімі берілген. Елімізде Оралхан Бекей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің байқауы өткізіліп тұрады.



Зерделі ой

Оралханның прозасы өзінің терең өміршендігімен құнды. Ол – өз оқырманын ешқашан жоғалтып алмайтын шын бақытты жазушы.

Айгүл Кемелбаева



Пікірлесейік

1. Оралхан Бекейдің шығармалары туралы пікірің қандай?
2. Оралхан прозадан басқа қандай салаға қалам тартты?
3. Қаламгер шығармалары несімен ерекшеленеді?
4. Жазушының шығармашылығы лайықты бағасын алды ма?



Себебін анықта

1. Не себепті Оралхан Бекейді қазақ әдебиетіне өз жолымен, өз жаңалығымен келген жазушы дейміз?
2. Қаламгер неліктен Алтайдың шабытты жыршысы саналады?



Тобында талдаң көр

Оралхан Бекей шығармаларындағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтап, талдаңдар.



Дәптеріңе жаз

Жазушының өмірін «Кеңейтілген тізім» әдісі (статистикалық деректер, уақыт желісі, қарапайым фактілер) бойынша дәптеріңе жаз.



Түйінде

«Борт журналы» әдісімен кестені толтыр.

Берілген тақырып бойынша маган не белгілі?	Жазушы туралы қандай жаңалық білдім?



Қалай ойлайсың?

Жазушы қазір қандай тақырыптарға шығарма жазуы мүмкін еді?



Үйде орында

«Оралхан – тума дарын, тұа біткен журналист. Ол көркем әдебиетке журналистика арқылы келді. Бекей – қазақ журналистикасына төңкеріс әкелген қаламгер. Ол бұрыннан қалыптасқан сеніді бұзды, тоңды талқандады. Бекейше кетті. Оқырман алғашында аңырып қалды, жүре-бара

аузын ашып, көзін жұмды. Ол көркем шығармаға «ауыз салғанда» да журналистиканың публицистика жанрын оққағар етті, өзегіне айналдырды» деген Қалихан Ысқақтың сөзіне қосымша әдебиеттерден дәлел ізде.

Білгенге маржан

Оралханның әдебиетке бейімділігі оқушы кезінде-ақ көріне бастаған. Ол әдеби кітаптарды өте көп оқып, бейнелеп, шешен сөйлеуге бейім, жүріс-тұрысы тиянақты, өзгелерге сын көзбен қарайтын, қауыпта, тауыпта сөйлейтін, көпшіл болған. Осындағы ерекшелігін байқаған ұстаздары оны оқушылардың комсомол комитетінің хатшысы, қабырға газетінің редакторы етіп сайлаған. Оралхан оқушылар арасында көркем әдебиеттер конференциясын өткізіп, онда өзі оқыған кітаптарындағы кейіпкерлер туралы үнемі сипаттама жасап тұрған. Ауылдағы шағын клубта әдеби кештерді жиі өткізген. Қазақ жазушыларының ішінде Сұлтанмахмұт пен Бейімбетті қатты пір тұтқан. Өзінің алғашқы «Сарыарқаның әңгімесі» атты шығармасын Сұлтанмахмұтқа арнаса, «Шұғаның белгісін» талай алқалы топта тебіреніп тұрып, жатқа оқығанын көрген күөгерлер әлі күнге жыр қып айтады.

Оралхан мектепте оқып жүрген кезінен-ақ өзінің журналист, жазушы болғысы келетінін айтқан. Мектеп бітіру кешінде жиылған ата-аналар мен мұғалімдер алдында: «Көкшетау асқан сұлу болса, одан шыққан ақын, жазушылар одан әрі сұлупландырды. Біздің Өр Алтайдың сұлуплығы одан әсте кем емес. Мен Алтайдың сұлу табиғатын, сарқылmas байлығын танытуды мақсат етемін. Сондықтан да мен жазушы болуды армандаімын. Адам арманын алдына мақсат етіп қойса, оған жетуге тиісті. Мен де мақсатыма жетемін деп сенемін», – деген екен.

Арманының алысқа жетелегені де рас, жетелеп қана қоймай, сол арманының шыңына шыққаны да рас. Ал қарындасты Ғалия ағасының: «Егер жазушы болмасам, әйтеуір өнер адамы болар едім» дегенін, оның гармоньда жақсы ойнағанын, әдемі қоңыр дауысымен өнді нақышына келтіре, беріле орындастынын естеліктерінде жазған.

«Танымал есімдер» кітабынан

Міне, қызық!

Жазушы бала кезінен сұлуплыққа құмар, сәнқой болыпты. Дүкеннен алған киімдерді тігіншілерге сөктіріп, өз бойына лайықтап қайта тіккізетін болған.

Оралхан Бекей алғашында Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы консерваторияның актерлік мамандығы бөліміне түседі. Алайда жалғыз үлдарының әртіс болғанын қаламаған ата-анасы оны бір жылдан соң оқудан шығарып алады. Одан соң Оралхан ауылында тракторшы болады.

Кітап – асыл қазына

Қазақстан жазушылары: Анықтамалық / Құрастырушылар: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса – Алматы: Аң арыс, 2009.

«Атау-кере» романы («Қауіпті будан»)

Жазушы Бекеев – тұған өлкесі – өсем Алтайдың, асқақ Алтайдың жыршысы!
Оның шығармалары
Алтай өлкесінің гимні іспеттес.

Рабига Сыздық

Оралхан Бекейдің «Атау-кере» романына эпиграф ретінде берілген «Ара жасаған қоғамдық өмірдің деңгейіне жету үшін адам баласының алдында өлі талай ұзақ жол жатыр» (Матерлинк), «Көптен кеткен көмусіз қалар» (Халық нақылдан) деген еki афоризм шығарма сюжетінің өрісін танытады. Шығарманың өзегі бас кейіпкер Ерік деген омарташы айналасында өрбиді. Шығармада төрт негізгі кейіпкер бар. Еріктің бар есіл-дерті – ақша табу, байлыққа мастану, аң аулау, қиялдағы қызға ғашық болу. Айна – табиғаты момын, адамгершілігі, мейірім-шапағаты мол адам. Таған – аспирант, ғылым жолына түскенімен, жолы болмай, өмірден баз кешкен маскүнем. Ал Нұрке (Нюра) кемпір осы үш адамға қосалқы өсер ететін төртінші кейіпкер ретінде сюжет желісін бір-бірімен байланыстырып, дамытып отырады.

Романың «Атау-кере» аталуында да үлкен мағына бар, ейткені «атау-кере» адамның өлер алдындағы ең соңғы асы, дәмі деген мағынаны білдіреді. Қазақ арасында қатты ашууланып, ұрсысып қалған жағдайда «Атау-кереңді ішкір» деген сөз қарғыс түрінде тұрақты тіркеске айналған.

Еріктің ара шаруашылығынан басқа оннан аса сиыры, бес-алты жылқысы, елу шақты қойы бар. Әкесі Қандауыр Еріктің ес білмеген шағында қайтыс болып кетеді. Ол әділетті, шыншыл адам ретінде суреттеледі. Шешесі Нюра



Ене мен келін ынтымагы

Фадеевна (ауылдастары Нұркө деп атайды) – мыңдап марал өсіріп, пантысын (дәрі жасау үшін қолданылатын жас мүйіз) Қытайға сатқан сан жетпес омартасты бар кержақ-орыстың ең шонжары болған Фадейдің қызы. Нюраның шешесі Анна Филимоновнаның жадылайтын сұңғыла өнері болғандықтан, жүрт одан қорыққан. «Дүғаны оқыған кезде қара суды теріс ағызатын адам еді» деп суреттеледі.

Басынан небір азапты құндерді өткізген Нюра Еріктің қолында, сал ауруына ұшырағандықтан, орнынан тұра алмайды. Оған Еріктің әйелі Айна қарайды. Ерік пен Айна Алматыда танысқан. Қолаң шашы тізесіне түскен ете өнді Айна қазіргі Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің жаратылыстану факультетіне түскенімен, белгілі бір себептермен оқуын аяқтай алмай, Алматы мақта-мата комбинатына орналасады. Осы кезде сұңғақ бойлы, көгілдір көзді, бүйра шашты денешшынықтыру мамандығында оқытын ересек жігіт Ерікпен танысады. Екеуі қатар жүргенде жүрттың бәрі тамашалап қарайтын өдемі жұп болады. Ерік спорт мектебінде, Айна интернат тәрбиешісі болып, аудан орталығында он жыл жұмыс істейді.

Шығарма экспозициясы бас кейіпкердің қазақтар Бек-алқа, орыстар Фадиха деп атап кеткен, ол жылына бір рет міндетті түрде қатынайтын ауылға сапарынан басталады. Бұл – Шығыс Қазақстан облысының Бұқтырма мен Катонқарағай өзендерінің жағасында орналасқан шүрайлы жерлерінің бірі.

Жазушы Ерік туған өлкені «Атақты «Мұзтау» деп аталағын шың Алтайдың мәңгі жығылмас, шаңырағы шайқалмас ақ отауы сынды еді. Осынау шілденің ми қайнатар ыстығында пұшшағы шетінемей жататын, мұз құрсаулы шыңның алқымынан бұлақ болып басталып, арыны қатты арқыраған өзенге айналатын суды жергілікті қазақтар «Қатын суы» деп атағалы қа-а-ша-ан, одан бері де мың жыл өткен шығар-ау. Сол, әсіресе, бас жағы ақ айран болып басталып, Таулы Алтай өлкесіне жақындағанда, тау-таудың омырауынан сандаған бұлақ саулап қосылып, мөлдірленіп барып Обықа құятын ағынды өзеннің солтустігін алтайлықтар, онтустігін қазақтар жайлайтын. Катонқарағай ауданы мен оған іргелес Үлкен Нарын ауданының үйір-үйір жылқысы, қора-қора қойы, табын-табын сиыры жаз бойы емін-еркін шүйгіндеп, тау басына алғашқы қар түскенде ғана, етекке мамырлай көшүші еді. Міне, сол Қатын суына Тихой (Тихая) өзені келіп құятын» деп сипаттайды. Оның ауылға жылына бір-ақ рет қатынайтын себебі – жол ұзақ әрі тау ішінен атпен түскенде бір күнде жететін ауыр жол. Қыстың күні ауыл арасымен мұлде қатынас болмайды. Ерік бір жыл жинап, дайындаған ара балын Бекзат деген сатушы әйелге өткізіп, ақшасын алып қайту үшін келеді. Осындай кейінгі бір сапарында оған мектепте бірге оқыған Таған деген сынныптасы жолығады. Ишкілікке салынып, үсті-басы кір-қожалақ, әбден азып-тозған Тағанды оның «Әй, Қарабауыр» деген сөзінен кейін ғана таниды. Өйткені «Қарабауыр» деген сөзді оған кезінде Таған ғана айта алатын.



Зерделі ой

Оралхан – еш уақытта тақырыптан таусылып көрген жазушы емес. Бір-ақ сөйлемдік мәселеден қалауынша шығарма тудыра беруге қабілеті де, құдіреті де жететін. Сол себепті де болар, ол: «Жоспарланған дүниемнің көптігі сондай, оларды ешқашан жазып таусыса алмайтын шығармын», – деп қиналатын.

Дидахмет Әшімханұлы

Сюжеттің байланысы осы кездесуден басталады. Бір жұтым ішіндік сұрау үшін арнайы іздеп келген, бір кезде Карабура атанған Тағанды «көк есек ретінде пайдалансам қайтер еді?» деген ой келген Ерік: «Ей, Қарабура, сен маған еріп жүр. Аузыңнан арақ, алдыңнан тамақ кетпейді», – дейді. Бұған қуана келіскең Тағанды жол бойы ішіндіктен беріп қойып, «Екеуміз де бұрынғы палуанбыз. Жол ұзак, тау биік, жас мал еңгезердей екі жігітті көтере алмай, қызыл май болып, өкпесі күйіп кетеді» деген сұлтау айтып, атына мінгестірмей, жаяу ертеді.

Жазушы бұдан соң Нюра кемпір мен Айнаның қалай тіршілік етіп жатқанын баяндайды. Катонқарағай өзенінің күркіrine құлағы әбден үйренген Айнада тыным жоқ. Қора жақтағы тауықтарға жем шашпады, қымыз ашытады, айран үйытады. Сал боп жатқан енесіне самаурынның шайын береді. Жазушы «Жапандағы жалғыз үйде ішіп-жеудің небір түр-түрі ыргын, аста-төк – ит басына іркіт төгіліп жататын. Тіпті тауда өспейтін көкөніс, жеміс-жидекке дейін Прохор Александрович Зырян қаласынан қап-қап қылып жеткізіп тастайтын» деп жазады. Прохор – вертолетші, Еріктен ан терілерін алып, кәсіп жасайды.

Осы тұста Айнаның монологі арқылы оның жылқышының қызы екендігі, бүкіл балалығы, қырмызыдай боп бойжеткен шағы жаз-жайларда өткені, сондықтан ба, қылтың-сылтың жоқ, біртоға, тіпті үйкүшіктеу болып өскені, келін болып түскені, енесінің қазақы жөн-жосыққа жетіктігі, кимешек киіп, намаз оқитындығы беріледі. Шай устіндегі әңгіме диалог турінде өрбиді. Міне, осы кезде «Сиыр мөңіреді. Жылқылар осқырынды. Малдың тынышы бұзылған секілді» болады. Жүрексінген келіншек қосауыз мылтықты алып, далаға шыққанда самырсынның түбінде екі аяғына тік тұрып, ақырган аюды көріп, қолындағы мылтығы түсіп кетеді. «Аю ақылды болып шықты. Жанында шоқайып-шоқайып, енесі не істесе соны қайталаған екі қонжығын томпаңдата ертіп, бұрылып жүре берді», – дейді жазушы.

– Ол не екен, Айнаш? – деген енесіне: – Үйге кіріп, күпәйкесін шешіп түрған келіні: «Аю екен» деген сөзді «сиыр екен» дегендей аса жайбарақат айтты.

– Айттым ғой, Алтайдың ауы адамға шаппайды.

– Рас айтасыз, апа, біз тиіспесек, олар тиіспейді екен...

Әрі қарай Нұркे кемпірдің күйеуі Қандауыр туралы айтуы арқылы Еріктің әке-шешесінің өткен өмірімен танысамыз. «Бір күні қалың жыныс орман ішінде бір аяқ жолмен тауға қарай өрлеп келе жатқанда, Қандауырдың алдынан екі аю жолығыпты. Шегінерге жол жоқ, мінген аты жүре алмай, бір орнында тұрып қалғанда, аюлар мұрнын шүйіре маңқайып қарапты да, «ендеше, жолды біз берейік» дегендей, бұрылып орманға кіріп кеткен екен. Аюдан ақылды хайуан жоқ деп, сүйсініп отырушы еді жарықтық», – дейді. Қандауырдың әкесі Меккеге барып, қажы атанип қайтқаннан кейін, үркердей үш келінің бірдей, оның ішінде Нұркес де бар, мұсылманша оқытып, хат танытады. Ал Нюраның әкесі ғана емес, бүкіл Фадеевтер өuletі қызының қазақ жігітімен қашып кеткенін кешіре алмай, соғыс ашуға келеді. Екі ел арасы бүлінетін болғандықтан, Нюра өз еркімен келгендігін айтып, мәнжайды өрең түсіндіріп, бір-біріне мылтық кезенген адамдарды өрең тоқтатады.

– Бізге көрші Сарқыт деген кемпір болды, төбені қойып, маңдайдан, мұрынның ұшынан қан ала беретін, жарықтық жақсы адам еді, жатқан жерің жаннат болсын (Нұркес бетін сипады). Сол кісі айтатын, бұл қан алудың ең қызындығы – емші кісінің қандауырды тамырға көлденең салмай, жарып салуында деп. Ол кемпір бұл дүниеден аттанған соң, басының қаны тасыған талай

адам аттанып кетті соңынан... Иә, ол кісі бетімдегі жараны да жазып еді, сондықтан да есімнен, бес уақ намазымнан қалдырмай, атап отыратынмын. Алғашында маған бала тоқтамады, не түсік тастаймын, не болмаса қырқынан шыққан соң, қызылша шығып өліп қалады, не керек, бұл қорлықтан өз анам қайтыс болған соңғана, көзім ашылды... қатал кісі еді-ау, жарықтық. Қатал еді... оның да топырағы торқа болсын, файбаттаң қайтейін аруақты, емшек сүтін емізген шешем ғой... Менің шешем келбетті кісі еді, амал не, мінез-құлқы қатты болатын. Байлар тәркіге ұшырап, жер аударыла бастағанда, барлық бұғыларды сатыдан шығарып, өз үйін өзі өртеп, аргы бетке қашты. Пахомов дегендін партизан отрядымен болған арадағы атыста ағайым Александр оққа ұшады, қызылдардың қолына түспеуге бекінген анам улы шөп қайнатып ішіп өлген екен. Сөйтіп, бергі бетте бір өулеттен жалғыз қалдым, ал ауылдың аты Фадиха атанип кетті» – дейді. Айна «Қатын суы» аталуы тарихын білгісі келгенімен, өзен тарихын Ерік те, Нұркे кемпір де білмейді: «Бәлкім, мен секілді жалғыздықтан жаны жанған әйел, өрт болып лаулаган жалынын басар шипа іздел, суға секіріп, ағып өлген шығар...».

Жалғыз тірі қалған баласы Ерік өсе келе жұртқа жұғымы жоқ, даланың тағысы секілді тәкаппарлау болып кеткенін тілге тиек ете келе: «Саған да обал, келін шырақ, ішім сезеді, құсалық бар, қайтейін, Алтайдың аңғарына қамап үстайтын аң емессің...» – деп қамығады.

Сюжет байланысы осылайша келіні мен енесі арасында толассыз өрістеп отыратын әңгіме арқылы алмағайып кезең шындығы ашылады, яғни уақыт пен кеңістік бірлігі айқын көрінеді.

1917 жылғы ақтар мен қызылдардың соғысы, 1921 жылдардан басталған ашаршылық, 1937 жылғы репрессия, 1941–1945 жылдардағы орыс-герман соғысы – осының барлығының бел ортасында болған Қандауыр мен Нюраның көрмеген азабы жоқ. Айнаға кержақтардың кім екенін баяндап береді: «Кержақ-орыстар – орыстың ішіндегі төменгі жақтан ауып келген аса діншілі. Естуімше, патша ағзамының өзі ішкери жаққа жер аударыпты, неге екенін білмеймін, «кержақтар» атанғанбыз».

«Үйінен су бермейді екен, ал алда-жалда су сұрап іше қалсаң, сол ыдысты қайтып пайдаланбайды екен, бөтен біреу ұстаган есіктің тұтқасын ыстық сумен жуады екен» деуші еді, рас па? – деп сұрады енесінің әңгімесін үйіп тыңдаған Айна.

– Баяғыда одан да сорақы әдеттері бар еді, қазір оның жүрнағы да қалмай, жергілікті елмен сіңісіп кетті ғой...

З-бөлімде автор жолаушыларға қайта оралады. «Мың жолдыны бір сорлы байлайды» дегендей, ілбіп әрең келе жатқан Тағанның жағдайына байланысты жолдағы Захар деген омарташының үйіне екеуі түнеп шығады. Бұл үйден қолдан аштылған сыра ішіп, дәмді тағам жеп әлденіп алған Таған «Неге біз осы...» деп басталатын лекциясын оқуға қайта кіріседі.

«Егер әлем саясаткерлері мен тарихшылары Тағанға ізгілік, ақықат, болашақ туралы болжамдар мен өмірлік проблемалардан емтихан тапсырса, ешқайсысы да зачет ала алмас еді. Ондай атты күн қа-й-да-а... НЕГЕ БІЗ ОСЫ...

Шай ішкен соң, жолға шықты: Ерік – атта. Таған – жаяу.

Тағандар Захар мен Марфаның үйіне келгенде, алдарынан үріп шыққан еңгезердей екі ит қаппаған. Бұл романда: «Жылқышы аулына таянғанда да бұларға қарай зулаған үш ит саңқылдай үріп, жандарына келді, бірі ат үстіндегі Ерікті аударып тастандардай қатты өршеленди, ал қалған екеуі Тағанды иіскелей

еріп келеді. «Ит қаппайтын кісі болады деген, тегі, рас екен» деп ойлаған Ерік құлақ етін жеп, алды-артын ораған аламойнаққа қамшы сілтеп еді, ит одан ары жінікті. Осы кезде жаяу салпақтаған Таған: «Қой енді!» – деп еді, жағы семді. Енді ол үш иттің қоршауында ежелгі таныстарында тайрандай басып келе жатты. Үйлерінен өре шығып, осы көріністі бақылап тұрган жұрт қайран қалып еді. Әсіресе, балалар мәз», – деп суреттеледі.

Осы көрініс арқылы автор он жыл бойы ішімдікке салынып, жұдеп-жадап, қаң-тыйбасқа айналған Тағанның соншама жаман адам емес екенін аңғартады. Ал жол бойында есі кірген кезде «Неге біз осы...» деп бастайтын қофамдық-әлеуметтік өмір туралы лекциялары арқылы білімді адам болғандығын танимыз. Негізі Таған әуелі әлеуметтік экономика саласы бойынша диссертация жазып, қорғай алмайды. Екінші рет «Алтайды мекендерген ұлттардың тарихы» деген диссертациясына «ұлтшылдықпен уланған» деген айып тағызып, қудалауға түседі. Кейінгі әйелі де бір баласын алышп, бұған қарамай, кетіп қалады. Содан кейінгі өмірі «бомждыққа» айналған.

4-бөлімде автор будан аралар туралы баяндайды. 1956 жылы генетик-селекционер У.Керр африкалық бал арасын Еуропага алышп келеді де, жергілікті тұқыммен будандастырады. Буданнан пайда болған африкаландырылған араның сыртқы пішінінде пәлендей айырмашылық болмағанымен, еңбекқор және қауіп төнсе, тобымен шабуыл жасайтын өте агрессивті болып қалыптасқан. «Жауыз ара» атануы да содан. Айтальық, осы Африка мен Еуропа араларын будандастырудан пайда болған буданың шағуынан 1969 жылы Бразилияда 200 адам өліп, мындаған адам жарақат алған. Кісілер үшін жергілікті, яғни өз арамыздан гөрі будандастырылғандардың уы өлдекайда қауіпті. Осы тұрғыдан будан араның тарихын түсіндірген жазушы Еріктің де араның бұл елде жоқ түрін алғаш рет вертолетші жігіттен естіп, «Наука и жизнь» журналынан «Қауіпті гибрид» деген мақаланы оқып, осы арага аңсары аугандықтан, Проктор Александровичтің шетелге үшатын самолетте істейтін өріптестері арқылы жең үшінан жалғасып, «жауыз араны» алдыртады. Күйеуі шетел арасына Айнаны жолатпайтындықтан, ол бұдан хабарсыз. Тек жаңа тұқымды «импорт» араның ұсыны ғана біледі. Осы бір жайды енесіне айтқанда, Нұркө кемпір: «Жатжұрттық ешқашан да жарытқан да, жерсінген де емес, бұгін балын берсе, ертең уын ұсынады, тұбі тыныш болғай», – деп, ауыр күрсініп еди.

Тағандар тақағанда «Үй-бай-ау, ұстайық» деп Ақмойнаққа оқталған Айнаға Ерік:

– Ой, ол сүмелекті ит қаппайды екен, – дейді.

– Таған Мақажанов деген бірге оқыған досым, тәте, – деп таныстырылғанда шешесі басын оқыс көтеріп алыш:

– Тәңірім-ау, не айтып отырсың... Өзіміздің Мақаңның – алты алашты аузына қаратқан Мақажан ақынның немересі ме? Біздің Қекен жарықтықтың ұлы ма? Ол қайдан жүр бұл ит өлген жерде? – дегендеге Ерік:

– От оттап, су ішіп отырған жеріңізге «ит өлген» деп тіл тигізбеніз, тәте, – дейді.

Кемпірдің сөзі және келініне аяушылықпен қарайтыны арқылы «Көптен кеткен көмусіз қалар» деген эпиграфтың тегін алынбағанын аңғаруға болады.

CD 01

Мәтінді тыңдал, «Жақсы кесіпкер болу үшін ара сияқты еңбекқор болу көрек» тақырыбына пікірталас үйымдастырындар.

Нюра монологі арқылы Тағанның шешесі Аналық екеуі апалы-сіңлілердей болып, ең бір ауыр да азапты жылдарды бірге өткізгендігі, Қандауырдың да Тағанның әкесі Қекенмен құйрық-жалы жарасқан қос торыдай үзенгілес дос болғандығы еске алынады. 1937 жылы бай-шонжарлардың түқымы болғандықтан, Қандауырмен бірге Нюраға да қауіп төнеді. НКВД-нің (ішкі істер халық комиссариаты) шолақ қол бастығы қыр соңдарына түседі.

Қекен мен Аналық екеуі Нюраны ешкім бармайтын ескі моншаға жасырып, аман сақтап қалады. Осы кездегі Нюраның тартқан азабы жан төзгісіз. Шолақ қол Нюраны моншаға дейін іздең барады. Үңгір-монша туралы аңыздан сескеніп тұрғанда өзімен бірге еріп барған адамды байқамай, атып алады. Содан Шолақ қолдың өзіне айып тағылып, сottалып кеткеннен кейін ғана тығылған жерінен шыққан Нюраның 4 жастағы қызына сұық тиіп, қайтыс болып кетеді. «Халық жауының» отбасы болғандықтан, жұмыс берілмейді. Тек Тағанның әке-шешесінің қамқорлығы арқасында өзі тірі қалады. Ал 1937 жылы сottалып кеткен Қандауыр төрт-бес жылдан соң ғана оралғанын жазушы былай пайымдайды: «Соғыс басталғанына екінші жыл толғанда, ойда жоқта Қандауыр оралды. Өлгені тіріліп, өшкені жана қуанған Нюраның ерімен екеуі арасындағы қызық тым келте кесілген. Он күнге ғана сұранып келген Қандауыр бір аптадай еру болды да, айыпкер батальонның сапында, алғы шепке аттанып кете барған... Содан қайтып оралған жоқ... Сталинград түбінде ерлікпен қаза тауыпты. Ал Қекен бір аяқтан айырылып оралды, бірақ елуінші жылдан асып жасай алмады. Аналық алпысыншы жылдан аттап өте алмады», – деп бастан өткен қыын күндерді баяндап берген Нұркө кемпір енді Тағанға ерекше назар аударады. «Қыстап шыққың келсе, менің айтқаным көніп, айдағаным жүресің» деп, әртүрлі шептерді қайнаттырып, оны емдей бастайды. Қөп қыындықпен, Нұркө кемпірдің арқасында Тағанның беті бері қарай бастайды. Ол енді «Маралқөл жақта әр таудың басын көксеп, маңып жүрген кісікік Шал бар» дегенді бұрыннан білетін, сонымен жолыққысы келіп, тау ішін аралай бастайды. Ақыры Шалмен ойда-жоқта жолығып, оның тұратын екі бөлмелі кең үңгірінде қонақ болады. Шалдың қемпірі ертеректе қайтыс болып кеткен, өз кіндігінен бала жоқ. Қозы, Баян деген ұл мен қызды асырап алған. Шал Тағанның атақты ақын Мақажанның немересі екенін білгеннен кейін арнайы қой сойып, күтеді.

Ал бұл кезде Ерік өзімен-өзі өүре, араларға қарайды, аңға шығады, Қатын өзенінің арғы бетінде үнемі келіп тұратын бір қызыға түрін көрмесе де ғашық. Өйткені өзенниң ағысы қатты, көпір жоқ, күркіреп ағатындықтан, сөз естілмейді. Сонда да сырттай соны көргеніне мәз болып жүреді. Айнаға адам екен-аудеп, көңіл аудармайды.

Бірде Айна үй сыртында екі баласымен өліп жатқан адамды көріп шыңғырып, сол жерде талып қалады. Сейтсе, бұл терісі сыпсырылған баяғыда өзіне тиіспеген, екі қонжығы бар аю екен. Мұның бәріне жайбарақат қараған Ерік аю терілерін Прохор досына беріп жібереді.

Автор ой үстінде жүретін Тағанға өз-өзіне «Неге біз осы» деген сұрақты қойғызу арқылы дүние қыр-сырына шолу жасайды.

Сюжеттің шарықтау шегі – тордан шыққан будан аралардың есік алдында отырған Нұркө кемпірді шағуы. Ол өлер шағында бой жасап, сөйлей бастайды. «Асықпай дәреттеніп, ақтық дәм – атау-кере сұын ішіп болған соң, Алла тағалаға мінажат білдіріп, рахымына көнетінін, төтеден жіберген дертіне мың да бір алғысын айтып, ұзақ күбірледі. Бұдан соң «бисмилла рахман рахим» деп,

екі қолын кеудесіне қойып, шалқалай жатып көзін жұмды... Енесінен көз алмай отырған Айна бір уақта... жаңа ғана қыбырызы жатқан: бұл түсінбейтін орында әлденені айтып құбірлеп, бұл түсінетін «о, господи, прости своего грешного...» деген сыйылды сөздерді араластыра сейлеп, шоқына бастағанын көргенде... иә-иә, көргенде... екі көзі шарасынан шыға шошынғаны соншама, «апатайым-ау, мұның не?!» деп, айқайлап барып құлады. Талып қалды. Бұл – Айнаның өз өмірінде екінші рет онбай қорыққаны, талғаны еді... Нұрке кемпір қанша діндар болса да, не мұсылманша, не христианша жерленбей, өз иманын өзі айтып, өз жаназасын өзі шығарып», өзі ансаған тұған жері Фадихадан топырақ бұйырмай, Қатын өзенінің жағалауына жерленеді. Себебі күн ыстық, жол ұзак.

Ерік өзінің баласы жоқ екенін өмірінде бір-ақ рет есіне алады. Бар ақылы ақша жасауға жұмысалғандықтан, оның сезімі қатыгезденіп кеткен. Ал Айнаға ендігі өмірдің мәні жоқ көрінеді. Қатын өзеніне секіріп кеткен жерінен оны Таған құтқарып алады. Сол бетінде Шалдың үйіне қарай алғып кетеді. Ал Шалды Ерік жеккөреді, ата жауы санайды. Сондықтан екеуін іздемейді де. «Жетісерсіңдер, жетісерсіңдер! – деп, жын ұрғандай, тауды басына көшіре сақылдаپ құліп: «Прохор келсін, вертолетпен Бекзатты алдырамын. Маған бәрібір, қатын болса – болды», – дейді. Ертеңінде өлемді аппақ кебінге орап, қар жауады. Биылғы жылдың алғашқы сонары... Еріктің ойы – аңға шығу.

Роман сюжеті былай аяқталады: «Келер жылдың көктемі шығып, жабагыланған сіреу қар еріп, таусылып, арқырап өзен тасып, ағаш бүрлеп, ғул бас жарғанда, Ерік жылдағы әдетінше Қатын суын құлдаپ, тарихи мекеніне барған. Арғы беттегі шынарға жанарынан су аққанша қарады. Өне, көрінді! Сол! Өзі! Ақбоз ат мінген сұлу! Омарташының ғашығы! Аттан түсіп жетелеген күйі, өзен жағасына келді – тым жақыннан көрінді. Қолын бұлғады. Ерікте ес қалмады. Суға түсердей болып, жағалауға мінбелей ынтыққан. «А, Құдай, араға айналсам екен, ара болып, арғы бетке үшсам екен» деп, тізерлей отырып, қолын аспанға соза, бар болмысымен тіледі-ай, тұңғыш рет зар еңіреп жылады-ай... Құдайдың құдіретімен омарташы араға айналды... бірақ бал арасына емес, малға тыныштық бермейтін көкбас сонаға айналды. Айналуы сол екен, арғы жиектегі Қызыға зымырай үшқан. Үшқан қалпы ғашығына жетіп, иығына қонды. Не болғанын білмей, сасып қалған Қызың қолындағы екі бүктелген қамшымен сескене салып қалғанда, енді ғана арманына жеткен «Ерік-Сона» қанатын серпуге шамасы жетпей, тыrapай асып домалап түскен... мәңгілікке... Қатын суының айлағындағы керемет үй, көл-көсір байлық, қора толған мал, бал аралары иен қалды. Қалса – қалсын... көп ұзамай Қатынға тоган орнатылып, су көтерілгенде, бәрібір шіріп астында қалады... Су астында Нюра Фадеевнаның жетімсіреген зираты да қалады... «НЕГЕ БІЗ ОСЫ...».

Неге Ерік сонаға айналды? Автор мұны дүниекоңыз адам тек сонаға ғана айнала алады деген ирониямен беріп отыр. Өйткені ендігі оның өмірінде мән жоқ. Қайтадан тіршілік бастай алмайды. Ал Таған мен Айнаның жан дүниесінде үқастық, қайырымдылық болғандықтан, екеуі үйленіп, өз әлдерінше тіршілік ететін болады деген ой тастайды.

Романнаның екінші атаву «Қауіпті будан» болуы тегін емес, өйткені шексіз дүниекоңыздыққа бой алдырған Ерік шетелдік араның қауіпті екенін біле тұра алдыртып, ақырында шешесінің беймезгіл өліміне себепші болады. Сонымен бірге Нюраның әке-шешесінің келісімін алмай, тұрмысқа шығуы, оған шешесінің лағынет айтуы, қарғыс дүға жасауы – осылардың бәрі жинақтала

келе романның «Атау-кере» деп аталуына себеп болған. Осы орайда орыс жазушысы Владимир Личутиннің «Бекеевтік прозаның әуені мұңлытау әрі мұнтаzdай болып келеді. Сондықтан өсері күшті: Жалғыз басты адам. Жалғыз киіз үй. Оқшау жаратылысты, оның үстіндегі күн және иесіне адал аттың жалғызысырай тықыршуы» деген сөзі есімізге түседі.



Зерделі ой

Оралхан Бекей – ой айтуға бейім жазушы. Жазушы көксеген жан тазалығын, ар тазалығын, мәндай термен нан табудың мекнат-рақатын, үлттық мұдделер, үлттық рух идеалын оның әрқиыл тағдыр, әр қалыпты ғұмыр кешіп жатқан кейіпкерлері өмірлік мұрат еткен.

«Атау-көредегі» Нюра кемпірдің жалғыздық күйі – қарт адамның өмір көшінің соңындағы тына бастаған қалпымен де, баласы Еріктің қалауымен болған ортадан жырақтау жағдайымен де, тіпті қала берді, қашама жерден қазақтың отанасы болғанымен де, діл, орта, арғы негіздер тұрғысынан да қылаң беруі тиіс жалғыздығы.

Гүлжан Ұбырайқызы



Пікірлесейік

1. Шығарманың идеясы қандай? Романда өмір шындығы қалай көрінеді?
2. Шығармадағы кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынас қалай өрбиді?
3. Жазушы антогонистік қайшылықтар арқылы нені көрсетпек болған? Өз пікіріңмен бөліс.



Себебін анықта

1. Не себепті шығарма «Атау-кере» деп аталған? Бұл сөз күнделікті өмірде неге жиі қолданылмайды?
2. Неліктен Нұрке кемпірдің ақырғы аманаты орындалмады?



Тобында талдап көр

1. «Шеринг» әдісі арқылы шеңбер бойымен отырып, жүргізуші бастап, кезекпен романдағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын талдаңдар.
2. Қаламгер Талаптан Ахметжанның: «Оралхан Бекей – ақын. Әр әңгімесі, әр повесі ақындық жүрекпен өмір тылсымын терең түйсініп, сол жұмбақтан өзіндік тың пәлсапа түйе отырып жазылған. Оралхан Бекей – суреткер. Табиғат пен адам жанын ақындық қөзбен жіті тінтіп, екінің бірі байқай бермейтін тылсым құпияларды өрнектейді. Және де сол суреттері өзі көргендегідей тылсым күйінде, жұмбақ қалпында тұнғиғына сыр бүгіп тұрады», – деген сөзін талқылаңдар. Романнан осы пікірдің дәлелін көре аламыз ба? Шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазыңдар.
3. «Ашық микрофон» әдісі бойынша жазушының статусы әртүрлі адамдардың әлеуметтік-психологиялық бейнесін беру тәсілін және олардың мінезін суреттеудегі шеберлігін дәлелдендер.

4. «Джигсо» тәсілімен топқа бөлініп, дәйексөздерді қолдана отырып, кейіпкерлерді талдаңдар. Әр топтағы 1-оқушының тапсырмасы: Еріктің сипаты. Қаламгердің адамдар өмірін аралар дүниесіне үқсатуы. Әр топтағы 2-оқушының тапсырмасы: Шалдың образы. Шығармадағы Тағанның табиғат туралы ойлары. Тағанның монологі. Әр топтағы 3-оқушының тапсырмасы: Шығармадағы Ерік бейнесі. Будан тұқым. Әр топтағы 4-оқушының тапсырмасы: Шығармадағы Айнаның бейнесі. Нюра Фадеевна. Әр топтағы 5-оқушының тапсырмасы: Романдағы мифтік бейнелер. Романдағы кейіпкерлердің сөздерінен мысалдар келтіріл, автордың оларды берудегі мақсатына талдау жасау арқылы олардың көркем бейнесін ашып, кейіпкерлер жүйесін жинақтап, тұра жөне жанама мінездеулерді жіктең жазыңдар.

Кейіпкер	Тура мінездеу	Жанама мінездеу



Дәптеріңе жаз

- Шығарманың идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын көрсетіп, мысал келтір.
- Романдағы ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстірмен байланыстырып жаз.



Түйінде

- «Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы Тағанның «Неге біз осы» деген сұрағын қазіргі өмір түрғысынан қоя отырып, сөйлемдерді жалғастырып, тұжырымды ойынды білдір.
- Шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық түрғысынан талдап, әдеби ессе жазып, ойынды түйінде.



Қалай ойлайсың?

Сюжеттің шарықтау шегі – тордан шыққан будан аралардың есік алдында отырған Нұрке кемпірді шағуы. Жазушы символикалық түрде нені ишаралап отыр?



Үйде орында

- Шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындалап, рецензия жазып, әлеуметтік желіде жарияла.
- Қазақ әдебиетінде осы романмен идеялық жағынан мазмұндас туындылар бар ма? Болса, оны қалай дәлелдейсің?
- <https://elarna.kz/kz/ojylymdar/item/> atau-kere сайтынан «Атау-кере» спектаклін көріп, романның жанрлық ерекшелігін драмамен салыстыра отырып талдап, кейіпкерлер бейнесінің ашылуына баға бер. Режиссер шешімімен келісесің бе? Пікірінді дәлелде.



4. Романда қандай мәселелер көтерілген? Осыған байланысты шығармадан үзінділерді алып, сынни пікір жаз.
5. CD-дегі №1 қосымшаны үлгі ретінде пайдаланып, презентация жаса.



Білгенге маржан

«Лениншіл жасқа» қызметке жаңадан келген Оралханды Мойынқұмға командировкаға жібердім. Газет жұмысы – бір жағынан жазушының досы. Ел көресің, жер көресің, сан түрлі адамдармен кездесесің. Шығармаға жем табылады. Газет – бір жағынан жазушының жауы. Ойында жүрген, көкірегінді кернеген дүниені алаңсыз отырып жаза алмайсың. Ұдайы оттың ішінде жүресін. Түнде де тыным жоқ. Газет кеш шығады. «Халықта бір тыны пайдасы жоқ, қунде бас қосқан жыны болады». Өлтіріл, сондағы баяндама, бастықтардың көпірме сөздері таңертең газеттің бетінде болуы керек. Әйтпесе басың кетеді. Сейтіп жүріп мен бастап қойған повесімді аяқтай алмадым. Ал Оралхан сол сапардан біраз жыл кейін «Құм мінезі» деген повесть жазды. Міне, жазу! Жазсаң – осылай жаз. Әйтпесе, кінесі жоқ ақ қағазды шимайлап, былғама. Он құндік сапарда бұрын өзі көріп-білмеген жердің тамырын басып танып, сол құмдағы адамдардың мінез-құлқын, психологиясын, тұрмысын, жүріс-тұрысын, ең бастысы, жанын ұғып-білу жаратылыстан дарын иесіне ғана дарыған. Әйтпесе, сол құмда мен де талай рет болдым фой. Иә, кәдімгі бұйыры бұғып жатқан бұйра құм. Сексеуіл, шебі, қояны, қырғауылы. Шопан үйі, қойы, иті т.б. Ал Оралханның көзімен қарағанда, мен бұл құмды өлкені тұнғыш рет көргендеймін. Құмға жан біткен. Құм мінез біткен. Құм момақан еken. Құм дүлей еken. Құм әнші еken. Құм күйіші еken. Құмда да қуаныш, құмда да мұн болады еken. Әдебиет пен әуен – егіз. Әуені жоқ, жүргегінде жыры, музыкасы жоқ әдебиет көркем әдебиет емес. Әттен, мен қалай байқамағанмын? Ауданнан, совхоз орталығынан ілесе келген үлкен-кіші бастықтармен ет жеп, шай ішіп, қырғауыл атып жүріп, қалай байқамағанмын? Сөйтсем, құмның іші жақсылыққа да, жамандыққа да, адалдыққа да, арамдыққа да толы еken.

Шерхан Мұртаза

Эдебиет теориясы

Хронотоп – мекеншаш (Б.Майтапов) – уақыт пен кеңістік белгілерінің нақтылы бір бүтіннің табиғатына лайық бірлікте көрінуі. Мұнда уақыт қоюланып тығыздалады, сыйылысады. Сөйтіп көркемдігімен көзге түсетіндей дәрежеге жетеді, ал кеңістік болса, шоғырланады, тарихтың, сюжеттің, уақыттың қозғалысына бағындырылады. Уақыт таңбасы кеңістікте белгіленіп көрінеді. Ал кеңістік уақыт арқылы танылып, өлшенеді. Көркем хронотоп қатпарлардың осылай қысып, белгілердің осылай қосылып, тұтастануымен сипатталады (М.Бахтин). О.Бекей шығармаларында уақыт пен кеңістік композициясы үлкен орын алады. Қаламгер оқиғалардың мезгілін нақты сипаттайды. Оның шығармаларындағы кеңістік пен уақыт ондағы оқиға, іс-әрекеттерге қатысты өзгеріп отырады.

Қолданып көр

Романдағы тоталитарлық дәуірдің сипатын анықтап, қазіргі заман көрінісімен салыстырып бағала. Орыс жазушысы М.Тарковскийдің «Енисей, отпусти!» деген шығармасын оқып, романмен салыстырып, пікір жаз. Екі шығармадан хронотопқа мысалдар келтір.

Эксперименттік тапсырма

1. Қосымша дереккөздерден омарта шаруашылығы туралы оқып, жаңа технологияны қолданып, жаңа өнім алу туралы ғылыми-фантастикалық әңгіме жаз.
2. «Талқылау бұрышы» әдісімен CD дискінің № 3 қосымшасында берілген суреттерді биологиялық ғылым тұрғысынан түсіндіріп бер.
3. Сыныптастарыңың арасында «Оралхан оқуларын» ұйымдастырындар.

Міне, қызық!

Оралхан Бекей жастайынан үйлеріне келген қонақтардың әнгімесіне ылғи құлақ түріп, көкірегіне түйе берген екен. «Ел іші – өнер кеніші» екенін ылғи жадында ұстаған қаламгер кейін өзі атақты жазушы атанып, кітаптары бірінен соң бірі шығып жатқан кезде де осы әдетінен жаңылмапты. Тіпті қарындасты Фалиядан үйге келген қариялардың аузынан шыққан мақал-мәтелдерді жазып отыруды өтінген екен.

Кітап – асыл қазына

Шығармалары. Роман, повестер. / Оралхан Бекей. – Алматы: Ел-шежіре, 2013.

Әр ақын – өз алдына бір әлем. Оны әркім өзіне әр қилы жағдайда ашуы мүмкін. Кейбірімен көзінді тырнап ашқандай сырлас болсаң, кейбірін оң мен солынды танып, осы қалай екен деген ой жетелеген уақытта барып қана қолға аласың.

Жарасқан Әбдірашев

ЖАРАСҚАН ӘБДІРАШЕВ



Жарасқан Әбдірашев
(1948–2001)

Ақын қай өңірде туып-өскен?

Жарасқан Әбдірашев 1948 жылы Қызылорда облысы Арас ауданының Ақшатау ауылында дүниеге келген. Жарасқанның әкесі колхоз басқармасының төрағасы болғандықтан, үйлеріне жиі-жіі келетін қонақтардың арасында өлеңжырдың тиегін ағытатын өнерлілері де болған. Қішкентай Жарасқан солардың бәрін көкіргінде түйіп өскендіктен, бала кезінен қаламын ұштай бастайды: аудандық, облыстық газеттерде өлеңдері, мақалалары, әңгімелері жарияланады.

Жарасқан Әбдірашев қай жерде білім алған?

Ақын 1954–1960 жылдары Ақшатау білімшесіндегі бастауыш, Арас қаласындағы орта мектепте оқыған. 1963 жылы Жақсықылыш жұмысшылар кентіндегі орта мектептің тоғызыншы сыныбын тамамдап, Қазалы ауылшаруашылық техникумының механика факультетіне қабылданды. 1965–1969 жылдары қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетіне түсіп, одан соң осы оқу орнының аспирантурасында сырттай оқыды.

Ақын қандай қызметтерді атқарған?

Жарасқан Әбдірашев еңбек жолын 1969 жылы сол кездегі беделді басылымның бірі – «Ленинпіл жас» газетінің әдебиет пен өнер бөлімінен бастайды. 1969–1970 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің сын бөлімін, 1970–1974 жылдары



Зерделі ой

Әдебиетке, оның ішінде поэзияға келген топтың, шоғырдың ең бір жарығы, ең бір сөүлеңісі, ең бір жұлдыздысы – Әбдіраштың Жарасқаны. Ол – алғашқы өлеңдерінен бастап-ақ, өзінің ақын екенін, ақын болғанда да, жақсы ақын екенін танытқан жігіт. Жалпы білімі, ақындық күш-куаты бір елдің поэзиясының ту ұстаушысы болатындей мүмкіндігі әбден бар жігіт.

Тұманбай Молдағалиев

«Жалын» альманахының сын және поэзия бөлімін басқарған. 1974–1985 жылдары «Жүлдүз» журналының сын және библиография бөлімінің менгерушісі, 1989–1992 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы жаңындағы Көркем аударма және өлемдік әдебиеттер байланысы бас редакциясы Төрағасының орынбасары, 1992–1997 жылдары «Тамаша» сатиралық телехабарының Бас редакторы қызметтерін атқарған. Одан кейінгі өмірін шығармашылық демалысқа арнайды.

Жарасқан Әбдірашев қаламынан қандай шығармалар туындағы?

Жарасқан – шығармашылығы сан қырлы (лирик, сатирик, сыншы, аудармашы) ақын. Ол қазақ әдебиетіндегі өзіл-оспақ, эпиграмма, сондай-ақ әпітрафия (грек. *epitaphios* – қабір үстіндегі) жанрын жаңа деңгейге шығарды. Ақын өлеңдерінің тақырыбы – рухани құндылық, туған жер, адамгершілік, еліміздің тарихы. Ж.Әбдірашевтің «Жаңа жылға – жаңа жыр», «Отан», «Кірмеші жиі түсіме», «Мәңгі көктем» және т.б. өлеңдеріне өндер жазылды.

Ақынның «Тұңғыш кітап» деп аталатын тырнақалды кітабы 1969 жылы жарық көрді. Бұдан соң «Ақ қайран» (1970 ж.), «Найзағайлы жаз» (1971 ж.), «Саяхат» (1972 ж.), «Парасат пен парыз» (1973 ж.), «Дала, сенің ұлыңымын» (1975 ж.), «Соғыстан соң туғандар» (1977 ж.), «Перзент парызы» (1980 ж.), «Сана соқпағы» (1988 ж.), «Әзілің жарасса» (1989 ж.), З томдық таңдамалы жырлар жинағы: «Сана соқпағы», «Көңіл көкпары», «Шежірелі шаңырақ» (1998 ж.) шықты. Ал әпітрафия жанрында жазылған «Құлпытас» жинағы ақын қайтыс болған соң, 2 айдан кейінған жарық көрген.

Ақын аударма саласына да еңбек сіңіріп, орыс жазушысы М.Зощенконың, үнді ақыны Р.Тагордың (1969 ж.), француз ақыны П.Элюардың (1972 ж.), беларусь ақыны Я.Купаланың (1982 ж.) таңдамалы өлеңдер жинағын, балалар ақындары К.Чуковскийдің «Дәрігер Айболит», А.Бартоның «Ойыншықтар», «Өсіп келем» сияқты туындыларын, сондай-ақ А.С.Пушкиннің, А.Блоктың, Г.Гейненің таңдамалы өлең кітаптарын, Б.Окуджаваның, Е.Евтушенконың, Р.Рождественскийдің және басқалардың шығармаларын төржімелеген. Ақынның өз шығармалары да орыс, неміс, венгр, украин, өзбек, тәжік, өзірбайжан, түркмен, қырғыз, саха тілдеріне аударылған.

Ж.Әбдірашев М.Жұмабаев атындағы әдеби сыйлыштың иегері, Қарабура атындағы мұшәйраның бас жүлдегері болды.

Ж.Әбдірашевтің қазақ әдебиетіне сіңірген зор еңбегі ескеріліп, ақынның Алматыдағы соңғы жылдары тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылды. 2001 жылдан бері Алматы қаласында Ж.Әбдірашев көшесі бар. Туған жері Арап қаласында да көше мен мектепке Ж.Әбдірашевтің есімі берілген.

Зерделі ой

...Жарасқан туған жердің мұнын жырлап шарқ ұrap шабытты сәттері әлі талай толқын-жыр боп туарын сезгендей-ақ екен. Оған уақыт күегер болды – «Дала, сенің ұлыңымын» кітабы шығармашылық таңы, туған жеріне тілекtes бір тамшы қаны (жаны дегенім) болды. Туған жерге деген өжеттігі сондай, оқтын-оқтын оралып отырады. Оралған сайын өркенді ойлары желкенді жырларға айналып, толқыннан соңғы толқындағы бірінен бірі асып түсіп жатар еді.

Жақау Дәуренбек



Пікірлесейік

- Ж.Әбдірашевтің қандай шығармаларын оқыдың?
- Автор шығармалары қандай жанрларда жазылған? Соның ішінде өзіңе қай жанр жақын? Неліктен? Өз пікірінді білдір.



Себебін анықта

Не себепті ақынның шығармадағы авторлық идеясы өмір шындығымен байланысты дейміз?



Тобыңда талдап көр

- Ж.Әбдірашев қандай ақын? Ойыңды кестедегі көрсеткіштер арқылы талдап, авторға хат жаз.

Білім	Тақырып бойынша алған ақпараттарым
Әмоция	Менің көңіл күйім
Баға	Автордың шығармашылығына берген бағам
Сын	Автор шығармаларының мен ушін маңызы
Идея	Оқырман ретінде автор шығармаларын насихаттауға ұсынатын идеям

- «Дербес пікір» әдісін пайдалана отырып, ақын өлеңдерінің ерекшеліктерін талдап, ойларыңды ортаға салыңдар.

Әрекет	Ойды жеткізу
Өзіндік пікір	
Дәлел	
Өз пікірін айғақтайтын мысал	
Өз пікіріне қарсы дәлел	
Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал	
Қорытынды	

- Ж.Әбдірашевтің адамзатқа тән мәселелерді ұлттық мұдде түрғысынан ашу шеберлігін талдандар.



Дәптеріңе жаз

Ақынның өмірі мен шығармашылығын қамтып, тірек сыйза құрастыр.



Түйінде

Ж.Әбдірашевтің ақындық дәстүріне әсер еткен факторларды анықтап, пікірінді 6 сөйлеммен дәлелдей, ойыңды түйіндең жаз.

Қалай ойлайсың?

Автор шығармаларында ғаламдық мәселелерді қозғайтын тақырыптар бар ма? Ойынды мысалдармен дөлелде.

Үйде орында

Ақын туралы ақпаратты ассоциативті жағынан байланыстыр немесе ұсынылатын деректерді графикалық нысандар, көрнекі көрсетілім арқылы тақырыпты ойластырып, инфографика ретінде ұсын.

Білгенге маржан

«Құлпытас» өлеңдер жинағы үлттық поэзияға үлкен жаңалық болып қосылды. Ондағы әпітафиялық өлеңдер Жарасқан қаламына тән рух асқақтығын барынша айқын танытты. Қайсарлық пен табандылық, тәқаппарлық пен ірілік, асқақ пафос, шешендік толғаныс – осының бәрі бірігіп келіп ақынның романтикасын нақтылай түсті.

Әпітафия (грек. *epitaphios* – қабір үстіндегі) – құлпытасқа жазылған жазу және дүниеден өткен адамға шығарылған жоқтау. Ол көбіне көлемі шағын өлең түрінде жазылады. Ортағасыр, еркендеу, классицизм дәүірлерінде өлген адамның атақданқын білдіру үшін қолданылып, кейін ескерткіштік мәнге ие болған. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі жазулар әпітафиялық мәнге де ие. Қазақ әдебиетінде Абай, Жамбыл, Жұбан Молдағалиев, Жарасқан Әбдірашев т.б. әпітафия үлгілерін жасаған.

«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия

Міне, қызың!

Жарасқан Әбдірашевтің 21 жасында тұнғыш кітабы жарық көріп, КСРО Жазушылар одағына мүшелікке қабылданған.

Жарасқан Әбдірашевтің ұлы режиссер Рұстем Әбдірашевтің «Қаладан келген қыз» фильміне қаламгердің балалық, жастық шағы арқау болған екен.

Кітап – асыл қазына

Әбдіраш Жарасқан // Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005.

Зерделі ой

Әдебиетке алпысыншы жылдардың аяғында Арап теңізінің дауылды секілді бұрқыратып келген адамдардың бірі – Жарасқан. Ол бірден өз буынының көшбасшысына айналды. Ақындар бұлбұлы – Шемішбай Сариеv, Темірхан Медетбек сияқты поэзияның қазіргі заманғы ақынштарына айналған ақындар көшін Жарасқан бастаған еді. Сол мұзжарғыш мінез Жарасқанның бойында көз жүмғанша сақталған еді.

Ұлықбек Есдәулет

«Дала, сенің ұлыңмын» поэмасы



CD 02

Поэма үзіндісін тыңдал, көркемдік ерекшелігіне баға бер.

Өтіп бара жатқан уақыт керуені
Жарасқандай ерек таланттың
ұлттық руханиятыныңдағы
өзгеше орнын одан әрі
өркештендіре түсепі сөзсіз.

Әбіш Кекілбаев

«Дала, сенің ұлыңмын» – Жарасқан Әбдірашевтің 1975 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген жыр жинағының және поэмасының атауы. Поэма «Тұған дала... Сенсің биік тұғырым!.. Сенсің менің абыройым, мақтаным!..» деген асқақ пафоспен басталып, қазақ даласының поэтикалық портретін жасайды. Шығармадағы лирикалық қаһарман – автордың өзі.

«Дала» – поэтикалық образ әрі символдық бейне. Мұның астарында бүкіл қазақ даласы, осы кең байтақ өлкені сөзімен де, ісімен де сақтап қалған ата-бабаларымыздың қасиетті рухы деген үғым бар. «Дала» деген сөзге автор «Мен – қазақтың» деген ойды сыйғызып, ата-баба тарихынан сыр төккісі келген.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Ұлы дала» үғымы – баяғыдан бар үғым. «Дешті Қыпшақ» деген сөз – «қыпшақтың даласы» деген сөз. «Ұлы дала» үғымына Алтайдан Қара теңізге дейінгі дала кіретін болған. Оның негізгі аумағы – біздің қазақтың жері... Бізде де сондай үғыммен теңестіретін болсақ, бізге «Ұлы дала еліміз» деп айтқым келеді. «Ұлы дала» мен «Көк аспан» деп те айтуда болар еді. Кең дала – біздің жеріміз. Осы жерде біз тұрып жатырмыз, өсіп жатырмыз, еркендеп жатырмыз, үрпақ асырап жатырмыз. Осы жерде мемлекетімізді құрып, оның шаңырағын биік қылып, көк тудың астына жиналыш жатырмыз. Біздің байрағымыздың өзінде көк аспан, жарқыраған күн бейнеленген... Ол халықтың атау болуы керек», – деген болатын.



Тұған дала

Осыдан жарты ғасыр бұрын Жарасқан ақын «Мен ұлы да拉 перзентімін» деген сөзді былай сипаттаған:

Бірге жылап,
бірге құліп ұлы елмен,
кен төсінде мәңгі-бақи жүрер ме ем!
Ол да – жалғыз,
сен де – жалғыз,
бірақ та,
оны – сен деп,
сені – ол деп білем мен! –

деп, лирикалық кейіпкерді даламен егіз етіп бейнелейді.

Ақын поэмасы жазылған уақытқа назар аударсақ, Кеңес өкіметінің әлі іргесі сөгілмеген өз күшінде тұрған уақытымен түспа-түс келеді. Сондықтан «Болған жоқпын Амангелді сарбазы, болған жоқпын Ұлы Октябрь солдаты!..», «Тігер ме едім байрағыңды Берлинге – болған жоқпын қан майданда кешегі, болған жоқпын Қошқарбаевпен бірге!» деген поэма жолдарынан ақын өкінішін аңғарамыз. Бұл жерде ақын өкініші – мен де тарихта аты қалған қайраткерлердей халық қамы үшін еліме ерен пайдамды тигізер едім деген арман-тілек.

Кеңес заманында таптық үстанымға сүйенген зерттеушілер кеңістік пен уақытты тек тарихи уақыттың ішінде ғана қарастырып келді. Алайда қазір уақыт пен кеңістік мәселесі көркем шығармада да (хронотоп) зерттелуде.

Кеңес өкіметі тұсындағы саяси ахуалға байланысты Үш жүздің басын қосқан Абылай хан заманын, одан бергі кезеңдегі тәуелсіздік жолында «халық жауы» атанип, мезгілсіз мерт болған Алаш арыстарын жырға қоса алмаса да, ақын үні асқақ, ой тапқырлығы айқын:

Тұған дала,
менсіз талай қамалдар
алыныпты!..
Сенің арың –
маған да ар.
Кешір мені,
Кеш келіппін өмірге!
Кеш туыппын!
Кеш қалыппын!
Не амал бар? –

дейді. Дегенмен ол әл-Фараби сияқты ғылым-білім ізден қыырға кетпей-ақ, Махамбет, Амангелді сияқты қолына найза ұстап, жауға шаппай-ақ, Рақымжан Қошқарбаев сияқты Рейхстагқа ту тікпей-ақ, өзінің парасатты поэзиясымен-ақ еліне адал қызмет етеді. Сол себепті ақын:

Саған уақыт сөл қызындық жолдаса –
қағаберіс қалмаспын мен,
енді аса!..
Бірақ мені кешірме сен,
өмірде
өлең қылар өз ерлігім болмаса!.. –

дейді, яғни уақыт пен кеңістік белгілері тығыз бірлікте көрініс табады.

Жарасқан Әбдірашевтің:

Аға түгіл, тыңдамай бала да ақыр,
Орнағандай басына заманақыр.
Бұгінінен безінген қайран ақын,
Болашаққа адымдаң бара жатыр –

деген поэма жолдарын эпиграф етіп алғып, «Ақын кетіп барады...» деген мақала жазған ғалым Бақытжан Майтанов: «Тұған жер, халқы мен ана тіліне деген шынайы, мөлдір көңілді ақын «Дала, сенің ұлыңмын» атты арнайы кітабында ойы, сыры өзектес жырлар арқылы сарқылмай өрнектеді. Мұнда сол дәуірдің әсері де жоқ емес. Бірақ Ж.Әбдірашев уақыттың жүқалтаң талабын күмәнсіз талант жүрек алауымен жеке өміріндегі мағыналы күйге бұра біледі» деп жазғанындей, Жарасқан Әбдірашев – «Ұлы даланың» сан тарау тарихын терең түсініп, оның алдындағы перзенттік парызын үлкен жауапкершілікпен сезіне білген асқақ үнді ақын.

Зерделі ой

Поэма жарысында өз тұлпарын тауып, сұңқарын зенгір көкке самғатқан сезім саяткері, сұлу сөздің суреткері Ж.Әбдірашев шығармаларында ақыл да мол, сыршылдық әбден жетерлік. Ақын жүргегі шындық деп соғады. Асқақ шындық немесе қапысыз шындық. Оның санасы мен көңіліндегі шындық бір ғасырдың шегіне таяп қалған бүгінгі қазақ қауымымен аяулы арманға толы әсемдік әлеміне шақырады. Жарасқан жырына сүйсіну керек, Жарасқан сырынан жігерлену керек. Өмірдің мәнін өлеңнен білініз...

Бақытжан Майтанов



Пікірлесейік

1. Поэма атауы қандай идеядан туындаған? Оның атауын басқаша қалай өзгертер едің? «Дала» сезінің синонимдері қандай?
2. Ақын елдің әр кездегі тарихын қалай бағындаған?
3. Жерімізді «Ұлы дала» мен «Көк аспан» деп атауға келісесің бе? Пікірінді дәлелде.
4. Авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтай отырып, кестені толтыр.

Поэмадан қандай келелі мәселелерді байқадым?

Оны қай үзінділермен дәлелдей аламын?



Себебін анықта

1. Не себепті ақын: «Дала, сенің ұлыңмын» – дейді? Бұл поэмада дала ненің символы?
2. Неліктен автор:
Бұгінінен безінген қайран ақын,
Болашаққа адымдаң бара жатыр, – деген?



Тобында талдап көр

1. «Ойлан, бірік, бөліс!» әдісімен жұмыс жасаңдар. Поэмадан түйген ойларынды жазыңдар (Ойлан). Одан кейін өз идеяларынды біріктіріңдер (Бірік) және соңында бүкіл сыйныппен идеяларыңмен бөлісіңдер (Бөліс).
2. Поэмадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырыңдар.
3. Поэманың идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдаңдар.



Дәптеріңе жаз

Отан, туған жер туралы мақал-мәтедлерді жазып, поэмадан 5 мысал келтіру арқылы олардың мағынасын аш.



Түйінде

1. «Қазына іздеу» әдісі бойынша өлеңді «Мәңгілік Ел» идеясымен сабактастырып, көзқарасынды эссе түрінде жаз.
2. Поэмадағы авторлық идеяны өмір шындығымен байланыстыра анықтап, түйінде.



Қалай ойлайсың?

«Ақынға болмысына біткен таланттан бөлек, бірден-бір керек нәрсе – құреспекерлік. Бұл кең ауқымда да, күнделікті өмірдің келісімін күйттер тар ұғымда да солай. Егер ақын өзінің өнердегі көзқарасын, пікір-поэзиясын қызығыштай қори алмаса, сол үшін түн үйқысын төрт емес, тоқсан бөліп тер төкпесе, тұптің түбінде өкініште қалғанын өзі де аңғармайды» дегенді Жарасқан Әбдірашев неге айтқан? Ақынның барлық уақытта, тіпті бейбіт күнде де құреспек болуы шарт па?



Үйде орында

1. Қазақстан – <http://kaztrk.kz> арнасынан ақынды еске алу кешін қара.
2. Поэманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жаз.
3. Поэманы идеялық жағынан мазмұндас А. Тарковскийдің «Белый день» өлеңімен салыстыра отырып, екі шығармадағы кеңістік пен уақыт шегіндеңгі образдардың мән-мағынасы туралы әдеби сын жаз.
4. CD-дегі №1 қосымшаны үлгі ретінде пайдаланып, презентация жаса.
5. Поэмада көтерілген мәселені суретпен байланыстырып, әңгіме жаз.



6. Компьютерде векторлық графиканы қолданып, «Дала» ұғымын өз түсінігіңмен сал.



Білгенге маржан

Ж.Әбдірашев поэзиясындағы буын, тармақ өлшемі, ассонанс, аллитерация, ұйқас түрлерінің молдығы, психологиялық параллелизм, теңеу, метафора, шендерестіру тәсілдері арнағы зерттеуді қажет етеді.

Бақытжан Майтанов

Әдебиет теориясы

Поэтика (грек. *poietik fehne* – шығармашылық өнер) – сөз өнері туралы ғылым.

Пафос (грек. *pathos* – сезім, құмарлық) – өнер адамдарының ерекше шабыттанып, жігерленетін кезі, құлшыныс, құштарлығы, қуатты сезімі.

Ежелгі грек әдебиетінде пафосты қаламгердің шығармашылық ойының сын-сипатын айқындауда, туындыларында заман бейнесінің бейнелену дәрежесін бағалауда негізгі көрсеткіш ретінде таныды. Пафос арқылы ақын-жазушының қоғамдық-әлеуметтік идеалын анықтау да қалыптасты.

Қолданып көр

«Дала, сенің ұлыңмың» поэмасынан пафосқа мысал болатын жолдарды теріп алып, пікірінді дәлелдеп жаз.

Эксперименттік тапсырма

СД дискінің № 4 қосымшасында берілген Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын топтасып оқып, зерттеу жүргізіндер. «3–1–2» әдісі бойынша жұмыс жасау арқылы тақырыппен байланыстыра отырып, кестені толтырыңдар.

Мәтін бойынша 3 факт			
Мәтін бойынша 2 сұрақ			
Қызығушылық танытқан 1 нәрсе			

«Креативті ойлау» әдісімен өлеңдегі дала идеясын дамытып, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласымен байланыстыра отырып, қара сөзбен толықтырып жаз.



Міне, қызық!

Жарасқан ақынның қайдағыны тауып алып, шақпа тілмен құлдіріп жүретін юморында шек жоқ еді дейді оны жақсы білетіндер. Ондай әзілдері әлі күнге елдің аузынан түспейді. Бірде көрнекті сатирик ақын Мыңбай Рәшев Жарасқанның поэмасын «Ара» журналында быт-шыт қылышп сынаиды. Жарасқанға жаңы ашығандар «ондай солақай сынды көзге ілме, саспа» деп жұбату айтады. Сейтсе, Жәкең: «Мен өзім Әбдірашев болсам – сол Рәшевтен төрт әрпім артық қой, сасайын деп тұрған мен де жоқ!», – дейтін көрінеді жүлшып алғандай.

Төреғали Тәшен



Кітап – асыл қазына

1. Әбдіраш Ж. Көңіл көкпары: Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998.
2. Әбдіраштың Жарасқаны. Құлпытас немесе екі дүние: фаниден бақыға дейін: Эпитафиялар, өлеңдер, поэмалар, эпиграммалар. – Алматы: Атамұра, 2001.
3. Әбдіраштың Жарасқаны. Парыз. Парасат. Пайым: Әдеби сын. – Алматы: Өнер, 2001.

«КЕҢІСТІК ПЕН УАҚЫТ» БӨЛІМІ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛARYНЫң ҮЛГІЛЕРИ

1. Тест тапсырмаларын орында.

Оралхан Бекейдің драмалық шығармалары:

- A) «Мұзтау»
- B) «Бура»
- C) «Қар қызы»
- D) «Атау-кере»
- E) «Құлышым менің»
- F) «Жетім бота»
- G) «Текетірес»

«Қауіпті будан» шығармасының екінші атауы:

- A) «Біздің жақта қыс ұзақ»
- B) «Кісікік»
- C) «Атау-кере»
- D) «Сайтан көпір»
- E) «Қамшыгер»

«Атау-кере» романындағы кісікік Шал өмір сүрген жер:

- A) Зайсан
- B) Құршім
- C) Марқакөл
- D) Маралкөл
- E) Алтай

Оралхан Бекей шығарма жазбаған жанр:

- A) Пьеса жазу
- B) Роман жазу
- C) Әңгіме жазу
- D) Фылыми-фантастикалық шығарма жазу
- E) Мақала жазу

Оралхан Бекей Н.Островский атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлық алған туынды:

- A) «Жетім бота»
- B) «Қар қызы»
- C) «Құлышым менің»
- D) «Сайтан көпір»
- E) «Найзагай ізі»

Ж.Әбдірашевтің төл шығармалары:

- A) «Перзент парызы»
- B) «Шежірелі Шаңырак»
- C) «Ойыншықтар»

- D) «Ақ қайран»
- E) «Күлпітас»
- F) «Дәрігер Айболит»
- G) «Өсіп келем»

«Ұлы дала» ұғымына кіретін аймақ:

- A) Алтайдан Атырауға дейін
- B) Алтайдан Қара теңізге дейін
- C) Алтайдан Ақтауға дейін
- D) Алтайдан Орынборға дейін
- E) Алтайдан Каспийге дейін

«Дала, сенің ұлыңмын!» поэмасында ақын кешіруге болмайды деп көрсеткен:

- A) Өмірге кеш келгенін
- B) Рейхстагқа ту тікпегенін
- C) Амангелді сарбазы бола алмағанын
- D) Үлкен ғалым бола алмағанын
- E) Өмірде өлең қылар ерлік жасамағанын

2. Марат Қабанбайдың: «Цензураның мың ширатылған қызыл жылан жіп-терімен қол-аяғы мықтап байланған О.Бекей Қеңесті кемсітудің жолын дәл тапты; ол – қазақты биіктету, рухын ояту... Қаламгер сондықтан да кітаптан кітапқа қазағын Алтайдың асқар шыңына өрлете берді. Ең аяғында, өзі де қасқа құлышын жетектеп, қар жамылған Мұстаудың ұшар биігінде құнға қасқая қарап, Кербұтыдай қарысып тұрып қалды. Мәңгілікке!..» деген сөзін пайдаланып, О.Бекей шығармаларының көркемдік құндылықтарына баға бер.
3. Құлбек Ергебековтің: «Жарасқан Әбдірашев әліппенің өзін өнерлік деңгейге көтере салмақты, ойлы өлеңдер жазады» деген сөзінің өмір шындығымен байланысын анықта.
4. Көркем шығармалардағы уақыт пен кеңістік композициясын талдау мәселесін көтере отырып, «Кеңістік пен уақыт» деген тақырыпта О.Бекей, Ж.Әбдірашевтің шығармаларын қамтып, презентация жаса.

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырма үлгілері

Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

«Алтай өңіріне алпыс жылдан бері дәл осындағы қалың қар жауғанын көрген жоқпыш», – деседі қариялар.

Расында да, бас көтертпей жауғаны соншама, есіктің алды, қораның маңындағы қарды тазалап үлгере алмайсың. Ауыл-үйдің арасына қүреп жалғыз аяқ жол салудың өзі – азабы мол жұмыс. Кейбір салақ кісілердің бел ағашы борсыған мал қамайтын қоралары сыр беріп алды – топ етіп төбесі ойылып түсіп жатыр. Құннің көзі жылт етіп ашыла қалса, аппақ қардың астында бұк түсіп, қаздың жұмыртқасындағы томпайып-томпайып тілсіз жатқан үйлерді, сол үйлердің қар кептелген мұржасынан жұлдындағы көтеріліп, жуастау будақтаған тутінді көріп, бұл ауылдың адамдары қарға тұншығып өліп қалмағанына тәуба жасайсыз.

Төрт түлік тебін жоқ, омалып қорада тұр. Тебінге шығарғанды қойып, суатқа апара алмай, өуре-сарсаңда жүр.

Міне, үрланып басталып, жапалақтай жауған қар мәңгілік сабырмен аспан астын түгел жаулап алған. Аспан деп, баяғы ұғыммен айтамыз, әйтпесе, аспан жоқ, мындаған, миллиондаған сансыз қар көбелектер ғана бір-бірін қуа жарысып, ойына келгенін істейді. Осыншалық ғажап, құлаққа қорғасын құйғандай тыныштықты Нұржан бұрын көрмеп еді. «Дүниеде қар жауған сәттегідей бейбіт те тыныш өмір бар ма екен», – деп ойлады жүзін аспанға қаратा. Жыбыр-жыбыр қалықтаған қар жапалақтар бетінде асықпай келіп қонып, жылбысқалана еріп, суға айналып, бетін айғыздап аға жөнеледі. Ептең қытықтай ма-ау...

1. Мәтін қандай үлгіде жазылған?

- A) Мақала
- B) Хат
- C) Өмірбаян
- D) Өңгіме
- E) Естелік

2. Төмендегі жұмбақтарды шеш. Үзінді идеясына сай келетінін тап:

- A) Шолақ мылтық жер теседі
- B) Бұлт ішінде бурыл ат кісінейді
- C) Қарағайсыз, тақтасыз
Көпір салдым балтасыз
- D) Жер жиһанға ұн шаштым
- E) Төмен қарап өседі,
Күн жылына өшпеді.

3. Мәтінде айтылмаған ойды тап:

- A) Қалың қар жауды
- B) Алай-дүлей боран соқты
- C) Мұржалардан түтін будақтайды

- D) Қар көбелектер ойнап жүр
E) Аяу тып-тыныш
4. Мәтіндегі сипатталған қар түрі:
- A) Алаканат қар
B) Ақша қар
C) Қырбық қар
D) Жылбысқы қар
E) Көбік қар
5. Нұржанның осындағы тыныштықты бұрын көрмей себебін анықта:
- A) Бұрын қар жау маған
B) Жылы жақтан келген
C) Алпыс жылдан бері қалың қар жау маған
D) Бұрын қар көрмеген
E) Назар аудармаған
6. Мәтіндегі автор идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдап, жаз.

Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Қазақ даласының перзенті! Даала – біздің жүргегімізден орын алған қасиетті атау! Біз – Ұлы Даала перзенттеріміз. Қөгіндегі қыраны, еркелеген елігі, үлбіреген гүлі, жұпар иіс жусаны, саф аяу, салқын самалы – бәрі-бәрі біз үшін аса қасиетті... Фасырлардың тарихын бауырына басып, бұк түскен қарт даламызды құрметте! Даала – біздің тарихымыз...

1. Мәтін кімдерге арналған?
2. Мәтінде қандай табиғат ресурсы айтылмай қалды?
3. Дааланы сипаттауға тағы қандай теңеу қолдануға болады?
4. Не себепті автор: «Фасырлардың тарихын бауырына басып, бұк түскен қарт даламызды құрметте!» – дейді?
5. Мәтінді қалай аяқтар едің? Жалғастырып жаз.

II БӨЛІМ

ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ

Маған достық та, шындық та қымбат. Дегенмен шындықты жоғары қою – менің парызым.

Аристотель

Шындық – аңы һәм ажарсыз.

Шерхан Мұртаза

Танымал жазушы Бақжоға Мұқайдың «Өмірзая» романы тартып әкететіні рас. Бірақ өте ауыр оқылады. Мен тұра бір аптада әрең бітірдім. Бүгегашесін қадағалап, айшық, бедеріне ден қойғаннан ғана емес. Бақжоға сыпаттап отырған өмірдің зіл-батпан ауыр салмағынан. Сол өмірдің нақпа-нақ, шынайы қалыпта таңбалануынан. Қандай өмір десеңіз – советтік шындық дер едім.

Mұхтар Магауин

БАҚЖОҒА МҰҚАЙ



Бақжоға Мұқай
(1948–2008)

Жазушы қай өнірде туып-өсті? Қандай оқу орнында оқыды?

Бақжоға Сейдінұлы Мұқай 1948 жылы 31 қаңтарда Алматы облысы, Райымбек ауданына қарасты Нарынқол ауылында туған. Шығармалары бала кезінен аудандық, облыстық, республикалық басылымдарда жарық көрген. Ол қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетін бітірген.

Бақжоға Мұқай қандай қызметтер атқарды?

Кеген аудандық «Коммунизм нұры» газетінде еңбек жолын бастаған қаламгер 1970–1988 жж. «Білім және еңбек», «Жұлдыз» журналдарында, Қазақстан Жазушылар одағында қызмет істеген.

1990–1995 жж. Мәдениет министрлігінің репертуарлық-редакциялық алқасында бас редактор, бас басқарма бастығы болған. 1990 жылы облыстық «Қазақ тілі» қоғамын үйімдастырып, басшылық жасаған. «Парасат» журналының бас редакторы қызметін атқарған. Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО істері жөніндегі Үлттық комиссиясының мүшесі болып сайланған.



Зерделі ой

1960 жылдардағы әдебиет өкілдері жалпы қазақ прозасына, қазақ поэзиясына, қазақ әдебиетіне төңкеріс жасаған ұрпақ екенін жақсы білесіздер. Сол дәстүрді ары қарай жалғап әкеткен жаңа буынның алғашқы талантты өкілдерінің бірі осы Бақжоға Мұқай болды. Бізде тарихи романдар көп, бірақ сол тарихи дүниенің өзін басқаша көзқараспен және өзгеше стильмен жазудың алғашқы үлгілерін көрсеткен де осы Бақжоға еді.

Кенжекан Матыжанов

Қаламгәр қандай жанрларда қалам тартқан?

Б.Мұқай «Өмір арнасы» (1978 ж.), «Аққу сазы» (1980 ж.), «Мазасыз маусым» (1986 ж.) повестерін, «Жалғыз жаяу» (1983 ж.), «Өмірзая» (1998 ж.) романдары мен т.б. шығармалар жазды. Қаламгердің «Иірім», «Қош бол, менің ертегім», «Сергелден болған серілөр», «Өзгенің өмірі үшін», «Дүние кезек», «Заманақыр», «Раушан гулі», «Ерулік», «Өмірзая», «Тойы көп үй» атты драмалық шығармалары еліміздегі және шетелдердегі елуден астам театр сахналарында қойылған.

Шығармалары орыс, тәжік, қыргыз, беларусь, түркмен, башқұрт, татар, якут, қарақалпақ тілдеріне аударылған. Өзі де бірқатар жазушылардың шығармаларын қазақ тіліне аударған. Б.Мұқай қалам тартқан тағы бір жанр – публицистика.

Бақжоға Мұқайдың еңбегі қалай бағаланды?

1982 жылы «Қош бол, менің ертегім» пьесасы мен «Аққу сазы» хикаялар кітабы үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанып, 1995 жылы Қыргызстан Республикасының Т.Әбдімомынов атындағы әдеби сыйлығын, 2000 жылы «Өмірзая» романы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын алды. 2006 жылы «Парасат» орденімен мараттады.



Зерделі ой

Бақжоға өте инабатты, өте сыпайы, сонаң соң сөздің тоқетерін айтатын талантты жігіт еді. «Түбіне тіршіліктің тағдыр ие, Тәнірдің құзырында бар дүние. Шындығын қара тасты балқытады, Келгенде қылқобаидың зар күйіне». Көкірегімізде асыл ойлы азаматтың бейнесі қалды. Шамын жарқыратып отырған сүйікті жары мен балаларына амандық тілейміз. Бақжоға қазақтың тарихында алтын әріппен жазылғатын ерекше тұлға болып қалады.

Сәбит Оразбаев



Пікірлесейік

1. Жазушының тарихи тақырыпқа жазған шығармаларын ата.
2. Б.Мұқайдың авторлық тұжырымдамасы қандай?
3. Бақжоға Мұқай қазақ әдебиетіне қандай үлес қосты?



Себебін анықта

1. Қаламгер туындыларының көптеген тілдерге аударылу себебі неде?
2. Не себепті жазушының шығармаларындағы авторлық идея өмір шындығы мен байланысты деп айтамыз? Қаламгердің драмалық шығармаларының еліміздегі және шетелдік театрларда көптең қойылу себебі неде?



Тобында талдап көр

Б.Мұқайдың ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контексттермен қалай байланыстырығанын талдандар.



Дәптеріңе жаз

Бақжоға Мұқай өмірінің хронологиялық кестесін жаса.

Жылдар	Маңызды оқиғалар



Түйінде

Жазушы-драматург туралы білгенінді қорытып, түйінде.



Қалай ойлайсың?

Автор шығармаларында көтерілген мәселелерді бүгінгі күнмен байланыстыра аламыз ба? Ойынды дәлелде.



Үйде орында

«Төрт сөйлем» тәсілі бойынша Бақжоға Мұқайдың жазушылық портретін жаз.

1. Пікір. Жазушы туралы мәліметті жинақтап, ол туралы пікірді бір сөйлеммен жеткіз.
2. Дәлел. Мәтіннен үзінді келтіре отырып, өз пікірінді бір сөйлеммен дәлелде.
3. Мысал. Пікірінді қазақ әдебиеті тарихымен байланыстырып, мысал келтір.
4. Қорытынды. Жазушы туралы ойынды қорытып айт.



Білгенге маржан

Бақжоғаның қаламынан туған дүниелерді оқып отырып, сол шығарманың ішінен әркім кеше ғана бастаң өткерген өз заманын, өз тағдырын таниды. Жазушы өткен ғасырдағы сырт қарағанда керемет көрінетін кеңестік қоғамның ішінде бұғып жатқан, мұздың астымен жүрген жылымдай сүркия саясатының қыр-сырын, ішек-қарның ете көрегендікпен суреттейді. «Жалғыз жаяу» романында шекара бойындағы кеңестік қоғамның қиянатына шыдай алмай, әрі асып, бері асып жүріп, өз жеріне, өз еліне өзі өгей көрінген қазақтардың азап-тозағы сөз болады. Басына қандай іс түссе де, үлт үшін, үрпақ үшін тау қыранындағы қайтпай, күресе білген ерлер өмірі көз алдыңа келгенде еріксіз толқисың. Тәуелсіздік жолында құрбан болған жандар рухына бас иесің. Бақжоғаның бүкіл шығармаларының алтын өзегі – ел тәуелсіздігі, бостандық үшін күрес. Басына оңайлықпен бұғай салдырмайтын арда, асау бабаларындағы Бақжоғада қаламын қару етіп, саналы өмірін күреспен өткізген жазушы.

Nесілбек Айтұлы



Міне, қызық!

Бақжоға Мұқай жоғары деңгейдегі жазушы ғана емес, батыл азамат болған екен. Университетте оқып жүргендегі факультеттің қабырға газетінде С.Елубайдың

қанғыбас ит туралы жазған әңгімесі жарияланады. Алайда сол кездегі идеологияға байланысты автор үлкен дауға қалады. Университет оқытушыларына дейін тығырықта тіреліп отырғанда, Бақжоға С.Елубайдың бұл әңгімесі зоологиялық үрдісте жазылғанын дәлелдеп, араша түседі.



Кітап – асыл қазына

1. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық / Құрастырушылар: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса. – Алматы: Аң арыс, 2009.
2. «Қазақстан жазушылары: ХХ ғасыр» / Анықтамалық. – Алматы, 2004.



Зерделі ой

Қалың-қалың романдардың дүниеге келуі, «Өмірзая» атты атақты романның Мемлекеттік сыйлышқа ие болуы, «Іірім» деген прозалық дүниесінің оқырманнның көніліне барып қонуы және езі туып-өскен өнірі туралы жазған атақты «Жалғыз жаяу» деген дүниесінің бәрі көлемді. Мұның барлығы Бақжоғаның қазақ прозасына селтеусіз қызымет еткені деп білемін.

Нұрлан Оразалин

«Өмірзая» романы

Жазушы Бақжоға Мұқтайдың
білгір саясаттанушы да болатын.
Жұмабай Шаштайчұлы

1917–1990 жылдар аралығы Кеңес әкіметінің өмір сүрген кезеңі ретінде тарихта қалды. Бұл кезеңде коммунистік партия деп аталған бір ғана партия болды. Осы партия бүкіл жауапкершілікті, билікті ез қолына алыш, халықты уысынан шығармай үстады. Кеңес әкіметіне, партияның үстанған саяси бағытына қарсы келген бірде-бір шығарма жарыққа шықпайтын, ал қарсы тұрған адам аяусыз жазаланып, құлдық сананың құрбанына айналып отырған. Сондықтан ешкім бел шешіп, бұл жүйеге қарсы тұра алмайтын. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл кезең «тоталитарлық дәүір» деп атала бастады.

Бақжоға Мұқтайдың «Өмірзая» романы сол кезеңдегі ұлттық мұрамызды тарихи шындық тұрғысынан қорғауға бар күш-жігерін аямаған екі адамның ауыр тағдыры арқылы дәүір шындығын танытады. Роман «Өмірзая» деп тегін аталып тұрған жоқ. Өмірзая – босқа өткен уақыт, ал сол уақыт ішінде құрбандық ғұмыр деген астарлы мағына жатыр. Шығарма сюжеті Кеңес әкіметінің таптаурын жүйесі мен ондағы құлдық санаға қарсы тұрған бас кейіпкер – тарих ғылыминың кандидаты 35 жастағы Аяған Құатов пен оның үстазы – профессор Алдияр Ақпанұлы айналасында ербиді. Оқиға мың тоғыз жүз сексенінші жылдарды қамтиды. Алдияр Ақпанұлы Кеңес әкіметі кезінде тыйым салынған тақырып Кенесары хан туралы еңбек жазады. Оның шәкірті Аяған да осы




CD 03

Мәтінді тыңдал, Кенесары ханға психологиялық мінездеме бер. Сеніңше, хан қандай болуы керек?

жолды әрі жалғап, Кенесары ұлы Сыздық төре туралы көлемді зерттеу жұмысын жүргізеді. Ал коммунистік партия хандық билік пен би-болостарды теріске шығарып, ал байларды «халық жауы» ретінде жер бетінен жойып жіберген. Бұл туралы жазбақ түрмак, айтуға да тыйым салған, сондықтан да профессор Алдиярдың Кенесары туралы, ал Аяғанның XIX ғасырындағы 2-жартысындағы ұлт-азаттық қозғалысының қайраткері Сыздық төре Кенесарыұлы (1837–1910) туралы еңбек жазып шығуы үлкен қылмыс болып саналды. Сюжет тартысына арқау болып тұрған себеп – осы.

Аяған – ұстазы сияқты адал тарихшы ғана емес, адамды бағалай білетін мейірімді, адамгершілігі мол, ақылды жан, тағы қыры – қызыбалығы. Фалым әділетсіздікке шыдамайды, шындық жолынан тайқымай өмір сүргісі келеді. Оның қайырымы мол адам екенін роман басталған беттен-ақ көруге болады. Аяған – профессор туралы ойлайтын да, жаны ашытын да, іздейтін де жалғыз адам. Алдиярдың ұлы Сыздық ішімдікке салынып кеткендіктен, әкесіне мұлде қарамайды.

Профессордың ресми саясатқа қайшы Кенесары туралы зерттеу еңбегі ҳалыққа жат деп жарияланып, жала жабылып, қудалауға ұшырап, психологиялық орасан зор қысым көрген атақты ғалым сал ауруына ұшырайды. Ал оның шәкіртіне жабылған жала романда былай суреттеледі: «Аяған Құатов мемлекетке қарсы, өмір бойы орыс халқын ұнатпаған, оларды аяусыз қырған Сыздық Кенесарин туралы мадақ мақала жазған. Ол орыс пен қазақ халқының арасына от жағу үшін Сыздық сұлтан туралы мақаласын орысшаға аудартып, көбейтіп,



Өмірі де, еңбегі де зая болған профессор

жасырын таратқан. Пиғылы жат, ойы бөтен адам. «Кеңес үкіметінің Ауғанстанға әскер апаруы – ұлken қателік. Бұл ерікті елді күшпен басып алу» деген. Ауғанстандағы соғысқа қарсы үнқағаз таратқан. Мағжан Жұмабаев сияқты халық жауының өлеңдерін студенттер арасында насиҳаттаған. Кеңес үкіметі басшыларының беделіне нұқсан келтіретін анекдоттар құрастырған. Сібір аймағын бағындырған атақты батыр Ермакты студенттерге қанқұйлы қарақшы деп дәлелдеуге тырысқан. Ұлтшыл, сенімсіз адам. Жоғарғы оқу орнында қызмет істеуіне болмайды» т.б. Осылайша, Аяған тып-тыныш істеп жүрген қызметтінен қуылып кетті. Алдияр Ақпанұлынан іргесін аулақ салып, ректордың ыңғайына көніп, сол кісінің дегенімен қимылдаса, үрттап ішіп, шайқап төгіп жүрмес пе еді. Бастаған ісінің арты жақсы аяқталмасын біле тұра, сүйекке бітті қыңырлығына басып, ағысқа қарсы жүзді. Жоғарыдан келген тапсырманы өдейі қисайта салды. Шындықты іздең, ең ақыры сол адамның алдына баратынын білсе, емтихан тапсырған қызына жақсы баға қойып, жақсы атқа ие болар ма еді?

Шындық үшін жаңым пида дейтін Аяған ол қызға әкесінің беделіне бола жақсы баға қоймасына сенімді. Сол кезде қыздың әкесінің кім екені Аяғанға алдын ала айттылды. Бұл соны біліп, қырсықты. Ақыры, міне, өзі шалқасынан түсті. Іздең барған ұлken шындығы шын мықтының бір сілкігенінен қалмай жалп етіп құлады да, қайтып бас көтере алмады, шыбын жаңы шырқырап, өтіріктің өртіне түсіп өртөнген жігітке көмекке келмеді», – дейді. Аяғанның аңғалдығы – заң құшіне сенуі. Сондықтан жоғарғы жаққа, лауазымды мекемелерге өділдік іздең, арыз жаза бастайды. Нәтижесінде жоғары жақтың бүйрүғымен түрмеге де, жындыханаға да түседі, ақыр аяғында көз жұмады.

Романдагы Мұса, Жақия, Маңсұт, Алмас – құлдық сананың қолшоқпаратына айналған – сол кезеңнің типтік бейнелері. Сірескен қогамдық жүйеге қарсылық білдірген Алдияр мен Аяған тарихи шындық үшін құлдық сананың құрбаны болады.

Б.Мұқайдың «Өмірзая» романында Кеңес кезеңінде жағымпаздар ғана жақсы өмір сүре алғандығы, ал шындықты бетке айтып, ұлттық құндылықтарымызды түгендеуге үмтүлған жандарға саяси жағдайдың тосқауыл болғандығы нақтылы кейіпкерлер арқылы ашылған. Алдияр мен Аяған – ұлттық мұдде жолында құрескен типтік образдар.

Бақжоға Мұқайдың «Өмірзая» романы үшін 2000 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын иеленді. Жанр түрғысынан бұл шыгарма қара сөзбен жазылған саяси-тарихи романға жатады.



Зерделі ой

Соңғы жылдары мен оқыған қазақ романдарының ішінен ең алдымен, маған ой салып, жүргегімді тебіренткен Бақжоға Мұқайдың «Өмірзаясын» атар едім. Бұл роман көш құлаш мақала жазуға негіз бола алады. Бірер ауыз сөзбен қысқа қайырсақ, бұл – тынысы кең, идеялық жүгі ауыр, шым-шытырық оқиғаға құрылған, болмыс-бітімі жан-жақты, заман ағысын, ұлттық тарихтың жауапты кезеңін терең бажайлап, баяндайтын, кім-кімді де ойсыз қалдырмайтын сүбелі, соны туынды.

Герольд Бельгер



Пікірлесейік

1. Романның сюжеті қалай құрылған? 36-беттегі М.Мағауиннің сезінен қосыласың ба? Романды оқығанда қандай сезімде болдың?
2. Романның жанрлық ерекшелігі неде?
3. Кенесары хан туралы көркем шығарма жазған тағы қандай қаламгерлерді білесің?



Себебін анықта

1. Не себепті шығарма «Өмірзая» деп аталған?
2. Роман неліктен тарихи және көркемдігі жағынан құнды шығарманың бірі болып есептеледі?
3. Автордың екі тарихшығалымның тағдырын аянышты етіп суреттеуінің себебі неде болуы мүмкін?



Тобында талдаң көр

1. Шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстыра талқылап, «Топпен жазу» әдісі бойынша эссе жазып, қорытындар.
2. Топқа бөлініп, «Ромбық жіктелім» тәсілімен шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талданңдар.
3. «Тыңдайтын үшбұрыштар» әдісімен үш адамнан (спикер, сұхбат алушы, хатшы) тұратын шағын топтарда жұмыс істендер. Спикер мұғалімнің нұсқаулығы бойынша шығарманың тарихи және көркемдік құндылығы туралы өз ойымен беліседі. Сұхбат алушы мұқият тыңдайды және егжей-тегжейін анықтау үшін сұрақтар қояды. Хатшы оларды бақылайды және спикерге де, сұхбат алушыға да көрі байланыс береді.



Дәптеріңе жаз

Әр кейіпкердің монологінен образды ашатын ойларды теріп, кейіпкерлер жүйесін жинақтап, тұра және жанама мінездеулерді жіктеп жаз.

Кейіпкер	Тұра мінездеу	Жанама мінездеу



Түйінде

Шығарманың негізгі идеясымен байланыстыра отырып, автор бейнесін айқында. Қандай жаңа мәлімет білдің? Ойынды романнан үзінділер, дәйексөздер көлтіру арқылы нақты дәлелдермен түйінде.



Қалай ойлайсың?

Автор не себепті профессордың ұлының атын Сыздық деп алған? Оның тағдыры неге маскүнемдікпен байланысты болды деп ойлайсың? Жазушы символикалық түрде нені ишаралап отыр?



1. <https://elarna.kz/kz/ojylymdar/item/2276-mirzaya> сайтынан «Өмірзая» спектаклін көріп, кейіпкерлердің сомдалуына баға бер.



2. Романды Ш.Айтматовтың «Қош бол, Гұлсары!» повесімен салыстырып, екі шығарма туралы рецензия жаз.
3. CD-дегі №1 қосымшаны үлгі ретінде пайдаланып, презентация жаса.



Білгенге маржан

Күрескерлік сарын, рухани сабактастық бір шығармадан бір шығармаға көшкен сайын үзілмей үндесіп, жалғасып жатады. «Өмірзая» романындағы Аяған бейнесі арқылы жиырмасыншы ғасырдағы қазақ халқының басынан өткен үлттық трагедия суреткерлік шеберлікпен көрініс тапқан. Тұғынан қан сорғалаған жыртқыш, зымиян қоғамның отаршылдық сұрқия саясатының астарын батыл әшкерелейді. Аяғанның басынан өткен оқиғаларды суреттей отырып, сол кездегі қоғамдық ортаны, тағдыры тәлекекке түсken үлт қасіретін, халықтың аянышты жағдайын жайып салады.

Аяғанның қасіреті – үлт қасіреті. Лажсыздық, басынды тауға үрсан да, түк шығара алмайтын шарасыздық үлт басына түсken ауыр бұғаудың бүлжытпас, мойын бұрғызбас салмағынан еді. Сол зілмауыр бұғауды сілкіп тастай алмай, кешегі Алаш арыстары да мынау жарық жалғанның есігін соңғы рет ышқына бір теуіп, жан қызып кете барған болатын. Аяған да сол кепті киіп, фәни дүние қорлығына еріксіз мойынсұнып, бақылышқа аттанады. Міне, «Өмірзая» романы – кеше ғана басымыздан өткен құрделі өмірдің айнасы. Романды оқу үстінде сол Аяған ғұмыр көшкен қоғамда өзің де бірге жүргенінді сезінгенде жаңың түршігеді. Ойға қаласың, өзің-өзің сұрақ қоясың. Жазушы оқырманын толғандырганда ғана, ой салғанда ғана өз мақсатына жетеді. Бұл түрғыдан алғанда, Бақжоға – өз мақсатына да, мұратына да жеткен жазушы. Өйткені Бақжоға – өз заманының жазушысы. Қаламгердің ең үлкен бақыты да сонда. Артында өлмес мұрасы барда, қалың ел, өсеп үрпақ барда Бақжоханың есігі мәңгі жабылмайды. Ол халқымен бірге жасай береді. Бақжоқадай асыл ердің рухы қашанда көптің жүргегінде, көңілдің төрінде, өмірдің өрінде!

Nesipbek Aytuly

Әдебиет теориясы

Сюжет (франц. *sujet* – зат) – көркем шығарманың мазмұнын ашып, мазмұнды пішінге көшірудің негізгі түрі, жолы және тәсілі. Сюжет тек оқиғалы шығармаларда ғана қолданылады.

Тартыс (лат. *conflictus* – қақтығыс, айқас, талас) – өмірдегі қайшылықтардың өнердегі көрінісі.

Қолданып көр

«Сюжет», «тартыс» үғымдарына романнан мысалдар келтір.

Эксперименттік тапсырма

1. Тоталитарлық дәуірді бастаң кешкен адамдардан сұхбат алып, репортаж жасап, әлеуметтік желіде жарияла. «Тұжырымдамалық кестеге» сол заманың бейнесін туспір.

Проблема	Қандай мәселе?
Орны	Қайда?
Себебі	Не себепті?
Адамдар	Кімдер?
Шешу жолдары	Қалай ойлайсың?

2. Тәуелсіздік алғаннан бері Кенесары туралы жарияланған материалдарды зерттеп, жанры бойынша топтастыр.

Міне, қызық!

Бақжоға Мұқай романын жазу барысында шығарма сюжетіне қажетті мазмұнды шынайы көрсету үшін аурухана, жындыханаға, тіпті түрмеге барып, мамандармен жиі кеңескен екен.

Кейбір зерттеушілер шығарма атаяны «Өмірзая» жүлдізымен байланыстырады. Ол өзге жүлдіздардан бұрын туып, бұрын сөнетін, айдаң җанынан көрінетін жүлдіз екен.

Кітап – асыл қазына

Мұқай Б. Өмірзая: Роман. – Алматы: Жалын, 1998.

Ерболат Әбікенұлы – екі-үш әңгімесімен-ақ жастар әдебиетіндегі өз орнын айқындаған үлгерген жазушы. Оның қаламгерлік қуатын танытар туындылары – «Пәтер іздеп жүр едік», «Министр», «Желтоқсан ызғары».

Нұрбол Құдайбергенов

ЕРБОЛАТ ӘБІКЕНҰЛЫ



Ерболат Әбікенұлы
(1980 жылы туған)

Жазушы қай өнірде туып-өс蒂?

Ерболат Әбікенұлы Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-үйгыр автономиясындағы Санжы қаласына қарасты Мөргү ауылында дүниеге келген. Осы ауылда 1990 жылы Мөргү ауылдық сегіз жылдық мектептің табалдырығынан аттап, атальмыш мектепті 1998 жылы бітірді, 2001 жылы Санжы қалалық №3 орта мектебінің қазақ бөлімін тамамдады.

Ерболат Әбікенұлы елге қашан келді?

2002 жылы Қазақстанға келген қаламгер, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология факультетіне түсіп, оны 2007 жылы бітіріп шығады. Балаларға арналған «Бірінші байлық», «Алтынбұтақ» ертегі кітапшаларының, «Кіші ғылыми қызметкер», «Елу теңге», «Ақын», «Күйеу бала», «Ауыл әкімі», «Пәтер іздеп жүр едік» т.б. әңгімелерінің, студенттерге арналған шетелдегі қазақтардың рухани тұтастығы мен өзара әдеби сабактастығы туралы мөлімет беретін «Шетел қазақтарының әдебиеттануы» атты ғылыми монографияның авторы. Көркем прозада «Министр», «Жас толқын» сериясымен «Желтоқсан ызғары» атты әңгіме жинақтары жарық көрген.

Қаламгер шығармаларының тақырыбы қандай?

Қаламгер қоғамдағы түрлі мәселені қалт жібермей, қаламына арқау етеді. Ол шығарма жазуда турашылдығымен, шыншылдығымен, табиғильтіктерге ерекшеленеді.



Зерделі ой

Ерболат батыл жазады. Өмірдің қалтарыс құбылыстарын «қойма ақтарғандай ақтаратып» (М.Ә.) жазу дарыған, қазіргі дәнемеге селт етпейтін жартылай жансыз механизмге айналған, кеудесіндегі жүргегі бөтен піғылмен ғана тыным таптай тұлайтын пенде шіркінді біртүрлі шамына тиіп, қолайсыз қүйге түсіретін әсер тузыза алатын сикыры бар.

Қанипаш Мәдібай

Мәселен, жас жазушының «Министр» атты әңгімесі аңы сарказмға құрылған. Жоғарыдан келетін комиссия, ұрандаған тексерістер қай қоғамда да тақырып болып келе жатыр. Мұнда басшының алдында құрдай жорғалаушылық, көзбояушылық, мәймөңкелік, жағымпаздық сияқты теріс қасиеттер айқын көрінеді. Әңгімеде жең үшінан жалғасқысы келген кейіпкерлердің психологиялық портреті толық ашылған.

«Желтоқсан ызғары» кітабының аңдатпасында былай жазылыпты: «Ерболат Әбікенұлының кейіпкерлері – адам. Адам болғанда да зиялды қауым. Қаузаған тақырыбы – өмір. Өмір болғанда да қаланың қайнаған ортасы. Шығармалары бастан-аяқ юморға, сарказмге, иронияға құрылған. Тіпті кейде сатираның элементтерін де көтеп кездестіресің. Удай аңы, көркем де өткір тіл, дәлдікке құрылған сөйлем, лиризм мен сатираның, психология мен натурализмнің ұштасуы бейне жаңалық іспетті». Бұл шығарма расында да өткір шындығымен оқырман жанын қарып өтеді. Сол оқиғадағы ауыр жайттар қаз-қалпында, ашық, дәл суреттеледі.

Зерделі ой

Ерболат Әбікенұлының әңгімелері жинағындағы «Жұмыртқа», «Күйеу бала» сияқты әңгімелері жас жазушының шеберлігін айқындаі түседі. Бұл әңгімелер оқырманды әлдебір нәзік сезімдерге, жаңа әсерлерге жетелеп, азаматтық қасиеттерді, адамгершілік пен мейірімді дәріптейді. Бір әңгімесін оқып, өзінізді-өзініз қайрап, на-мысыңызды оятсаңыз, енді бір әңгімесінде кейіпкерімен қоса ашуға еріп, ызаға булығасыз, келесі бір әңгімесін оқып, қөзіңізден жас ақтанша рахаттанып бір қүлесіз. Өйтсөніз, демек, бұл шығармалардың сізге әсер еткені. Көркем шығармаға қойылатын негізгі талаптардың бірі де осы.

Саят Қамшыгер



Пікірлесейік

1. Е.Әбікенұлының шығармалары туралы пікірің қандай?
2. Оның шығармаларының ерекшелігі неде?
3. Жазушының шығармашылығы қалай бағаланып жүр?



Себебін анықта

1. Ерболат Әбікенұлының шығармалары неге аңы сарказмға құрылған дейміз?
2. Не себепті жазушы шығармаларындағы түйткіл мәселелер барлық қоғамда дерлік кездеседі?



Тобыңда талдап көр

Қаламгердің оқырманның сүйіспеншілігіне бөлөнген екі шығармасын оқып, «Зерде» тәсілі бойынша талдандар.

Білім	Тақырып бойынша алған ақпараттарым
Эмоция	Менің көңіл күйім
Баға	Автордың шығармашылығына берген бағам
Сын	Автор шығармаларының мен үшін маңызды жағы
Идея	Оқырман ретінде автор шығармаларын насиҳаттауға ұсынатын идеям



Дәптеріңе жаз

Жазушының өмірі мен шығармашылығын қамтып, тірек сыйза құрастыр.



Түйінде

Е.Әбікенұлы туралы болжам жасап, кестені толтыр.

Болжам	Жаңа ақпарат



Қалай ойлайсың?

Автор шығармаларында ғаламдық мәселелерді қозғайтын тақырыптар бар ма?



Үйде орында

Жазушы туралы ақпаратпен ассоциативті жағынан байланысқан не ұсынылатын деректерді графикалық нысандар, көрнекі көрсетілімдер арқылы ойластырып, инфографика ретінде ұсын.



Білгенге маржан

Ғұмыры ұзақ болатын дүниенің формуласын жазушының бәрі білгісі келер еді. Бірақ ол тылсымды таңдаулылар ғана аштын болуы керек. Е.Әбікенұлы әдебиеттің «сыр сандығын» ашуға жақындал қалғандай.

Қаламгердің мұратын әртүрлі түсіндіруге болады. Соның бірі – замандас пен заман бейнесін ашу. «Кімбіз? Қайда бара жатырмыз? Кім кінелі?» деген сияқты сұрақтарға жауап беру. Бір заман туралы толғап отырып, әр заман, бір адам туралы айтып отырып, бар адам туралы айтуда.

Кешегі «Өлі жандар» мен «Ревизор» неге мәңгілік? «Футлярдағы адам» мен «Хамелеон» неге өлмейді? Өйткені екі классик жазып кеткен орыс қоғамындағы кемшіліктер кез келген халыққа таныс. Таныс болатыны, бірде-бір ұлт құрган мемлекетте, бірде-бір тарихи кезеңде мінсіз, адамгершілікті формация болған емес. Болмайды да. Кез келген жерде, кез келген уақытта билік кісі болмысын бұлдіреді. Билікке құл болған адам зат ілкідегі абырайлы, намысты ер қалпына жағымпаз, жасық, сорлы кейіпке түседі. Ондай жағдайда жазушыға не істемек керек? Чехов та, Гоголь да қоғамының көзін ашты. Өзіне сырттан қараған орыс адамы «Бұлай өмір суруге болмайды» деп дүр сілкінді.

Е.Әбікенұлы да о баста программалық сұрақтарға жауап берем деп ойламаған сияқты. Бірақ орайы түсіп, сол сұрақтың кемінде біріне жауап табылған. Мысалы, «Біз кімбіз?»...

Ерболаттікі – бос мақтан, құрғақ пафос емес, қазіргі қазақтың аяусыз, шынайы портреті. Оның қалам сілтесін сабырлы ирония ма, ашы мықыл ма, уытты сатира ма, сынни реализм бе, қалай атайсыз, маңызды емес. Маңыздысы – оның қаламының көленкесінде қазіргі қоғам, әлеуметтік және моральдық проблемалар туралы қаси-ретті ойлар түр. Оны оқып отырып әрі күлкің келеді, әрі жылағың келеді. Ал ең текті юмор – біздіңшे, жаңындық қозғай алатын юмор.

Әсия Багдәулетқызы



Міне, қызық!

Ерболат Әбікенұлы ең алғашқы әңгімесін жетінші сыныпта жазған. Оны мұғалімдер мектепаралық жарыстарға қатыстыру үшін тапсырыспен жаздыртқан. Ал өзі болашақта жазушы емес, әнші болуды армандаған еken. Алайда құжаттары дұрыс болмағандықтан, консерваторияға түсе алмайды.



Кітап – асыл қазына

Желтоқсан ызғары: Проза / Ерболат Әбікенұлы. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2015.

«Пәтер ізден жүр едік» әңгімесі

Әдебиет – өмірдің үзіліп түскен бір бөлшегі.

Демек, өмір бар жерде – әдебиет бар.

Қай қоғамда да тақырып таусылған емес.

Ерболат Әбікенұлы

Сатирик жазушы Ерболат Әбікенұлының студент кезінде жазған «Пәтер ізден жүр едік» әңгімесі – шағын да болса, әдебиет қауымын елең еткізген шығарманың бірі. Мұнда еліміздегі, өсіресе, жастандардың басындағы әлеуметтік мәселелердің маңыздысы – баспанада мәселесі сөз болады. Табанынан тозып, пәтер іздеу машақатын шынайы сипаттайтыны, Алматы қаласындағы пәтер

іздеушілердің ұзақ жыл орны болған «жетім бұрыш» туралы да келтіреді: «Алматыны алты айналып, жетім бұрышты жеті айналғанда өкшем опырылып түсті. Енді маймақ жүріске бастым, аяғым ауырды деп келіншегім отыра кетті».



Пәтер іздеушілер

Жағдайды көзімізге дәл елестету үшін диалогпен береді, құлағымызға пәтер үшін жанталасқан жандардың дауыстары келеді:

«Құмырсқаның илеуінше қайнаған жетім бұрыштан бізге лайық пәтер табылмады. Табылмады емес, табылды-ау, әкесінің құнын сұрайды, тіпті делдал саған қарайтын емес, сөйлесу үшін де кезекке тұрады екенсің.

- Пәтер бар ма, апай?
- Бір қыз керек.
- Пәтер бар ма, ағай?
- Бір жігіт керек.
- Апа, пәтер керек еді.
- Екі қыз керек.
- Келіншегім екеуміз тұрсақ бола ма?
- Болмайды, келіншегіңнің қасына бір қыз қос та, өзің басқасын жалда.
- Пәтер керек еді.
- Жас отау керек.
- Біз жас отаумыз, – қуанып кетіппін, дауысым шөңк етіп шықты.
- Онда естіп ал, елу мың тенгеден, жүз елу мың тенге үш айдың ақшасын алдын ала тапсырасың.

- Бөліп тапсырса ше?
- Онда барыңдар ары».

Автор осы шығармасының жазылу тарихы туралы былай дейді: «Студент кезімде барахолқадағы (Алматыдағы киім-кешек базары *red.*) бір достарымның жалдамалы пәтеріне бардым. Іші – ит байласа, түрғысыз. Ішке еніп, тақтайдан құрастырып жасаған, төсексымаққа отыра бергенімде қожайын әйел (өзге ұлт өкілі) кіріп, менің келгеніме бола реніш білдірді. Аналар жұз теңгे беріп еді, жайына кетті. Дәл сол кез ойыма әлгі әңгіменің сюжеті келді. ...Екі-үш күннен соң, өзім тұратын ҚазҰУ-дың 17-жатақханасындағы бөлмемде тыныштықты пайдаланып, екі сағатта қағазға түсірдім. Екі жігіттің орнын жас жұбайларға алмастырдым да, бірінші жақпен баяндадым. Елдер «Өз басыңдан өткен бе?» – деп сұрай берген соң, кейінгілерді үшінші жақпен жазуға тырыстым».

Осындай басспана деп атауға ауыз бармайтын «пәтерсымақта» жас отбасы неше түрлі ит қорлықты көреді, кейінкір жігіт қайнағасының алдында масқара болады.

«Ел ауылдан туысым келетін болды деп қуанса, мен бұл күндері туысым келетін болды деп қорқатын болдым. Өуел десеніз, дәл мынандай кезде әкем мен шешемнің келуін де қаламайтын едім. Бұл – менің жалғыз қорқынышым. Қайнағам келсе – қайттім, ойбай, үят болды-ау! Қайсы төсекке жатқызам деп сары уайымға салындым. Телефонмен сөйлескендегі «әдірісін айтқан соң, өзім тауып барамын» деген еді. Бір күні кеште ойламаған жерден жаңбырлатып жетіп келмесі бар ма, лашығымызды көріп, шошып кетті. Есіктен төрге дейін көзі шарасынан шыға жаздал, үрейлене көз жүгіртті».

Жазушы жас жұбайлардың әлеуметтік мәселені шеше алмай, шаңырақтары қүйреп жататын себептерінің бірі басспана қызындығы екенін де аңғартады. «Мен қолмен ұстап, көзben көруге болмайтын, өмірімде тап болмаған тылсым бір бақытсыздық күй кешудемін. Қайнағам түнжырап, келіншегім жылап отыр, оған жаным ашыды. Ай мен күндей жарқыраған сұлу келіншек, ешкімнің қолы жетпеген, менің ғана қолым жеткен сұлу келіншек, үріп ауызға салардай аппақ сұлу келіншек көз алдында жылап отыр. Мен оны жылату үшін алып па едім?! Оның көз жасы менің жүргегіме, жүргегімнің ішіндегі өзекке тамшылап жатқандай». Осы жайтқа байланысты Әбікенұлының шығармашылығын зерттеп жүрген Әсия Бағдөuletқызы осы мәселенің ауруы тым теренде жатқанын айтады: «Пәтер іздеп жүр едік...» бір қарағанда, көп қазақтың басындағы жағдай ғой. Таңғалатын, таңсық ештеңесі жоқ. Бірақ Ерболаттың жазуында сіз тұрмысының қиуы қашқан қазақты ғана көрмейсіз. Сіз сол түрпайы тұрмыстың азаматтың азamat басын қалай итше тепкілеп, қорлайтынын көресіз».

Шығарма көлемі шағын болғанымен, айтатын ойы салмақты, күрделі: оқырман сезіміне дәл тиер сөздерді, сөйлемдерді қолданады: «Жау жағадан алғанда, бөрі етектен алыш», сол сәт дастарқанның екі шетінен екі тарақан пайда болды да, қарама-қарсы жорғалай жөнелді. Келіншегім шөгіп барады. Тарақан құдды соғыс майданына жекпе-жекке шыққан қас батырдай екпіндеп келді де, бір-біріне тұмсық түйістірді. Бір-біріне айбар шекті. ...Қайнағам теріс қарады. Өйелім бетін басты. Мен күйіп-жанып бара жаттым. Тамағым кеберси берді, құрт малтап отыр едім, сол құрт өңешіме тығылыш қалғандай, сөйлесем, дыбысым шықпайтындағы сезілді».

Жазушының тілі – әдебиетке Хемингуэй енгізген «телеграфтық стиль»: айтайтын деген ойын қысқа да нұсқа, нақты, шебер жеткізеді.



Зерделі ой

Ерболат әңгімелерінің бір ерекшелігі сол, мұнда драматизм бар. Тұнып тұрган көркемдік компоненттерден ғері толып жатқан қимыл-қозғалыс басым. Құбылысты, белгілі бір күй-қалыпты қаз-қалпында беруге ұста. Әрбір детальдің ішкі сырына үңіліп, ақтарыстырып ашуды мақсат етпейтін сияқты.

Нұрбол Құдайбергенов



Пікірлесейік

1. Ерболат Әбікенұлының шығармаларының тақырыбы қандай?
2. Елімізде басспана мәселесін шешу үшін қандай шаралар қолға алынып жатыр?



Себебін анықта

1. Не себепті автор пәтер жайын әңгімесіне арқау еткен?
2. Неліктен пәтер, басспана жағдайы үлкен қалаларда өзекті мәселе болып қалып отыр?



Тобыңда талдап көр

1. Әңгімеде көтерілген мәселені қазіргі өмірмен байланыстырып, үлттық мұдде тұрғысынан ашып талданадар.
2. Шығармадағы 3–4 сөз бен сөз тіркестерін қолданып, кейіпкерлердің бейнесін жасаңдар және оларды қазіргі кездегі қоғамдағы адамдармен салыстырыңдар. Кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсетіңдер.
3. «Ашық микрофон» өдісі бойынша жазушының адамдардың өлеуметтік-психологиялық бейнесін беру шеберлігі туралы ойларынды ашық айтып, талқылаңдар. Қаламгердің басқа да шығармаларынан оған мысалдар келтіріңдер.
4. Әңгіме мазмұны бойынша «Үш түрлі күнделік» толтырыңдар. Жұмыс нәтижесін топта талданадар.

Шығармадағы ерекше әсер еткен, ой салған үзінді немесе дәйексөз	Бұл үзіндіні не дәйексөзді таңдауға қандай себеп болды? Осыған байланысты қандай сұрақтар туындағы?	«Мұғалімге хат» – сұрақтар



Дәптеріне жаз

1. Басспана, үй туралы мақал-мәтелдерді жазып, олардың мағынасын шығармамен байланыстыра отырып түсіндір.
2. Осы сатириалық әңгімені 10-сыныпта оқыған «Шашты» әңгімесімен салыстырып, жанрлық ерекшелігі туралы жаз.

Түйінде

1. Шығарманың негізгі идеясын анықтап, әңгімеге әдеби сын жаз.
2. «Құнды ой» стратегиясы бойынша шығарманың көркемдік-эстетикалық маңыздылығы туралы 7 сөйлемнен тұратын құнды ой айт.

Қалай ойлайсың?

1. Әңгіменің «Үйлену оңай, үй болу қыын» деген мақалға қатысы бар ма? «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнінен алған біліміңде сүйеніп, кейіпкерлерге қандай кеңес берер едің?
2. Басты кейіпкерді мойымауға шақырып, ақыл-кеңес берер болсаң, қандай сөздер мен мақал-мәтелдер қолданар едің?

Үйде орында

1. Шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтап, мақала жаз.
2. «Талқылау бұрышы» әдісі арқылы берілген суреттің тақырыбы мен идеясын анықта. Қандай болжам жасадың?



3. <https://kitap.kz> сайтынан Ә. Несиннің «Майшабақ пен танакөз» деген туындысын оқып, «Пәтер іздел жүр едік» әңгімесімен салыстыр. Екі шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жаса. Шығармалардың жанрлық ерекшелігін түсіндіре отырып, ортақ құндылықтар үндестігін және сатираның қоғамдағы маңызы туралы жаз.



Білгенге маржан

Талғампаз оқырман ретінде Мұхтар Әуезовтің әңгімелері мен Бейімбет Майдилдинді ең оқылымды шығармалардың қатарына жатқызар едім. Менің кемшілігім – Майдилмен кеш танысқаным. Қатарластарымның көбі Бейімбетті жіңі айтатын. Бейімбетті жастықпен, албырттықпен оқудың қажеті шамалы. Адам ес тоқтатып, ақылды кіргеннен кейін ғана Бейімбетке баруы керек. Әйткені Бейімбет жалаң сатира емес. Бұл – ашы сарказмға, уытты қалжынға құрылған өмірдің шындығы. Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбаев, Тынымбай Нұрмамбетовтың әлемдік классикалық шығармалармен салыстыра алатын көркем дүниелері бар. Мәселең, Әбіш Кекілбаевтың «Ханша Дария хикаясын» ерекше атар едім. Мұхтар Мағауиннің көпшілік «Аласапыран» мен «Жармағын» жіңі атайды. Керісінше, «Архив құпиясы», «Қара қызы» бен «Шақан-Шерісінің» жөні бөлек. Тынымбайдың «Мешкейін» көбірек атап жатады. Оның ең мықты дүниесі – «Шашубай» мен «Бөрібайдың тымағын ит алып қашқан қысы» ерекше.

Ерболат Әбікенұлы



Әдебиет теориясы

Диалог – әдеби шығармаларда екі кейіпкердің немесе бірнеше адамның сөйлесіүі, яғни оларды сөйлету арқылы шығарма мазмұнын ашу тәсілі. Монологтен айырмашылығы онда тыңдау механизмдері қатар жүреді.



Қолданып көр

Әңгімәдегі диалогтерді оқып, оларды төлеу сөздерге айналдыр. Әсері қандай болды? Диалогтің қызметін толық атқара алды ма? Жауабынды түсіндір.

Эксперименттік тапсырма

Интернеттен француз жазушысы Поль лу Сулициердің «Зеленый король» кітабын оқып, «Пётр іздел жүр едік» әңгімесімен салыстыр. «Креативті жазу» әдісі бойынша әңгімені өз ойынмен позитивті түрде аяқта. Басқа да кейіпкерлерді қосуға болады. Жанрын өзің таңда.



Міне, қызық!

Ерболат Әбікенұлы бұрын әлеуметтік тақырыпта көбірек жазса, енді адамның ішкі дүниесіне көбірек үніліп, психологиясын ақтарғысы келеді екен.



Кітап – асыл қазына

Министр. Әңгімелер жинағы / Ерболат Әбікенұлы. – Алматы: Таңбалы, 2014.

«ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ» БӨЛІМІ БОЙЫНША ЖИҮНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

1. Тест тапсырмаларын орында.

Б.Мұқайдың драмалық шығармалары:

- A) «Өмірзая»
- B) «Өмір арнасы»
- C) «Ерулік»
- D) «Аққу сазы»
- E) «Иірім»
- F) «Мазасыз маусым»
- G) «Заманақыр»

Баққожа Мұқайдың «Сергелдең болған серілер», «Өзгенің өмірі үшін», «Дүние кезек» шығармаларының жанры:

- A) Новелла
- B) Поэзия
- C) Драма
- D) Эссе
- E) Очерк

Баққожа Мұқайдың «Өмірзая» романының тақырыбы:

- A) Тарихи
- B) Биографиялық
- C) Сыни
- D) Әдеби
- E) Публицистикалық

«Өмірзая» романы кейіпкерлерінің жалаға ұшырау себебі:

- A) Абылай хан туралы жазғандықтан
- B) Әбілқайыр хан туралы жазғандықтан
- C) Жәңгір хан туралы жазғандықтан
- D) Кенесары хан туралы жазғандықтан
- E) Бекей хан туралы жазғандықтан

«Өмірзая» романында көрсетілген жағдай:

- A) Ұлы Отан соғысы
- B) Кеңес үкіметін орнату
- C) Ұлт-азаттық көтеріліс
- D) Тоталитарлық жүйе
- E) Тәуелсіздік

Е.Әбікенұлының шығармалары:

- A) «Елу теңге»
- B) «Желтоқсан желі»
- C) «Ақын»

- D) «Министр»
- E) «Тәуекел той»
- F) «Өкініш»
- G) «Желтоқсан ызгары»

«Пәтер іздең жүр едік» әңгімесінде кездесетін жәндіктің аты:

- A) Шыбын
- B) Маса
- C) Шіркей
- D) Тарақан
- E) Қандала

Ерболат Әбікенұлы әдебиетте дамытуға атсалысып келе жатқан сала:

- A) Поэзия
- B) Пьеса
- C) Ертегі
- D) Публицистика
- E) Сатира

Ерболат Әбікенұлы шығармаларының негізгі тақырыбы:

- A) Әлеуметтік
- B) Шетелдегі қазақтар мәселесі
- C) Тарихи
- D) Достық
- E) Махаббат

2. Бөлімдегі шығармалардың үқсастығы мен ерекшелігін дәлелдей, түйінде.
3. «Заман шындығы» деген тақырыпта Б.Мұқай, Е.Әбікенұлы шығармашылықтарын қамтып, презентация жаса.

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырма үлгілері

Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер. Аристотельдің: «Маған достық та, шындық та қымбат. Дегенмен әрқашан шындықты бірінші орынға қоямын» және Шерхан Мұртазаның: «Шындық – азы һем ажарсыз» пікірлерін пайдалысып, мәтінді талда.

Шындық – шынайы, шын бар болмыс, нақты бар және дамитын нәрсе, өзінің мәні мен заңдылығын өз ішінде қамтиды. Философиялық терминологияда шындық жалғанға да, жай мүмкіндікке де қарама-қарсы қойылады.

Шындық – 1) табиғи және қоғамдық-тарихи құбылыстар жиынтығының нақтылы дамуындағы объективтік реалдылық; 2) шынайылық, дұрыстық, ақиқат.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі

- 1. Мәтін қандай үлгіде жазылған?**
 - A) Естелік
 - B) Хат
 - C) Анықтама
 - D) Өлең
 - E) Өсиет

- 2. Мына сөйлемдердің қайсысы жоғарыда берілген мәтіннің мәнін ашпайды?**
 - A) Су жоқ жерде өмір жоқ, ол – ақиқат
 - B) Шындық – көп, ақиқат – жалқы
 - C) Ақиқат сөз – ашы сөз
 - D) Шындық – ақиқатты түсіндіруші
 - E) Ақиқат женер жалғанды

- 3. Мәтінде айтылмаған сөзді белгіле:**
 - A) Реалдылық
 - B) Шынайылық
 - C) Имандылық
 - D) Дұрыстық
 - E) Ақиқат

Тапсырмаларды орында.

1. Т.Рысқұлов И.В.Сталинге: «Шындық шірімейді. Шындықтың бетін қанша бүркемелегенмен, бүркеніштің өр жағынан сөule шашырап тұрады. Шын тарих та осындей. Шын таразы – тарих» деген («Бесеудің хаты» драмасынан).
Не себепті? Дәлелде.
2. «Өмірзая» сөзінің түсіндірме сөздікте берілген мағынасы:
 - 1) таңға жақын көрініп, ағып түсетін жұлдыз.
 - 2) кеспелтек шоқпар.Осы екі түрлі мағынаны «Өмірзая» романымен байланыстыр.
3. Мәтінді оқып, сұраққа жауап бер.

Модернизм (франц. *moderne* – жаңа, қазіргі заманғы) – XX ғасырдың 20-жылдары пайда болған адамдардың рухани дағдарысын бейнелеуге негізделген көркемдік-эстетикалық жүйе. Модернизмнің төменгі шегі реалистік мәдениет болса, жоғарғы шегі 1950 жылдары пайда болған постмодернизм болып саналады.

Әдебиеттегі постмодернистік құбылыстың қоғамға пайдасы бар ма?
Пікірінді дәлелде.

III БӨЛІМ

ФАСЫРЛЫҚ ТУЫНДЫ

«Абай жолы» эпопеясы арқылы қазіргі қазақ прозасы күллі дүниежүзі әдеби классиканың шырқау шыңына шықты. Бұл да аз, әлемнің басқа елдерінде де оған тең келетін шығарма табу қыын. Бұл, менің ойымша, XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі.

Луи Арагон

Бұл тамаша эпопея бізге тұтас бір әлемді сыйға тартты, табиғаттың, түрмистың небір ғажайып картиналарымен, адам құштарлықтарын сипаттауымен бізді іңкәр етті.

Николай Тихонов

Мұхтар Әуезов – сарқылмайтын, бітпейтін, жасарып, жаңғыратын, өмірдің өзіндегі, жапырағы мәңгі жап-жасыл, жалғаса беретін құбылыс.

Рымғали Нұрғалиев

МҰХТАР ӘУЕЗОВ



Мұхтар Әуезов
(1897–1961)

Жазушы қай өңірде туып-өскен? Қандай отбасынан шыққан?

Мұхтар Әуезов Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей облысы) Абай ауданының Қасқабұлақ Берілі аулында 1897 жылды туған.

Мұхтардың атасының есімі – Әуезхан. Ағайындары Әуез деп атап кетілті. Әуезден Мұхтардың әкесі Омархан туады. Ал жазушының әжесі – Дінәсіл бес ұлдың ішінде жалғыз қызы болып еркелеп өскен – Ақтайлақ бидің немересі. Найманның қаракерей тегінен тарайтын бір тайпадан «он жеті ақын шыққан» сыйбан руынан шыққан. «Абай жолы» романында Барлас деген атпен берілген ақын Дулат Бабатайұлы Абай ауырғанда көңілін аулап, қасында бір ай жайдан-жай қонақ бол жатпаған. Ол – Құнанбай ауылына сыйлы Дінәсілдің туысы.

Әуездің екінші өйелі Сақыштан туған – Ахмет Әуезов «Бала Мұхтар» (1967 ж.), «Жас Мұхтар» (1977 ж.) атты естелік-кітапшалары арқылы жүртшылыққа жақсы таныс.

Мұхтар қай жерде білім алды?

Мұхтар атасы Әуезден арабша хат таныды. Бұл туралы жазушы «Менің өмірбаянымда»: «Атамыз бізді өзінше оқытатын. Бұл оның өзіне оңайырақ соққан шығар... Ал аздал қара таныған соң өлеңнің бірінен соң бірін жаттадым. Өлеңдер біртүрлі ұзақ, түсініксіз. Ара-арасында Фошкин, Лермонтов, Крылов, Татьян мен Анегин тәрізді бұрын құлақ естімеген, оқшау өзгеше есімдер естіліп қалады. Молдаға ұқсан, атамыз бізге таң атқаннан күн батқанға дейін кітаптан бас алғызбайтын», – деп жазады. Осы келтірілген мысалдардан Әуез атасының хат танығаннан кейін оқушыларына тек қана Абай шығармаларын жаттатқанын байқауға болады.

Абайдың бүкіл қарасөздері мен өлеңдерін ғана емес, Пушкин, Лермонтов, Крыловтан аударған тәржімелеріне дейін бес жасынан жаттап өскен М. Әуезовтің абайтанушы болуына бірден-бір ықпал жасаған адам – ең алдымен Әуез атасы екенінде дау жоқ. Ауылы аралас, қойы қоралас құдандалы адамдар болғандықтан,

Дінәсіл өжесі сыбаға апарған кезде Мұхтар да ілесіп барады екен. Бірде өжесіне «Үйге қайтайық» деп қыңқылдай бастағанда Абайдың «Кой, қарағым, жылама» деген дауысы мен байсалды қөзқарасы жазушының мәңгі-бақи есінде қалып қояды. Бұл туралы Зейнолла Қабдолов «Мениң Өуезовім» деген роман-эссеінде былай деп жазады: «Мұхтар Абайдың қабырғаға ілінген суретін көріп, қатты ашуланып: «Мынау – Абай емес, Абайдың көзі емес», – деген екен».

Өуез атасынан кейін бала Мұхтардың өміріне өсер еткен екінші адам – Қасымбек. Ол – Өуездің Сақыш деген әйелінен туған бес үлдің бірі. Жаңаша оқуды қалай бастағанын білу үшін жазушының өз сөзіне жүргінейік: «Оқуды 5–6 жасқа келген соң өзімнің үлкен өкемнен (Өуез атасын айтып отыр) оқи бастадым. Сол кісінің алдынан хат танығаннан кейін, өкеммен бір туысқан ағам Қасымбек қасына алып, Камали (Камалидин) деген хазіреттің медресесінде Семейде бір жыл (1908 ж.) мұсылманды оқытты да, артынан орысшаға берді. Орыс оқуына өуелі өзі дайындағы. Содан кейін бір қыс ішінде ауылнай школдан Әбіш Қасенов деген Семей семинариясын бітіріп шыққан қазақ учительінен оқып, келесі жыл күз Семейдің «5 классный городской училищесіне» түстім. Содан әрі мектептегі оқу тәртіппен кетті».

М.Өуезов бес кластық училищеге 1912–1913 оқу жылы түсіп, 33 оқушының ішінен келесі сыныпқа үздік бағамен (грамотамен) көшірілген екі оқушының бірі болды. Соңғы курста оқып жүргенде 14 жастағы болашақ жазушы «Есімде қалған бір күн» тапсырмасына орай «Дауыл» (Ураган) атты ең алғашқы шығармасын жазды.

Алғашқы шығармаларын қашан жазды? Қай жерде қызмет істеді?

1917 жылы Жұсіпбек Аймауытұлымен бірігіп жазған «Қазақтың өзгеше мінездері» деген алғашқы мақаласы «Алаш» (Ташкент, 30 наурыз, №16) газетіне басылса, Тұрағұл Абайұлымен бірігіп жазған «Адамдық негізі – әйел» атты мақаласы «Сарыарқа» газетіне (Семей, 5 қыркүйек, №12), «Оқудағы күрбыларыма» атты мақаласы да осы газеттің 14 қыркүйектегі санына шығады.

1918 жылы Жұсіпбек Аймауытұлы екеуі Семейде «Абай» журналын шығарып, «Екеу» деген атпен мақалалар жариялады. Сондай-ақ «Алаш жастары» одағын құрып, түрлі үйірмелердің ашылуына үйітқы болады. Өуезов 1918 жылы 5–13 мамырда Омбы қаласында өткен Жалпы қазақ жастарының құрылтайында орталық атқару комитетінің мүшесі болып сайланады.

Семинарияны бітіргеннен кейін қоғамдық-саяси жұмысқа араласа бастаған. 1920 жылы Семей губревкомының (губерниялық революциялық комитет) жанынан ашылған қазақ белемінің менгерушісі және «Қазақ тілі» газетінің реңми шығарушысы болады. 1920 жылы «Ес-аймақ» деген мәдени-ағарту қоғамын құрады, жазушының «Еңлік-Кебек», «Ел ағасы», «Бәйбіше-тоқал» пьесаларын осы қоғам мүшелері сахналайды.

1930 жылы Өуезов «қазақ ұлтшылдарының астыртын үйімінің мүшесі, ұлтшыл, байшыл» деген айыппен Ташкентте қамауға алынып, Алматыға жеткізіледі. Ахмет Байтұрсынұлының «Жаңа өкімет бізге сенбейді. Біздің көзімізді көрген сен тірі қалуың қерек, сондықтан кешірім сұра» деген ақылымен газетке ашық хат жазып, түрмеден шығады. 1932 жылы Қазақ педагогика институтының (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ) аға оқытушысы болып қызмет істейді.

1934–1961 жылдар аралығында қазіргі өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де ұстаздық қызмет атқарды. Сондағы Қазақ әдебиеті кафедрасының негізін қалауды. Осы жылдары студенттерге арнап «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ халқының суырыпсалма айтыс өнері», «Түйсін халықтар әдебиеті», «Абайтану» секілді жалпы және арнаулы курстардан дәріс оқыды.

М.Әуезов шығармашылығының үлкен бір саласы – Абай жайындағы еңбектері. Бала кезінен ақынның өлеңдерін жаттап, ұлылығын құлағына сіңіріп өскен М.Әуезов бұл тақырыпқа әңгіме («Татьянаның қырдағы әні»), зерттеу («Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы»), либретто, пьеса, сценарий, роман-эпопея («Абай жолы») жазды. «Абай жолы» шығармасы алғаш «Абай» деген атпен (1942 жылы бірінші, 1947 жылы екінші кітабы) жарық көрген.

Жазушы 1961 жылы 27 маусымда Мәскеу қаласындағы Кремль ауруханасында операция кезінде қайтыс болды. Қазақстан үкіметі қабылдаған арнайы қаулыға сәйкес ұлы жазушының есімін мәңгі есте қалдыру мақсатымен ҚР ҰFA-ның Әдебиет және өнер институты мен Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрына жазушының аты берілді. Тұрган үйі әдеби-мемориалдық музейге айналды. Республика көлемінде мектептер, көшелер және Алматының бір ауданы жазушы есімімен аталады.

1997 жылы Францияда қазақ жазушысы Мұхтар Әуезовтің тұғанына 100 жыл толуына арналған Қазақстан күндері өтті.



Пікірлесейік

1. Мұхтар Әуезовтің балалық және жастық шағы қалай өтеді?
2. Оны кім тәрбиеледі? Абай шығармаларын Мұхтар кімнен білді?
3. Болашақта оның қандай шығармаларын оқуды жоспарлап қойдың?
4. Мына суретті жазушының қай шығармасымен байланыстыраң едің?



5. М.Әуезовтің қай туындысы оны әлемге әйгілі етті?



Себебін анықта

1. Жазушы неге Абайды бала кезінен бастап білген дейміз?
2. М.Әуезов кейбір шығармаларын неліктен бүркеншек есіммен ұсынған?

- Жазушы шығармашылығы неге жан-жақты, сан салалы?
- М.Әуезов неліктен қудалауға ұшырады?



Тобыңда талдап көр

«Дербес пікір айту» әдісі бойынша М.Әуезовтің шығармашылығын талдап, ойларыңды ортаға салындар.

- Өзіндік пікір (ой, идея).
- Дәлел.
- Өз пікірін айғақтайтын мысал.
- Өз пікіріне қарсы дәлел.
- Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал.
- Қорытынды.



Дәптеріңе жаз

М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы туралы қосымша ізденіп, өзің тапқан деректерді «Кеңейтілген тізім» әдісі (статистикалық деректер, уақыт желісі, қарапайым фактілер) бойынша дәптеріңе түсір.



Түйінде

«Зерде» тәсілі бойынша М.Әуезов туындылары неге әлі қунге дейін халықтың сүйіспеншілігіне ие болып келе жатқанын саралап, түйінде.

Білім	Зерттеу енбектері арқылы алған ақпараттарым
Эмоция	Бір кейіпкер тағдырына байланысты менің көңіл күйім
Баға	Автор шығармашылығына берген бағам
Сын	Автор шығармаларының мен үшін маңызы
Идея	Оқырман ретінде автор шығармаларын насиҳаттауға ұснатын идеям



Қалай ойлайсың?

Д.Қонаев: «Біз үшін Абай қандай болса, Мұхан да – сондай даналық мектебі. Ол мектептен дәріс алу – әр қазақтың абырайлы борышы», – деп неге айтқан?



Үйде орында

«Абай жолы» эпопеясын зерделей оқып, ұлы ақын әлеміне бойла.



Зерделі ой

Әлемді көз алдыңа келтіру үшін, басқалардың көзіне түсу үшін, адам рухының қадір-қасиетін асқақтата көтеріп, жар салу үшін өз биігің – Мұхтар Әуезов сияқты шыңың болу керек.

Шыңғыс Айтматов

Білгенге маржан

Мұхтар Әуезов «Менің өмірбаяны» деген мақаласында: «Менің атапарым XIX ғасырдың бас кезінде Орта Азия жақтан кеп, тобықты руына сіңіп кетіпті» деп жазған, Смағұл Сәдуақасовтың сұрағына жауап ретінде жазылған «Өз жайымнан мағлұмат» деген хатында: «Менің тегім – қожа. Алғашқы шыққан жерлері Қаратуа деуши еді... Тобықты ішіне менің үшінші атам Бердіқожа бірталай туысқандарын ертіп, найман ішінен келген» дейді. Жазушының ата-бабасы Орта жүзде өте ықпалды адам болған Ақтайлақ бидің үйымдастырып, сұратуымен Аягөз жеріне келіп қоныстанады. Әйткені жаназа шығаратын молдалар азайып кеткендіктен, Ақтайлақ би Түркістаннан отыз шақты қожаны отбасымен арнайы көшіртіп алады. Құнанбай сияқты сұлтандар мен би-болыстарға хабар жіберіп, қожаларды таратады. Сонда Құнанбай Мұхтардың атасы, өзімен замандас Бердіқожаны қоярда-қоймай жүріп көшіріп алып, шұрайлы қоныс Архатты береді. Бердіқожа кесек тұлғалы, сөзге шебер, беделді адам болады. «Абай жолының» бірінші кітабында Бөжей арызben Қарқаралыға барғанда, Құнанбай тарапынан осы Бердіқожа да барады. Оның Үсен, Бурахан, Әуезхан, Кенжехан, Самархан деген бес ұлы, төрт қызы болған. Құнанбай Бураханды үнемі қасына ертіп жүреді өкен. Бұл да романда бар. «Абай жолында» суреттепетін Құнанбайдың кіші әйелі Нұрғаным – осы Бердіқожаның қызы.

Мұхаммед пайғамдардың қызы Бибі Фатима мен күйеу баласы Әзірет Әлінің екі ұлынан тараған ұрпақ «қожа» деген атауға ие болған. Дін тарихында бұларды «Сейіт қожалар» деп атайды.



Міне, қызық!

М.Әуезовтің бүркеншік аттары (псевдоним) – Қоңыр, Жаяу сал, М.Ә.

«Екеу» деген бүркеншік атпен «Абай» журналына жарияланған «Абайдың өнері һәм қызметі» (1918, №2), «Абайдан соғы ақындар» (1918, №5) деген мақалалар Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезовтің көптомдық жинақтарына енгізілген. Ал тағы да «Екеу» деген бүркеншік атпен жарияланған «Көркем әдебиет туралы» (Еңбекші қазақ, 1927) деген мақала авторлары Абдолла Байтасов пен Даниял Ұлсақов екен-дігі туралы С.Мұқанов, Т.Жұртбай т.б. жазған. Бұлар да осы атты пайдаланды ма, жоқ па деген дүдемал пікір бар.



Кітап – асыл қазына

1. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 3-том. – Алматы: Жібек жолы, 2014. – 424 б.
2. Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. – Алматы, 1997; 2004.
3. Әуезов және архив. Құжаттар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997. – 130 б.
4. М.О.Әуезовтің шығармашылық өмірбаяны. Ұжымдық монография. – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2014. – 524 б.
5. Мұхтар Әуезов әлемі. – Алматы: Жазушы, 1997. – 352 б.
6. Саттаров С. Мұхтар Әуезовтің ататегі. – Алматы: Жібек жолы, 2010.
7. Қабдолов З. Менің Әуезовім. Роман-әссе. – Алматы, 1997.



«Абай» эпопеясы – шығармашылықтың тылсым сырына, өмір мен өлеңнің өзара байланысына терең бойлаған туынды, ақын мен поэзия жайлышы өлем әдебиетіндегі ең шоқтығы биік үздік шығарма.

Михаил Луконин

«Абай жолы» роман-эпопеясы

Қазақтар туралы бұрын ештеңе
естімеген едім.
Енді оларды өте жақсы танимын.
Жақындағана М.Әуезовтің
тамаша кітабын ағылшын тілінде
оқып шықтым.
Шынында қазақтар неткен
ғажап халық!

Бенжамин Матип



CD 04

Ұзіндіні тыңдал, Абайдың әке-шешесімен қарым-қатынасына баға бер.

«Абай жолы» – 26 тарау, 2 эпилогтан тұратын қазақ халқының тұңғыш роман-эпопеясы. «Абай» деген атпен 1-кітабы 1942 жылы, 2-сі 1947 жылы, 3-сі «Абай жолы» деген атпен 1952 жылы, 4-сі 1956 жылы жарыққа шықты.

1-кітап «Қайтқанда», «Жолда» «Шытырманда», «Бел-белесте», «Өрде», «Қияда» деген жеті тараудан тұрады. Бас кейіпкер қазақтың кеменгер ойшыл ақыны – Абай Құнанбайұлы. Роман-эпопеяда оның 13 жастан бастап, қайтыс болғанға дейінгі өмір жолы тұтас баяндалады. Тараулардың атаулары бас кейіпкердің өмір жолын, өсу жолын көрсетіп, мазмұндық-тақырыптық талдауға жол сілтеп тұр.

«Қайтқанда» деген I тарау «Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне бала шекірт барын салды. Қорықтан күн шыға атқа мінейік деп асыққан-ды. Бұны қаладан алып қайтқалы барған ағайыны Байтасты да таң атар-атпаста өзі оятып тұрғызып еді», – деп басталады.

Семей қаласында үш жыл оқуда болған Абайдың туған ауылына деген сағынышы Байтас пен жорға Жұмабайдың диалогі арқылы беріледі. Қауіп-қатері көп Есембай жырасына тақалғанда Абай жолаушылардан үзап кетіп, кенеттен арт жақтан қарақшыға үқсап келіп, жорға Жұмабайдың қалың қара тымагын көзіне түсіріп жіберіп, шоқпарын тартып алады. Абайды ізден, бұлардан сөл үзап кеткен жүйрік атты Байтас қайта оралғанда Жұмабай:

– Өй, балам-ау, мына жер – жау жатағы. Бұл үрінің ойнағына кеп алып, жаман ырым бастағаның не қылғаның? – деп, Абайға ренжіді.

Абай үлкен адамды қорқытқанына басында мәз болғанымен, артынан ерекше ілтипат көрсетіп, жол қысқарту үшін әдейі істегенін айттып, кешірім сұрайды. Осы арқылы болашақ ақынның болмысы, тапқырлығы бой көрсетеді.

Ауылға келгенде амандасудың өзі үлкен тәртіппен орындалады. «Телқара! Айналайын Телқара! Соқталдай азamat боп кетіпсің-ау!» деген бір жеңгесінің сөзіне қарап, Абайдың екінші аты Телқара болғандығын білеміз.

Озіне талай ертегі айтып беріп, тәрбиелеген әжесі Зеренің құлағы естімей қалғанын уайымдаған Абай «Емдесе» қайтеді деген сөзіне айналасы «Ушкірсе, кейде ашылып қалады. Ушкірген жағады» дейді. Ауыл әйелдері де «Мына балан молда боп келді ғой, үшкірт балаңа» деп кеу-кеулеген соң, Абай әжесінің құлағына «Юзі раушан, көзі гаунар» деп басталатын өлеңінің бір шумағын айтып, бір рет үшкіреді. Екінші рет осы өлеңінің тағы бір шумағын айтып, «су-ф-ф» дейді. Ушінші рет:

Үшады бозша торғай көдені ықтап,
Басасың аяғынды нықтап-нықтап.
Кәрі әжем естімейді, нана берсін,
Берейін өлеңіммен шын үшкітап, –

дегенде ғана қарап тұрғандар да, әжесі де Абайдың қалжыңдан тұрғанын түсінеді.

Тонтай нағашысының өлерінде айтқан «Жазыла-жазыла қожа-молда-лардан да ұят болды, енді өлмесек болмас» деген мысқыл сөздерін еске алышп, «нағашысына тартыпты» деген пікірлер айтылады. Осы эпизодтан болашақ ақынның қарым-қабілеті айқын көрінеді. Абайдан 5–6 жас кіші Оспан інісінің тентек қылыштары адамды еріксіз езу тартқызады.

Тарауда ерекше орын алатыны – Қодар мен Қамқа оқиғасы. Оларды қалай жазалағанын кездейсоқ көріп қалған Абайдың тәсек тартып, қатты ауырып қалғандығы оның үлкен сезімталдығын, жанының нәзіктігін дәлелдейді. Дәл



Бала Абай ақындармен бірге

осы кезде ауылға Барлас ақын мен оның шәкірті Байкөкше келеді. Бұл жердегі Барлас – атақты ақын Дулат Бабатайұлы.

1942 жылы шыққан нұсқасына «Керіартпа, ескішіл ақынды насихаттады» деген сын айтылғандықтан, Барлас деп өзгертуге мәжбүр болған. «Қобиланды батыр», «Қозы Керпеш-Баян сұлу», «Ақбала-Боздақ» жырлары мен Асанқайғы, Бұқар жырау, Марабай мен Жанақ, Шортанбай, Шәже, Сыбанбай, Балта, Алпыс ақын өлеңдерімен қатар өз өлеңдерін де жатқа айтқан Барласты Абай өтініші бойынша үйдегілер бір ай ұстайды. Кетерінде Абайдың шешесі Ұлжан еki ақынға шапан жауып, ат мінгізіп жібереді. Осы байланыс арқылы Абайдың өлең-жырга жастайынан құмар болып өскені байқалады. Ақынға тән болмысы осылайша қалыптаса бастайды.

«*Қат-қабатта*» деген екінші тараудағы басты оқиға – жер дауы. Бұрын бөкенші мен борсақ рулары жайлайған ішінде Қодар отырған шұрайлы жер Қарашоқыны Құнанбай енді өз меншігіне қаратады. Бұған үлкен бәйбішесі Құнкені ие етеді. Бөкенші руынан Сүйіндік, Сүгірлер, борсақ руынан Жексен (Қодардың туысқаны) көштері өз қыстауларына қоныстана алмай, қайта көшеді. Қодар мен Қамқа туралы өсекті жүртқа жайған Жексен мен Жетпіс қателескенін, арандап қалғанын қыстауларынан айырылғанда бір-ақ біледі. Жылап-еніреп, Қодар мен Қамқаның аруағынан кешірім сұрайды. Сүйіндік, Жексендер қайта көшкенімен, Құнанбай атаған қыстауға бармай, Шыңғыс тауының Қызылшоқы, Қыдыр, Қөлқайнар деген жерінде жаппа тігіп, көшпей отырып алады. Құнанбай қайта-қайта елші салып жүріп, бұларды өзінің атаған жеріне қоныстандыра бастайды. Ендігі бір көздегені – жатақ ауылдардың қожайыны Бөжей отырған Тоқмамбет қыстауын алу. Мұны осы қыстауға таяу отырған Байсалға алып бергісі келеді. Бөжейге кісі салғанмен, ол тыңдай қоймайды. Ыза болған Құнанбай бір қарулы жігіттерді жинап келіп, Бөжейге дүре соққызызады. Бұған көтібақ руынан шыққан Байсал араша түсіп, өз жігіттерімен Бөжей жағына шығып кетеді. Бөжей Құнанбайға лағынет айтады.

«*Жолда*» деген үшінші тарауда Абай отызға тарта нөкер ерткен өкесімен бірге Қарқаралыға барады. Аға сұлтан Құнанбайдың айналасында әрбір жұмысқа жауапты сенімді адамдары мен тілмаш болады. «Тегінде, Құнанбай қолында Фабитхан сияқты татардан, Ізғұтты сияқты қырғыздан, Бердіқожа сияқты қожадан келген, тіпті шеркестен де келген жеке адамдар немесе тұтас ауыл, топтар көп болушы еді» деп жазады жазушы.

Қарқаралыға келу себебі – Құнанбай үстінен жазылған Бөжейдің арызы. Осы кезде Құнанбай өз қаражатымен салдырып жатқан мешіт құрылсының көреді. Бұдан еki жыл бұрын Қарқаралыға ықпалы жүріп тұрған Қаздауысты Қазыбек бидің үрпағы Алшынбай мен Құнанбай достығы теренден, оның Түсіп деген баласынан туған Ділдәні Абайға атастырыған болатын. Осы Алшынбай Тіленшіұлы іске араласып, Құнанбай мен Бөжейді татуластырады. «Серттің адалдығы бала бауырымен біте қайнассын» деп, Құнанбайдың кіші әйелінен туған З жасар Қемшатты Бөжейге аманат етіп берсін деген шешім шығарады. Бұл сапарда Абай Шәже ақынмен және Алшынбай қасына ертіп жүретін Балта ақынмен жүздеседі. Тарау «Екі көзі қарақаттай жайнаған, аппақ» Қемшаттың «от басып алғандай» «Апа, Апа! Әже!» деп шырылдарап жылағаны Бөжейлер аттанып, ұзап кеткенше «...отқа ертеніп не суға жұтылып бара жатқан жанның зарындаған бол, ызың-ызың естіліп тұрды» – деп аяқталады.

«Шытырманда» деген төртінші тарауда – Абай ел ісіне араласа бастайды. Колы бос уақытында Фирдауси, Низами, Физули, Науай, Бабыр сияқты шығыс классиктерінің шығармаларын оқудан бас алмайды. Қаладан қайтқанда екі қоржын кітапты Құнанбай Фабитхан молдаға арнайы алдырады. Осы кітаптарды Фабитхан арқылы әкесінен сұратып алып, Абай бір қыс кітап оқиды.

Абайдың ел ісіне араласуы Құнанбай тапсырмасымен «бес қасқа» атанған мықты бес ұлы бар Құлыншақ аулына баруынан басталады. Құнанбай арнайы жібергендіктен, Құлыншақ Абайды баласынбай, жақсы қарсы алады. Абайдың келген шаруасы – борсақта тиесілі Бетқұдық деген қыстау Ақперді деген кісінің иелігіне өткендіктен өрі биыл пішен шауып алғысы келетіндіктен, Құлыншақтан бұған дейін иеленіп келе жатқан жерге қонбауын өтіну. Құлыншақ:

– Ақперді, Ақперді, Ақперді, Ақпердігі Құдай бақ берді, – дейді. Сонда Абай: – Бақ берген емей немене,

Борсақтан қалған аз жерді,

Менікі деп тап берді деңіз, – деп жалғап әкетеді. Құлыншақ құліп: «Тек осыныңды Ақперді есіткей етті» деп ырза боп қалады. Сөз арасында Құлыншақ: «Айыпқа мал бермеді деп Бөжей жағы қомсынады, білем. Сол кішкене қарындастыңың құтімі де келісті емес деп есіттім-ау? Айғыз байғұс соны сезіп, қайғырады ғой» деген көңілсіз әңгіме бастайды. Абай Құлыншақ жетектеген сөздерге ілеспей, азырақ үндемей отырып, балаларының неге «бес қасқа» аталғаны туралы сұрайды. «Қасқа» дегені – батыр деп айтқаны дейді ғой мыналар», – деп Құлыншақ баласына қарайды. Абай Құлыншақтың бар ойы «бекенші, борсақтан жер олжа қылмадым» деген арман екенін танып, ішінен наразы боп аттанады. Әкесіне Құлыншақтың қонгенін айтса да, өкпесін айтпайды. Абайдың қасына еріп барған Қарабастан Құнанбай тағы сұрап, балаларының әрекетін жіті бақылайды. Осының ертеңінде ол Абайдың қасына Қарабасты қосып, енді Тоғжанның әкесі Сүйіндіктің аулына жібереді. Мұнда әкесі тапсырған азды-көпті шаруаны айтқаннан кейін көбінесе әңгіме Қарауыл, Шыңғыс деген атаулардың шығу тарихы, Құнанбайдың әкесі Өскенбайға үлкен ас бергендегі Сүйіндіктің пікірлері мен кейбір жер дауына айтқан билігі туралы сөз болады. Екеуара әңгіме жарастықта өткендіктен, Сүйіндік Абайдың шай ішіп отырған кесесін өзі алып беріп, үлкен құрмет көрсетеді. Бұл үйде де Қемшаттың жағдайының төмен екендігі айтылады.

Бұл тараудағы маңызды жайт – Абайдың Сүйіндіктің екінші өйелі Қантжаннан туған Тоғжанмен танысуы және кейіннен жақсы досына айналған Ерболмен кездесуі.

Енді Құнанбай Абайды осымен өзіне өкпелі үшінші адам – Байдалыға жұмысайды. Ол – ана екеуі сияқты емес, Бөжаймен тізе қосып, әрдайым жаулықты мықты ұстап отырған адам. Абайдың өзін «шытырман ішіне жалғыз, құралсыз, әлсіз күйде» кіріп бара жатқандай сезінуі арқылы тараудың неге «Шытырманда» деп аталғанын үғамыз.

Байдалы Абайларды жылды шыраймен қарсы алмайды. Абай «Байдалының Қаршығалы, Қопа деген қоныстарына Сүгір мен Сүйіндік қоса қонсын, бірге жайласын» деген өке сөлемін жеткізеді. Байдалы келісім бергенімен, Құнанбайдың «айналып келіп тек қана жігітек руына» тиісетінін айтып, кінә тағады. Бір кезде Байдалы ызғар шашқан өнін лездे өзгертіп, байсалды қалыпқа түседі. «Ашуы мен сабырын оңай жұмсап, оңай тежеп,

оп-оңай бұрып салып отыратын шын ұстамды адамды» Абай алғаш рет көріп, таңғалады. Байсал Базаралының әкесі Қауменнің үйіндегі Қаратай, Бөжей, Байсал бас қосқан бір отырыста «Мырза кім?» дегенде Қаратайдың «Мырза – Құнанбай», «Шешен кім?» дегенде «Шешен – Құнанбай», «Жақсы кім?» дегенде «Жақсы – Құнанбай» дейді. «Онда неге алысып жүрміз?» дегенде, Құнанбайдың «не қылайыны» жоқ қой. Сондықтан кетіп жүргем жоқ па?» дегенін баяндай келе, Абайға әкеңе осы сөздерді осы қалпында жеткіз деп сөлем айтады.

Абай Қемшат жайын Ұлжан мен Зереге ғана айтады. Аналарының тапсырмасымен, енді Абай Бөжей ауылды Қопа деген жайлауға қонған күні қасына Фабитхан молданы ертіп, Қемшатқа келеді. Астында жыртық жаялық, басында жыртық шапанның жеңі, қол-аяғы шидиіп, құп-құ шөлмектей боп, әлсіз жылап жатқан баланы көргенде Фабитхан молда:

– Ей, мазлума! Нилер ғазап көргенсің сен бейгүна мазлума! (арабша әйел жынысына ғана қаратылып айтылатын міскін әйел деген мағынада) – деп жылап жібереді. Мінез көрсетсе, Қемшат үшін пайда емес, қайта оның азабын арттыра түсетінін түсініп, Абай ашуын тежеп, бәйбіше берген қымызды да үрттамай, тез аттанып кетеді. Абай Қемшаттың әл үстінде жатқандығын үй ішіне тегіс хабарлайды.

– Қайтейін, мен қайтейін?.. Кеше исі арғынның игі жақсысы бүйірді! – деп Құнанбай шешесі Зереге қарап, шарасыз күйге түседі. Ертеңінде Құнанбай жорға Жұмабайды жіберсе, Айғызы да өз тұсынан бір адам жібереді. Бірақ Бөжей кінесін мойындармай, Құнанбайдың өзіне өкпе айтады. Аз күннен кейін Қемшат қайтыс болады. Құнанбай мен Айғызыга хабар айтпай, Қемшатты өздері жерлей салады. Жазушы мұның бәрі қатығездіктің, өшпенделіктің, білмestіктің, надандықтың белгісі екенін тәптіштеп жазады.

Бірақ көп ұзамай, кенеттен науқастанған Бөжей де төсекте бес күн жатып қайтыс болады. Байдалы бастаған топ тағы да Құнанбайларға хабар бергізбейді. Сүйегін қыстауы Тоқпамбетке апарып қояды. Бұл тарау «Бөжейдей жұрт жоқтаған жанға топтырақ сала алмай қалған жалғыз Құнанбай айналасы болды» деп аяқталады.

«*Бел-белесте*» деген бесінші тарауда – жер дауы төңірегіндегі дүрбелен одан әрі жалғасады. Жаз жайлауға шығу уақыты болғандықтан, ағасы Тәкекожанның ұсынысымен Абай бұлдірген теруге шығады. Сол кезде алдарынан Бөжейдің күімі жабылып, кекілі кесілген қара көк атын орталарына алған екі қызы бастаған қаралы көш өтеді. Олар кісілерді көргенде дауыс сап, жоқтау айтады. Абай осы топтың ішінен Тоғжанды танып, ерекше күйге түседі. Бұл көрініске әлі ештеңені түсінбейтін Оспан ғана мәз болып жүр.

Бөжей ауылды Құнанбайлар отырған жақын қонысқа көшіп келгендіктен, Құнанбай үш саба қымызы, бір ту бие, бір тай, Зере мен Ұлжан бір түйе сойыс алып, тайлыштығы қалмай, Бөжей үйіне көніл айтуға барады. Қыздар жоқтау айтқанда Құнанбайға да кінә таға кетеді. Сол кезде Құнанбаймен ағайында, Сары апаң аталаған кеткен кісі былайша айғайлап айтып тастайды:

Мына да қарлар не дейді?
Жақсыдан жаман көбейді.
Ескінің асыл көзі еді,
Ұрлап та көмдің Бөжейді.

Екі жақ бір-біріне деген өкпесін осылайша әйелдер аузымен жеткізеді. Қайтарда Құнанбай: «Күтсөң, Сары апаңды күтсөндерші», – деп оған деген ризашылығын бір-ақ ауыз сөзбен білдіреді.

Күз айының белгісін жүрттың жазғы үлкен киіз үйлерді қоймаға тастап, кішілеу қоңырқай үйлер тіге бастағанынан байқауға болады. Тағы да Құнанбай жағы мен жігітек арасында кикілжің басталады. Әңгімеге арқау болған жағдай – Майбасардың атшабарын жігітектің бір жігітінің сабап кетуі. Майбасар – Өскенбайдың басқа әйелінен туған Құнанбайдың інісі. Құлыштақпен болған келіссөз мәмілеге келмегендіктен, Құнанбай бөлініп кетеміз деген жігітекті тоқтату үшін тағы шабуылға шығады. Жіберген жігіттері басқа көшпен бірге байқамай қаралы Бөжей көшіне де тиіседі. «Бөжейдің қаралы көшіне шауыпты. Өлі аруақты қорлапты» деген сөз желдей есіп, шартарапқа тарайды. Енді Байдалы да қол жинап, Тогжанның әкесі Сүйіндік Тұсіпті Қарқаралыға арыз айтуда жөнелтеді. Үш күнге созылған «Мұсақұл соғысы» Құнанбайдың жеңісімен емес, жігітек жағының күресуге, белдесуге жарайтындығын көрсетуімен аяқталады. Арада тып-тыныш 10 күн өтеді. Келесі күні Тұсіптің арызы бойынша Чернов деген шенеунік пен Қарқаралыдан ілескен қазақтар Майыр дейтін көмекшісімен және бір топ қарулы жігітпен Құнанбай аулына түседі. Екі жақтың дауы – баяғы жер мәселесі. Арыз-шағым өте көп болғандықтан, ұлықтар Құнанбайды қалаға алып кетеді. Құнанбай кеткеннен кейін жігітек жағы Қаратаймен ыргаса жүріп, 15 қыстауды қайтарып алғып, тынышталады. Мал да беріледі. Бұдан кейін Құнанбай үстінен арыз түспейді. Ал Абай бұл кезде айналасындағы үлкендердің барлық шама-шарқын танып болған еді. Ендігі ермегі – қолына домбыра алғып, мөлдір күйлер, сұлу өндер шерту. Тогжанды сағынышпен еске алады.

Ал Құнанбай ісі Омбыға кеткендіктен, оған сол жаққа баруга тұра келеді. Алшынбай Майырды паралап тастағандықтан, енді ол қысыла бастайды. Құнанбайдың құдаларының бірі Тінібек те көп көмектеседі. Майыр Керекуге жеткеннен кейін Құнанбайды өзі түскен үйге шақыртады. Барлық қағазды Құнанбайға көрсетеді. Ал Құнанбай пешке от жаққызып, өзі Майырдың қолын артына қайырып үстап, Қаратайға барлық арызды жақтырып жібереді. Өтірік мас болған Майыр бұлар кете салысымен, үй иесі Сергей екеуінің келісімі бойынша есік алдындағы ескілеу сарайды мініп келген шанасымен бірге өртейді, Сергей қағаздың өртөнгені туралы акт жасап береді.

Бір қыс сапарда болған Құнанбай елге қайтқанда енді сұltан емес, Майбасардың орнына елге старшын болып оралады. Өйткені бұл кезде сұltандық билік жойылып, старшын, болыс, майыр деген билік түрлері орнай бастаған. Абай былтыр Тогжан ауылынан қайтарда танысқан Ербол деген жігітпен ойда-жоқта ұшырасып қалады. Жұғымды жігіт Ербол Тогжанның жеңгесімен сөйлесе жүріп, Абай мен Тогжанның жолығуна мүмкіндік жасайды.

Құнанбайды жалғыз ырғызбайлықтарға емес, топай, жуантаяқтың көп ауылдары зор құрметпен қарсы алады. Алда Тәкежанның үйлену тойы мен Абай, Оспандардың үрін бару рәсімдері атқарылмақ.

«*Өрде*» деген алтыншы тарау Алшынбай ауылына Абайдың үрін баруымен басталады. Бұған отыз шақты адаммен Ұлжаннаның өзі бастап, некеқияр салтын жасайды. Әкелген қалың малдың басы – кесек күміс бесік жамбы. 7–8 күндік жол бойында Абай мен Ерболдың жұбы жазылмайды. Абай қасына 12 жігіт

ертеді. Еркектер жағын Ізғұтты басқарады. Келген жылқы, түйеден басқа жыртыс матаңың өзі екі атан түйеге артылады. Ал келінге жасау тігілетін батсайы, мақпал, манат, дүрия, шағи бөлек салынған. Осылайша, автор ұрын бару рәсімінің сән-салтатанатын оқырманға таныстырады.

Алшынбай жағы да жеке үй тіккізіп, құдаларды ерекше күтеді. Той дүрілдеп өтеді.

10 күн өткеннен кейін Ұлжандар қайтып кетіп, Абай Ділдәнің қасында біраз күн болады. Айрылысар кезде Абай мен Ділдә бір-біріне үйренісіп, қалжындағап та отырысады. Дегенмен Ділдә сүйкімді, сұлу көрінгенімен, екеуі бір-бірімен қабыспайды, шын ғашықтық оты тұтанбай, салқын күйде қалысады.

Осы тараудағы тағы бір басты оқиға – Абайдың Бөжей асын өткізуге атсалысуы. Абай жігітек басшысы Байдалының өзіне келіп, үй тіккізу үшін бөлек орын сұрайды және жиынға келетін ең қадірлі, ең сыйлы деген елдің қонағының бірін беруін өтінеді. Бөжейдің нағашысын таңдаған Абай зор дайындықта кіріседі. Байдалы жігітек тарапынан Ербол, Жиренше, Базаралыны көмекке береді. Абай жағынан бұл іске Ұлжан, Ізғұтты, Құдайберді бел шеше кіріседі. Оншақты үй тігіліп, бие сойылып, қой үйітіліп, бауырсақ пісіріліп, қарбаласып жатқан жұрт. Қөрнекті жерден орын алған салтанатты үйлерге кімдердің түсетіндігі елдің бәрін қызықтыра бастайды. Бұл үйге Жетісу жақтан Бөжейдің нағашы туыстары кіреді. Тағы бір топ сыбандар жиынын бастап ақын Қадыrbай келеді. Қадыrbай Абай ісіне, қайтарған жауабына, өкесін қорғап айтқан тапқыр сөзіне дән риза болып, батасын береді. Бір түнеген қонақтарды құтудің ең ауыры – келер күн. Табақ тартуға өңшең күміс ер-тоқыммен ерттелген жорға аттарды сайлап, құтуші жігіттер бастарына тегіс біркелкі жібек орамал байлайды. Жазушы: «Ас ошағынан екі арада бұлар қос табақтан алып, қатар ызғытып жөнелгенде, өлкे бойы жайнап кеткендей болады», – деп суреттейді. Бәйге, курес сияқты ойын-сауықтар басталғанда, Абай елікпейді, өйткені алыстан келген қонақтардың кешкі сыйына дайындалуы керек. Қасындағы көмекші адамдардан да «хабаршы боп тұрайыншы» деп қатты қызыққан Ерболды ғана босатады. Бәйгеге 150 ат қосылады, берілетін сыйлықтың бәрі тоғыз-тоғыздан. Бірінші бәйге – түйе бастатқан тоғыз, екінші бәйге – Ұлжан өкелген күміс жамбы бастатқан тоғыз. Балуандар бәйгесі де сондай тоғыз-тоғыздан. Кешкүрим қонақтарды сыйлап, ертеңінде түскі асты ертерек бергізеді.

Қонақтар аттанғаннан кейін Бөжей мінген қара көк тұл атты Байсал мен Сүйіндік жығып, Байдалының өзі жылап тұрып, бауыздайды. Бұлардың «үшеуі де кейін «жол» алды» дейді. Үйқы қысқаны соншалық, Абайлар үйге келе сап, төсекке құлайды. «Екі тұн, бір күн үйіктамаған Абай осы қалың үйқының уағында өзінің қандайлық абыройлы, атақты, жақсы жігіт атымен оянғанын білген жок-ты», – деп жазады жазушы.

Жігітек ауылымен татуласқаннан кейін Абайға Сүйіндік ауылына баруға жол ашылады. Осындаі бір сапарда тұра алтыбақан теуіп, ойын ойнап жатқан той үстінен түседі. Тоғжанмен кеңірек сөйлесіп, екеуі бір-бірін қалтқысыз сүйетін ғашықтар екенін аңғартады.

Үйге келген соң, Абай өке-шеше үйғаруымен Ділдәні алып келеді. Ал Құнанбай болса, «бес қасқа» атанған Құлыншактың екі баласын Жетісуга жер аударып, бір баласын кепілдікке қойып, «баламды ұрдың, інімді масқа-раладың» деп, айып-анжыны да баса салады. Абай қайтып келгенде жұлдысқан

тартыс жоқ. Алтыншы тарау «Бірақ ауыл-үй, ағайын арасы тағы да томсарған наразылықта, бітеу жараға толы екен» деп аяқталады.

«*Қияда*» деген жетінші тарауда 16 жастағы Абай өке атанады. Ділдө тускен жылдың келесі көктемінде Ақылбай (1861–1904) деген тұңғыш ұлы, жыл өткенде Құлбадан (1862–1932) деген қызы дүниеге келеді.

Құнанбай Қаратайдың ақылымен Бердіқожаның қызы Нұрғанымға құда туғеді. Әкесі қарсы болып, бергісі келмегенімен, балалары үгіттеп, өсіресе, Бурахан көндіреді. Осы тарауда М.Әуезов қожалардың қайдан, қалай ауып келгендігі туралы айтып өтеді. «Құнанбай тегінде жігіттің денелі, бітімділігін ұнататын. Бурахан аса сұлу және жігіт еді. Соның тұлғасын тамаша етіп, бір күні: «Бір үйдің ішіне жүз кісі кем адамды жиып, соның арасына Бураханды кіргізіп, отырғызып қойса, аналардың кемдігі көзге көріне ме?» деген. Нұрғанымның М.Әуезовке апай болып келетінін сөз басында айтқанбыз. Ұлжан Құнанбайдың бұл ісіне қарсы болып, наразылық білдіреді. Бірақ Ұлжанды көре алмай, үнемі атысып жүретін Құңке бұл жағдайды пайдаланып, Құнанбай жағына шығып кетеді, сондықтан да Нұрғаным Құңке отырған Құнанбайдың Қарашокқыдағы үйіне келін боп түседі.

Абайды «Жалғызым» деп еркелеткен асыл әжесі, айналасына өте қадрлі, мейірбан адам болған. Зере (1785–1873) ауру іліне салысымен, көп жатпай, 88 жасында қайтыс болады.

Бұл тараудағы ең басты оқиға: Құнанбайдың 24 жасқа келген баласына «Сенің бойыңдан үш түрлі мін көрем. Соны тыңда» дегенде оған қайтарған Абайдың жауабы арқылы қаншама қыын жолдан өтіп, қияға шыққан жас ғұламаны көреміз. «Ең әуелі арзан мен қымбаттың парқын айырмайсың. Өзіңдегі барыңды арзан үстайсың... Жайдақсың. Жайдақ суды ит те, құс та жалайды», – деп басталатын өке айыптауы да оңай емес. Ал Абайдың: «...Қолында құралы бар жалғыз-жарымға ғана пайдасы тиетін шыңыраудағы су болғанша, құралды, құралсыз, кәрі, жасқа түгел пайдасы тиетін жайдақ су болғанды артық санаймын» – деуі – ой-өрісі жетіліп, өмірге көзқарасы өбден қалыптасқан адамның аузынан ғана шығатын сөз.

Бұл тарау өке мен бала арасындағы ойлы сұхбаттан кейін: «*Қияға қадам басқаны рас*. Бір күндерде жалаң құздың басындағы такыр құм мен тастақты жарып, әлсіз нәзік шешек атып, жас шынар пайда болған. Сондай бір гүл шашқан. Енді бұл күнде сол шыңға шыққан жалғыз шынар балғын тартып, жас қуатқа толыпты. Қазір оған қыс пен аяз да, тіпті тау дауылды да қатер болудан қалған-ды», – деп түйінделеді.

«Абай жолының 2-кітабы «Тайғақта», «Жайлалауда», «Еңісте», «Оқапта», «Асада», «Тарауда», «Биікте» деген жеті тараудан тұрады.

«*Тайғақта*» деген бірінші тарау Құнанбайдың қажылыққа аттануынан басталады. Семейдегі құдасы Тінібектің (Құнанбайдың Ұлжаннан туған Мәкіш деген қызының атасы) үйінен аттанар алдында жолын тосып тұрған Дәркембай Қодардың інісінен туған жетім Дәрменге құн сұрайды. Дәркембай – «Мұсақұл соғысында» Құнанбайды атпақ болған кедей жатақтардың бас көтерер адамы. Майбасарлар Дәркембайды жолдан ысырып тастамақ болғанда, әкесі үшін намыстанған Абай араша тұсіп, Дәрменге қалтасынан 100 сом беріп, жөнелтіп салады. Құнанбаймен бірге баратын Ізғұтты – Құнанбайдың баласындей болып кеткен асыранды інісі. Азан шақырып қойған аты ұмытылып, қарулы, тапқыр және жолы жеңіл болғандықтан, «Ізи құтты» атанған.

Әкесін шығарып салып, қайтып келе жатқанда Орда тауының етегінде орналасқан Байшора аулына түседі. Жолдан шаршаған Абай мен Ерболтынығып алмақ болып, жатып қалады. Абай өсем өуен үнінен оянағы. Ән салған Тоғжан екен деп үйқылы-ояу далаға атып шыққан Абай ән шыққан үйге Ерболды жібереді. Осылайша, Тоғжан салатын «Топайкөк» әні арқылы Шукіманмен танысады. Ертеңінде Абай «Керім... Керім... Несін айтасың...» десе, Ербол да «Әй, керім, Әй, керім...», – дейді. Осы сөзден барып, Абай оны Әйгерім атайды. Әйгерім атанған әнші-сұлуға Абай көп ұзамай қыздың да, үй ішінің де келісімін алу үшін Жиренше мен Ерболды жібереді.

Абайдың Ербол сияқты жақсы достарының бірі – Жиренше. Ол – көтібақ Байсалдың немере інісі, Қоңыркөкшеде отырған мамай елінің болысы. Ал Әйгерім – осы мамай елінің қызы. Сөзге шебер, жылпос жігіт Жиренше бұлардың келісімін алып қайтқаннан кейін, Абай енді одан шешесі Ұлжанмен сойлесіп беруін сұрайды. Ұлжан бұл істі мақұл көрмей, Абайдың өзін шақырып, сойлеседі. Баласының кейін опық жейтінін айтып, ұзақ сөйлеген Ұлжан: «Ендігісін өзің біл. Өзің ойлад, өзің шеш» – дейді. Абай үндемей кетеді. Біраз уақыт өткен соң, Жақып, Жиренше, Оспан, Фабитқандар барып, құда түседі.

«Жайлайда» деген тарауда Абай мен Әйгерім отауына атақты Біржан сал қонаққа келеді. Ауылдың әнерпаз жастары жинала бастайды. Осылардың ішінде Сүгірдің Әкімқожа деген баласынан туған Керімбаланың орны ерекше. Ол – Біржанның әнін ғана үйренуші емес, орындаушысы да. Ал Әйгерім ән салғанда, Біржаннан бастап, тіпті Абайдың өзі де қозғала алмай, үйип қалады. Бәйбішесі Ділдө отырған үлкен үйге шақырылған Абайға «Қу кедейдің қызы басынбасын... Үні шықпасын бұдан былай» деген сөздер айтылады.

Бекеншінің Сүйіндіктен кейінгі билеушісі – Сүгірдің немересі Керімбала мен жігітектен шыққан қарапайым әнші Оралбай бір-бірін ұнатып қалады. Керімбала Қаракесектің байларының біріне атастырылған. Қос ғашықтың бұл өрекеті жігітек пен бекенші арасында шайқас тудырады. Базаралы мен басқа жанашырлары екі жасты жасырганмен, бекенші жағы тауып алып, Керімбаланың қол-аяғын байлап, атастырылған жеріне жөнелтеді.

«Еңісте» деген үшінші тарауда – Абай Әйгерімді ғана алып, Ақшоқыға жаңа отау тігеді. Құс салып жүрген Құдайбердінің үлкен ұлы Шөкеге Абай мен Оспан жолығады. Тәкежан мен Қаражанның тұңғыш баласы Мақұлбай қайтыс болады. Құнанбай Мекке-Мәдинадан келгеннен кейін дүние ісіне араласпай, өз мекенін намаз оқытын орынға айналдырады. Базаралы төрт жылға жуық қажылықта болған Құнанбайға сәлем бере келеді. Жұзі нұрлы, жолбарыстай келбетті тұлғалы Базаралының жұдеп-жадаған күйін көріп, Нұрганымға жаңа киім тіккізуғе тапсырма береді. Үйіне сауын боларлық екі сиыр, бес құлышынды биені жаздай саууга жіберктізеді. Құнанбай Мақұлбайдың жетісі өткенше Нұрганым ауылына қайтпайды. Базаралыдан Нұрганымды қызғанған Оспан бұл ауылға су бергізбейді. Бұған ыза болған Нұрганым сазды жерде тұрған ас үй ішінен құдыққ қазғызады. Кейін Оспан мен Нұрганым тартысы аңызға айналады. Әйгерім Абайдың жазып берген жоқтау өлеңін айтқанда Құнанбайдың өзі ден қойып тыңдал, Мақұлбайдың қырқы өткенше баланың жоқтауын тек Әйгерімге айтқызуды тапсырады. Ералыда болыстық сайлау өтеді. Андреев деген тілмашты жақсы танитын Абай советник Лосовскийге мән-жайды түсін-діріп, Базаралы жағында болады. Дәркембай, Базаралы бастаған қарапайым

халық жеңіп, Тәкежанды жақтаған тентек ояз оны амалсыз болыстықтан түсіреді. Керімбаладан айырылған Оралбай тобықты, керей, сыйбан, найманнның үлкен байларына барымта жасап, ел бұлдіруді бастайды. Ералыдағы сайлауда оязға қарсы шыққан Абай қалаға жауапқа шақырылып, каталашкаға түседі. Құнанбайдың құдасы Тінібекпен араласатын Әлдеке деген бай саудагердің үш сәйгүлікті пәуеске мініп жүретін сері қызы Салтанат Абайды кепілдікке мың сом төлеп шығарып алады. Салтанат – Абайдың апайы Мәкіштің құрбысы.

Лосовский ояз болады. Ол Қызылмола, Қоңыркөкше, Шыңғыс болысы сияқты үш болыстың сайлауына Абайды қасынан тастамай, ертіп жүреді. Қызылмолаға Абайдың інісі Ысқақ болыс болады. Абай атағы жайыла түседі.

«*Оқапта*» деген тертінші тарауда Есқожа аулының еркек қызы, сөнді сұлу, әнші Үмітей Қекшे Қаратайдың туысы Дүтбайға үзатылмақшы. Тойда Құдайбердінің ұлы Әмір бастаған сал-серілер өнер көрсетеді. Той үстінде Үмітей Әмірге бұрыльып кетеді. Ашуға булыққан Құнанбай Әмірді үйіне алғызып, еңкейіп сәлем бере бергенде, қылқындырып, өлтіре жаздайды. Әкесінің мінезін білетін Абай дер кезінде жетіп, Әмірді арапшалап қалады. Абай Шәкі, Ербол, Баймағамбет сияқты бір топ туыс-достарымен аңға шығып, ақ түтек боранда жолдан адасып кетеді. Сол жолы Мотыш руының Аққозы деген жігітіне үзатылып кеткен ғашығы Тоғжанға кез болады.

«*Асуðа*» деген бесінші тарауда ертегіші, әңгімелілігімен атағы шыққан Баймағамбет Абай аулына келеді. Ол сюжетін Абай айтқан немесе басқа ел аузындағы оқиғаны баяндағанда жүрттый аузына қаратады. Баймағамбет келіпті дегенді естігенде, әңгімесін тыңдауға ел адамдарымен қатар Абай балалары да келеді. Үйде Ақылбай, Әбіш, Мағаштар бар. Қаладан келе жатқан Жидебайды үлкен ауылдың көршісі Асылбай Абайға Михайловтың хатын тапсырады, Ресей патшасы өлтірілгенін хабарлайды. Орнына Александр III отырады. Абай мен Баймағамбет ертеңіне Семейге жол тартады. Жазушы Абайды Евгений Петрович Михайловпен ұзақ сөйлестіріп, оның өмір тарихынан сыр шертеді. Чернышевский туралы да айттылады. Дәркембай бастаған жатақтардың егінін Тәкежанның малы таптап, жеп және жеті жылқысын үрлап кетеді.

«*Тарауда*» деген алтыншы тарауда Балқыбекте сияз болады. Арыз-шағым көп түскендіктен, Лосовскийдің өзі тағы келеді. Тіпті жер мәселесіне байланысты ақын Қекбай Жанатайұлының да үстінен түскен арыз бар. Абай арыз-шағымды өзі тексеріп, кімнің сөзі рас, кімдікі өтірік екенін басын ашып, айтып береді. Қекбайды ақтап алады. Дәркембайдың отыз қара малын қайтартқызызады. Салиқа мен Байгөбектің мәселесін шешеді. Ертеңінде сыйбан, керей, уақ, тобықты, сақ-тоғалақ, арғын бастатқан екі дуан бас қосқан сиязда болады. Болыстардың бәрі тебе би болудан үміткер. Абай тебе билікке өз туыстарын емес, халық өкілі Асылбекті сыйлатқызызады. Осы арқылы қалын ел арасында Абай турашылдығы аңызға айналады. «Абай – адам да, азамат та» деген сөз тарайды. Абай балаларын орысша оқуға бере бастайды. Өзі шығармашылыққа біржола ден қояды.

«*Биікте*» деген жетінші тараудың «Татьянаның сахарадағы әні» деген тағы бір аты бар. Бұл тарауда Абайдың А.С.Пушкиннен аударған «Евгений Онегин» поэмасы туралы сөз болады.

«*Эпилогта* Татьянаның әні жүрт арасында кеңінен тарайды. «Алда – өмір, тартыс. Сол тартыста бұл жалғыз... бір қуаты, бір үміті бар... Қуаты – ақындық, үміті – халық».



Зерделі ой

М.Әуезовтің «Абайы» – бұл нағыз роман, басқаша айтқанда, өмірдің тұтас қыртыстарын қопарған, түрмистың, адамдар арасындағы құштарлықтың, махаббат пен өшпендейтікі айқын бояулы картиналарын жасаған, ең бастысы – есте қаларлық жарқын образдар арқылы халық тарихының өмірлік процестерін жинақтаған, құлашы кең кітап.

Леонид Соболев



Пікірлесейік

1. Романның сюжеті қалай құрылған? Ақынның өмір жолы қалай суреттелген?
2. Шығарма тарауларына атая беруде автор қандай мақсатты ұстанған?
3. Шығарманың ерекшелігі неде? Өз пікірінді білдір.
4. Романда қандай салт-дәстүрлер суреттеледі?
5. Роман қанша тілге аударылған?
6. Автор Құнанбайдың Абайды тәрбиелеуін қалай сипаттаған? Құнанбай сияқты әке тәрбиесінен қандай үлгі алуға болады?



Себебін анықта

1. Не себепті шығарма эпопея деп аталады?
2. Неліктен эпопея өлемдік шығарма болып саналады? Неге шетел жазушылары романга жоғары баға берді?
3. М.Әуезов осындай күрделі шығарманы қандай негізге сүйеніп жазып шықты?
4. «Абай жолы» роман-эпопеясы неліктен өр шаңырақта болуы керек деп ойлайсыңы?
5. Не себепті Құнанбай Абайды қызын мәселелерге араластырған? Жазушы жас Абай кездескен, әке аманатын жеткізген, сөйлескен кейіпкерлері арқылы нені көрсеткісі келген?



Тобында талдап көр

1. Альфред Курелланың «Сіз «Абайды» оқыған жоқпышыз? Онда сіз ештеңде де оқымағансыз. Бұл – ақыл жетпестей ғажап дүние! Дала өзінің бүкіл қаймағы бұзылмаған бәз-баяғы табиғатымен, үлгі-үрдісімен, түп-тұтас айла-шарғы, мінез-құлқымен жанды күйде көз алдыңдан анталап өтіп жатады. Сезім күйлері мен шабыт күштілігі түп-тура Шекспирше! Сіз заманды ешбір ғылыми-зерттеуден де дәл мұндай сезінбейсіз. Ал қандай поэзия десеңізші! Қара сөзбен жазылған осынау қалың қос кітапта бірде-бір прозалық жол жоқ» деген сөзін талдандар. Романнан осы пікірдің дәлелін көре аламыз ба?
 - өр тарау атаяун талқыланадар;
 - романдағы ұлттық құндылықты, салт-дәстүрлерді талдап, шығарманың маңызын түсіндіріндер.

2. «Жазушы тілінің сөздігін» құрастырып, шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын көрсете отырып, кестені толтырып, талдаңдар.

Тілдік ерекшеліктері	Мысалдары

3. «Абайтану» пәнінен алған білімдеріңе сүйеніп, «М.Әуезов болмаса, Абай туралы терен зерттеулер болмас еді» деген тақырыпта дебат өткізіндер.
4. «Төрт сөйлем» тәсілі бойынша М.Әуезовтің Абай жайлы зерттеулері туралы ойларыңды жинақтаңдар.
- Пікір. Жазушының ақын Абай туралы зерттеу еңбектеріне өз пікірлерінді жазындар.
 - Дәлел. Өз ойларыңды аргументпен дәлелдендер.
 - Мысал. Пікірлерінді Абай шығармашылығымен байланыстырып, мысал көлтіріндер.
 - Қорытынды. Өзіндік қорытынды шығарындар.
5. Екі кітап (1, 2-том) бойынша 2 топқа бөлініп, «Әдеби шеңбер» әдісімен мына рөлдердің бірін таңdap, кітап бөлімдерін талдаңдар.
- Талқы себепшісі – кітап бойынша (кейіпкерлері, қарым-қатынасы, автор позициясы т.б.) 10 сұрақ құрастырады.
 - Белгілеуші – кітаптың сюжетіндегі маңызды деп санайтын оқигаларды белгілеп, ойын дәлелдейді.
 - Байланыстырушы – оқигаларды таңdap, Абай өмірімен байланыстырады.
 - Қорытындылаушы – романда көтерілген көркемдік шындыққа баға береді.



Дәптеріңе жаз

1. Шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсете отырып, кестені толтырып.

Кейіпкер	Тура мінездеу	Жанама мінездеу

2. Романдағы өзіңе ұнаған қанатты сөздерді қатыстырып, әдеби эссе жаз.



Түйінде

1. Шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық түрғысынан талдаң, рецензия жазып, әлеуметтік желіде жарияла (CD-дегі №5 қосымша).
2. Романдағы заман көрінісін Абай өлеңдерімен салыстыр.
3. Абай бейнесін шығарманың идеялық бағыттарымен байланыстыра отырып типтендір.

4. <https://kitap.kz> сайтынан Г.Гулианың «Омар Хайям туралы аңыз» кітабын оқып, роман-эпопеямен салыстырып, екі шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға бер.

Қалай ойлайсың?

1. Романда қандай жалпыадамзаттық құндылықтар көрініс тапқан?
2. Ш.Айтматов: «Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жүрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге қастерлеп ала жүретін екі түрлі асылым бар: бірі – «Манас», бірі – Мұхтар Әуезов», – деген екен. Сен қандай кітапты алар едің?
3. М.Әуезов: «Мен Абай тереңінен шөміштеп қана іштім» депті. Не себепті олай деген?
4. «Абай жолы» роман-эпопеясының өміршенідігі неде?

Үйде орында

1. Тақырып бойынша кесте толтыр.

«Абай жолы» өзге тілде	Роман-эпопея арқылы Абайдың әлемге танылғанына 3 дәлел келтір	3 дәлелге 3 факті келтір

2. «Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні» деген М.Әуезовтің пікірін уақыт пен кеңістік түрғысынан қарастырып әрі «Абайтану» пәнінен алған біліміңде сүйеніп, әдеби сын жаз.
3. «Ел арна» сайтынан (<https://elarna.kz/kz/kojylymdar>) «Абай» спектаклін көріп, ақын образының ашылу деңгейіне баға бер.



- Роман-эпопеяны идеялық жағынан мазмұндас өздерің 10-сыныптан билетін «Қаныш Сәтбаев» роман-эссе сімен салыстыра отырып, аннотация жаз (CD-дегі №5 қосымша).
- CD-дегі №1 қосымшаны үлгі ретінде пайдаланып, презентация жаса.

Білгенге маржан

«Абай жолын» оқығанда, ұлы ақынның образы бізді жалықтырмауы былай тұрсын, тіпті, не нәрсені болсын, Абайша түсініп, Абайша сезінуге мәжбур етеді. Абайша шамданбасқа, Абайша шаттанбасқа, Абайша жеккөмеске, Абайша сүймеске, Абайша ойланып, толғанбасқа, күйзеліп, тебіренбеске лажың жоқ. Абай образының еліктірігіш, иландырғыш күші, міне, осында. Әуезовті Абай образын жасаудағы орасан шеберлігі де осында. Расында Абайдың Тоғжанға, Әйгерімге деген кіршікіз таза маҳаббаты, Пушкин мен Лермонтовқа еліктеуі, Татьяна образын шексіз суюі, Абай аулына Біржан ақынның келуі, Абайдың толғаулары, оның керемет өлеңдерін туғызған ақындық шабыттың тамаша суреттері, туған даланың ақын көзімен көрген әр кездегі табиғат көріністері, т.с.с. – Абайдың ізгі ақындық жанының айнасы секілді, нағыз поэзия. Мұны оқып отырғанда, мынадай ойға келесің: ақын туралы, ақын жанының нәзік, құлпыраған ғажап құбылыштары туралы тек ақын ғана осылай жазуы мүмкін! Бұл ретте Әуезовті Абай жанының, өсіресе, Абайдың ақындық жанының инженері дей аламыз.

Мұхамеджан Қаратсаев

Әдебиет теориясы

Мазмұндық-тақырыптық талдау – шығарманы тұтастай ала отырып, талдау.

Композиция (лат. *compositio* – құрастыру, қыстыру) – әдеби шығарманың құрылышы, оның үлкен-кішілі бөлім-бөлшектерінің бір-бірімен қисынды түрде қилюастырып, әртүрлі тәсілмен байланыстырылған тұтастық бірлігі. Көркем әңгіме, поэма, роман әр алуан сюжетке құрылады. Сюжет дегеніміз:

- шығармадағы адамдардың бір-бірімен байланысы, қарым-қатысы, күрес-тартыстары;
- шығармадағы оқиғаның дамуы. Оқиға белгілі бір тәртіппен дамиды. Бір оқиға себебі болса, екіншісі – оның нәтижесі.

Адамдар арасындағы күрес-тартыстар кездейсоқ нәрсе емес, өмір шындығы, өмірге түрлі көзқарас, түрлі мінездің түйісуі екендігі аңғарылады.

Оқиғаның белгілі бір мекенде, белгілі мезгілдерде болғандығы көрсетіледі.

Әңгіме адамдар туралы болғандықтан, олардың сыртқы пішіні, кескіні, мінез-құлқы, іс-әрекеті, күйініш-сүйініші, сөйлеген сөзі, қысқасы, өмірде адам қандай болса, көркем шығармада да біз тап сондай адамдарды кездестіреміз. Сөйтіп, шығармада кездесетін оқиғаның осылар тәрізді

әр алуан бөлшектердің қалауын тауып, жазушы асқан шеберлікпен қилюастырып, бір бүтін нәрсе етіп шығарады. Оқиғаның басталуы, өрбүі, шешімі – барлығы біртұтас композицияны құрайды.



Қолданып көр

Бірінші, екінші кітапқа мазмұндық-тақырыптық және сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіндір.

Эксперименттік тапсырма

1. Сыныппен таңдаған тақырып бойынша Абай Құнанбайұлының мерейтойына арналған бағдарлама үйымдастырындар. Ол үшін бағдарлама сценарийін алдын ала жазындар, ата-аналар, мұғалімдер, окушылар арасында «Абай оқуларын» өткізіндер, олардан сұхбат алындар.
2. «Абай жолы» романының бірінші немесе екінші кітабынан бір эпизодты таңдалап, сахналық қойылым дайындаңдар.



Міне, қызық!

Мұхтар Әуезов Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» дастаны негізінде «Еңлік-Кебек» пьесасын жазды. 1917 жылы Абайдың немересі Ақыш ұзатыларда, туыстары оған ерекше сый жасамақ болып, Ойқұдықта осы пьесаны тұнғыш рет қойған.



Кітап – асыл қазына

1. Мырзахметов М. «Мұхтар Әуезов және Абай әлемі». – Абайды білмек парызы ойлы жасқа. – Алматы, Санат, 1997. – 416 бет.
2. Әуезов М. Шығармалары. Абай жолы. Т. 1. Роман-эпопея. – Астана: Фолиант, 2013. – 424 бет.
3. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: Дәүір, 2014.
4. Ахметов З. «Абай жолы» қалай туған??. – Қазақ әдебиеті. 27 қаңтар, 1984.
5. Мырзахметов М. «Абайға келудің жолы». – Қазақ әдебиеті. 17 қаңтар, 2014.
6. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. Екінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2009. – 376 бет. – «Қазақтың 100 романы» сериясы.

«ҒАСЫРЛЫҚ ТУЫНДЫ» БӨЛІМІ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

1. Тест тапсырмаларын орында.

Абайдың өмірі өткен жерлер:

- A) Бөрілі
- B) Қасқабұлақ
- C) Ақшоқты
- D) Аягөз
- E) Жидебай
- F) Қарқаралы
- G) Семей

Абайдың прозалық шығармасы ... тұрады.

- A) 41 қарасөзден тұрады
- B) 43 қарасөзден тұрады
- C) 47 қарасөзден тұрады
- D) 45 қарасөзден тұрады
- E) 40 қарасөзден тұрады

Абай Тоғжанды кездестірген тарау:


- A) «Қат-қабатта»
- B) «Жолда»
- C) «Шытырманда»
- D) «Жайлауда»
- E) «Еңісте»

2. Мәтінді оқып, берілген сызба бойынша талда.

«Абай – қазақ әдебиетінің классигі»... Абай «тіл үстартып, өнер шашпақ» болады. Басы артық бір сөз де өлең ішінде тұрмауын, өлеңге «теп-тегіс жұмыркелсін айналасы» деген шарттарды қояды. Осындағы қатаң шарт, ауыр сынның арқасында Абай сөздері Ілияс (Жансүгіров) айтқандай «қиуынан қыл өтпейтін» нығыз болып, мағынаға малынып келеді. Сондықтан оны ағызып оқып, сыйыртып өте шықсан, ішкі мәніне жетпей қаламын деп кідіріп, салмақтап, ақынның кестелеген айшықтары, қошқар мүйіздерімен оралып өтуге тұра келеді. Абай айттар сөзінің бәрін айтып, орнын тақырлап кетпейді, оқушыға да шығарғыштық сыбаға қалдырып кетеді.

Күдайберген Жұбанов.

1934 ж.



3. Бөлімді қорытып, «Фасырлық түйінды» деген тақырыпқа презентация жаса.

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырма ұлгілері

Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Қонақ үйде, дәңгелек үстел үстінде, қызылт, күңгірт сөүлесі бар тас шам жанып тұр. Оқтын-оқтын іргеден соққан жел лебімен әлсіз шам кейде үйтқып, шалқи түсіп, кейде лапылдан, жалпылдай жанады.

...Түсі сүйк. Қара сүр жүзіне бозғылданып түгі де шығып алышты. Жалғыз өзі ұзақ сейлеп отыр. Зор даусында ыза мен зіл бар. Кейде Абайға қызық көрінетін бір мақалдар, мәтелдер айтылып кетеді.

Тегінде ертекші, өлеңші, не басқа өңгімелі адамға талай уақыт тапжылмай тесіле қарап қалу Абайдың кішкентай күнінен бергі әдеті еді. Адам пішіні әрдайым бұған бір тамаша, өзгеше қызық сурет тәрізденетін. Әсіреле, өжімі мол үлкендер пішіні бір қызық хикая тәрізді. Ол кей адамның айғыз-айғыз өжімінен, салбыраған үртynan, қыртыстанған маңдайынан немесе бояуы оңған көздерінен, әр алуан сақал-мұртынан өзінше неше түрлі жанды, жансыз дүние сипаттарын көргендей болатын. Қына басқан, сызаты көп тас па? Я селдір тогай ма? Не, көде-көкпек пе? Кейде мал мен аң бейнесі ме? Бәріне де үқсан кетіп отыратын адам мүсіндері болады.

1. Мәтін қандай ұлгіде жазылған?

- A) Зерттеу
- B) Хат
- C) Өмірбаян
- D) Өңгіме
- E) Естелік

- 2. Үзінді идеясына сай мақалды (мәтедлі) тап:**
- A) Алпысқа келгеннен ақыл сұра
 - B) Ақыл – жастан
 - C) Көпті көрген біледі
 - D) Шөп те басынан қурайды
 - E) Сақалға ақ түсті –
Көңілге дақ түсті.
- 3. Мәтін қай кейіпкер туралы?**
- A) Байтас
 - B) Байсал
 - C) Құнанбай
 - D) Текежан
 - E) Бөжей
- 4. Мәтінде айтылмаған іс-әрекетті көрсет.**
- A) Кейде лапылдаپ, жалпылдай жанады
 - B) Қына басқан, сызаты көп тас па?
 - C) Адам пішіні өзгеше қызық сурет сияқты
 - D) Әкесі Абайға ертегі айтты
 - E) Жалғыз өзі ұзақ сөйлем отыр
- 5. Мәтінде қолданылған көркемдік тәсіл:**
- A) Жанама мінездеу
 - B) Пейзаж
 - C) Тура мінездеу
 - D) Портрет
 - E) Кейіптеу
- 6. Пікірді оқып, тапсырмаларды орында.**

Айтматов жазушы М.Әуезовтің мол салалы, кең арналы шығармашылығы туралы ой қозғаған «Үстаз туралы сөз» атты мақаласында «Абай жолы» эпопеясының бас кейіпкері – Абай тұлғасына тоқтала келіп: «Абай секілді ой-арманы азат, шетсіз ақындық, шексіз адамдық тұлғаның өзін қоршаған ожар, топас тоң мойын топпен тартысқа түсіуі және мұндағы сирек ұшырасатын жаңалық пен тазалық Абайды дүниежүзілік трагедияның шыңына шығарады...» – деп жазды.

1. Пікірге атау қой.
2. Ш.Айтматовтың М.Әуезов туралы пікіріне қандай баға берер едің?
3. Осы пікірмен танысқан оқырманның бірі «Абай дүниежүзілік трагедияның шыңына емес, реализм шыңына шықты» деген ойда. Бұл дұрыс па? Ойда өз дәлелің арқылы қошта не қарсы пікір білдір.
4. Ш.Айтматовтың пікіріне қандай ой қосар едін? Неліктен? Жауабынды түсіндір.

IV БӨЛІМ

ТАБИҒАТ ЖӘНЕ АДАМ

Кеңсің, дала,
Тұған ана,
Көйлегің кең, көк ала.
Жан беретін,
Тән беретін,
Мейірімді ана – сен ғана.

Сәкен Сейфуллин

Біз табиғаттың өзін қайта түлететін ұрпақпыш. Жер, су, ауа – адам баласының ұрпағынан ұрпағына мұра болып келе жатқан мол қазына... Әрбір ағашты, әрбір бұтақты, жалғыз дәнді де ыждағаттылықпен сақтау, қамқор болу – басты міндеттің бірі.

Ыбырай Жақаев

Қадыр Мырзалиев – сөздің сәйгүлігі, ойдың озарманы. Ол жеке бастың дара мұңынан бастап, қым-қиғаш халықаралық қайшылықтарға шейін қысылмай, қымтырылмай еркін жырлай алады. ...Демек, қазіргі қазақ поэзиясы көп дауысты, қуатты оркестр десек, мұның құрамындағы Қадыр музасының қайталанбас өз үні, машығы мен мәнері, айшығы мен өрнегі бар. Қадыр лирикасының сыңғыры бөлек, сырьы терең.

Зейнолла Қабдолов

ҚАДЫР МЫРЗАЛИЕВ



Қадыр Мырзалиев
(1935–2011)

Қадыр ақын қай өнірде туып-өскен?

Қадыр Мырзалиев 1935 жылдың 5 қаңтарда Батыс Қазақстан облысының Жымпіты ауданында туған. Қадыр жастайынан әдебиетке құмар болып өседі. Қазақ халқының аңыздары мен қысалары, әпостары мен өртегілері жазылған «Қырық батыр» деген кітапты қолынан тастамайды. Қадыр ең алғашқы өлеңін 11 жасында жазады. Өкесі қайтыс болғаннан кейін мектеп-интернатта жатып оқиды. Балалық шағы Ұлы Отан соғысы жылдарының қынышылық кезеңімен түспа-тұс келген ақын ерте есейеді. Қадыр Мырзалиев бұл жайлы «Балалықсыз балалық» өлеңінде суреттейді.

Қадыр Мырзалиев қай жерде білім алады? Қандай қызметтер атқарады?

Ақын қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология факультетін, аспирантурасын бітіреді. Өз еңбек жолын 1958–1962 жылдары «Балдырган» балалар журналының әдеби қызметкері болып жұмыс істеуден бастайды. 1962–1965 жылдары поэзия және сын бөлімінің меңгерушісі, «Жұлдыз» журналының жауапты хатшысы болады.

Қ.Мырзалиев 1968–1973 жылдары «Жазушы» баспасының поэзия редакциялық алқасының жетекшісі, 1973–1978 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының поэзия бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарады. 1992 жылды Қазақстан Республикасы Жоғарғы кенесінің ұлттық саясат, мәдениет және тілдерді дамыту комитеті төрағасының орынбасары болып істейді.

1994 жылды ақын Қазақстан Республикасының Халық депутаты болып сайланады.



Орал қаласындағы Қадыр Мырзалиевке орнатылған ескерткіш

Ақын шығармаларының тақырыбы қандай?

Қазақ әдебиетінде алғашында балалар ақыны ретінде кеңінен танылған ақын жырлары қазақ балалар поэзиясына жаңа тақырыптар, тың кейіпкерлер, көркемдік өріс өкелді. Балаларға арнал шығарма жазудың өзіндік ерекшелігі, көптеген қындықтары бар, себебі балалар ақыны болу үшін автор балалардың мінез-құлқын, психологиясын, қабылдау дәрежесін жете білуі аса қажет. Ақын балалардың осы ерекшеліктерін өбден зерттеп, біліп, менгергендігін «Жаңғалақтар» (1960 ж.), «Тақпақ айтып, өн шырқайық» (1961 ж.), «Кішкене Қожанасырлар» (1961 ж.), «Алуан палуан» (1962 ж.), «Омар мен Құмар» (1963 ж.), «Сабақ» (1964 ж.), «Мешін мен адам» (1968 ж.), «Ноян қоян», «Құміс қоңырау» (1970 ж.), «Шымыр жаңғақ» (1984 ж.) т.с.с. кітаптарынан көреміз. Ақынның «Құміс қоңырау» (1985 ж.), «Мәңгі майдан» (1993 ж.), «Үкілі үзінділер» (1996 ж.), «Алаштың арманы» (2001 ж.), «Иірім» (2004 ж.) т.б. кітаптары жарық көрді.

Қ.Мырзалиевтің «Сақал саудасы», «Қасқыр қақпан» атты сатиравық комедиясы, Махамбетке арналған «Жаралы жолбарыс» трагедиясы, Ақсақ Темірге арналған «Әмір Темір» поэтикалық драмасы және Төле би либреттосы – ақын қаламынан туған ірі драмалық туындылар болып саналады.

Қаламгердің елуден астам поэзиялық, прозалық және әдеби сын кітаптары жарық көрді. Жырлары ойлылығымен, парасат өлемінің кеңдігімен айрықшалады. Ақынның көптеген өлең жолдары қанатты сөздерге, нақылдарға айналды.

Оның «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыры», «Бабамыздың шоқ басқан табанымен», «Қазақ пен қонақ» және тағы басқа өлеңдері халқымыздың психологиясын шебер бейнелеп, ұлттық құндылықтарын ұлықтайды. Ана тілінің, ұлттық аспап – домбыраның қасиеті мен құдіреті де ақын қаламынан тыс қалған жоқ.

Қадыр Мырзалиев аударма саласына қандай үлес қосты?

Қадыр ақын – шебер аудармашы. Әлемдік әдебиет өкілдері Ж.Румидің, Г.Гейненің, В.Гюгоның, М.Лермонтовтың, С.Есениннің, Р.Фамзатовтың, Э.Межелайтистің, Ш.Петефидің т.б. қаламгерлердің жырларын қазақ тіліне аударған. Талантты ақынның өз туындылары да бірнеше тілге аударылып, шетелдіктер тарапынан өте жоғары бағаланды.

Оның 200-ден астам өлеңіне Н.Тілендиев, Е.Рахмадиев, Ш.Қалдаяқов, Ә.Бейсеуов, М.Сағатов, М.Маңғытаев, Е.Хасанғалиев т.б. көптеген талантты композиторлар өндер шығарған.

Қадыр Мырзалиев – Қазақ КСР Мемлекеттік, Монголияның халықаралық «АВЬЯС», төуелсіз «Тарлан» сыйлықтарының иегері, Қазақстанның халық жазушысы. Ол «Достық», «Парасат» ордендерімен марапатталған.

Орал қаласында ақын атында Өнер және мәдениет орталығы, Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданында орта мектеп бар.

Зерделі ой

Қадырды білмейтін қазақ өсте жоқ. Қадырды әлі әріп танымаған бүлдіршін бебектен бастап, әріпті көзілдіріксіз көре алмайтын қарияға дейінгінің бәрі біледі. Өзін білмесе де, сөзін біледі.

Әбіш Кекілбаев



Пікірлесейік

1. Қ.Мырзалиевтің қандай шығармаларын білесің?
2. Қ.Мырзалиев поэзиясының тақырыбы қандай?
3. Оның шығармаларының ерекшелігі неде? Пікіріңмен бөліс.
4. Ақын кімдердің шығармаларын қазақшаға аударған?



Себебін анықта

1. Не себепті балалар ақыны болу қыын?
2. Неліктен ақын шығармаларындағы авторлық идея өмір шындығымен байланысты дейміз?



Тобында талдап көр

1. «Бабамыздың шоқ басқан табанымен» өлеңінің үзіндісін дауыстап оқып, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасып қалған ұлттық әдет-ғұрып, мінез-құлқын, психологиясын, экономикалық, әлеуметтік,

саяси бейнесін тарихи шындыққа сай үлкен көркемдік шеберлікпен суреттегенін талдаң, дәлелдендер:

Бабамыздың шоқ басқан табанымен,
Бірдей екен жақсысы жаманымен:
Бір жаманы – тынымсыз көшे берген,
Бір жақсысы – қимаған даланы кең.

Бір жаманы – жел сөзге ерген екен,
Бір жақсысы – тілге ерік берген екен.
Бір жаманы – кетпенге орашолақ,
Бір жақсысы – наизагер, мерген екен.

Бір жаманы – кешігіп өліппе ашқан,
Бір жақсысы – күйлері көбік шашқан.
Бір жаманы – қыздарын малға сатып,
Бір жақсысы – сүйгенін алып қашқан.

2. Хрестоматиядағы «Қызыл кітап» поэмасын оқып, сюжеттік-композициялық құрылымын талдандар. Үш топқа бөлініп, жұмыс жасаңдар.
1-топ: Постер қоргайды.
2-топ: Көрініс қояды.
3-топ: Дебат үйымдастырады.



Дәптеріңе жаз

К.Мырзалиев шығармаларының ерекшеліктерін саралап жаз.



Түйінде

Қадыр Мырзалиев қандай ақын? Ол қазақ әдебиетіне қандай үлес қости? Ойынды кестедегі көрсеткіштер арқылы түйіндеп, авторға хат жаз.

Білім	Тақырып бойынша алған ақпараттарым
Эмоция	Менің көңіл күйім
Баға	Автордың шығармашылығына берген бағам
Сын	Автор шығармаларының мен үшін маңызы
Идея	Оқырман ретінде автор шығармаларын насиҳаттауға ұснатын идеям



Қалай ойлайсың?

1. Ақын «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» атты өлеңінде неге

...Қазақ осы:
Дала дейтін,
Құн дейтін.
Қазақ осы:

«Өнер алды – тіл», – дейтін.

Қазақ осы:

Қарасың ба,

Ақсың ба,

Қоңырсың ба,

Жатырқауды білмейтін... – дейді?

2. Қазіргі қазақтарды өлемге сен қалай таныстырып едің? Ойынды флип-чартта жинақтап ұсын.



Үйде орында

- Интернеттен Қ.Мырзалиевтің «Атамекен» деген әнін тауып, жүктеп ал. «Атамекен ақын көзімен» деген тақырыпта эссе жаз.
- «Табиғат – жаратылыс пернесі», «Ауыл – атамекен пернесі», «Махаббат – ғашықтық пернесі», «Арман – үміт пернесі», «Мұрат – мұдде пернесі», «Бейнет – зейнет пернесі», «Той – тамаша пернесі», «Ұақыт – мезгіл пернесі», «Өлең – өнер пернесі», «Өмір – ғұмыр пернесі» деген өлеңдерін Интернеттен тауып оқып, олардағы ортақ ойды анықтап, ақын идеясын түсіндір.



Білгенге маржан

Қадыр Мырзалиевтің қанаттың сөздері.

Махаббат тақырыбы үлкен тактыны, ерекше әдептілікті керек етеді. Дарақылық, дәрекілік, бәдіктік оның болмысына жат. Сөл ауытқып түскен тіркес, шалыс басқан шалағай сөз махаббатқа да, ғашықтарға да абырой әпермейді.

Өлең деген – ой мен сезімнің ар жағы.

Адам өрісі кеңіген сайын аң-құстың өрісі тарыла түседі.

Әдебиетте саған көзіңнің тірісінде қофамның берген бағасы – анық баға емес.

Нағыз жазушы шындан келгенде ешкімге қызмет етпейді.

Ана тілің – асылың, оны білмеген – масылың.

Отаныңнан қанша шақырым ұзақтасан,
Сонша шақырым рухани жақындей түсесің.

Адам бол оңай туғанмен,
Адам бол қалу көп қыын.

Ең үлкен махаббат – халық махаббаты.



Міне, қызық!

Қадыр бала кезінде-ақ өлең жазуды әдетке айналдырып, олардан үлкен жинақ жасаған. Бірақ ол өлеңдерін жақын досы өртеп жіберді. Бұл оқиға Қадырдың

шығармашылық жолындағы алғашқы кедергі болды. Дегенмен Қадыр досының ол әрекетіне ренжіген жоқ. Ақын, керісінше, жаман өлеңдерден құтылуыма көмектесті, бұл менің қолымнан келмес еді деп, досына алғысын білдірген.



Кітап – асыл қазына

1. «Қазақстан»: Ұлттық әнциклопедия / Бас редактор Нысанбаев Ә. – Алматы: «Қазақ әнциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.
2. Қазақстан баспағерлері мен полиграфистері. Анықтамалық. – Алматы: Білім, 2005.
3. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастыруышлар: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы: Алматықітап, 2009.



Зерделі ой

Қадыр Мырза Әлі – ұлт ақыны. Қазақ деген тегі мықты, тарихы бай, тағдыры күрдемі, түсірі мың қатпар, қалтарысты, астарлы, тысты, алапат тілді, қабілетті қаһарман, қайсар халықтың тұнғиғына бойлап, кеңдігіне кепіл боп, бітімімен біте қайнасып, ұлылығын, рухын, ар-ұятын, үмітін барынша әспеттей отырып, кемшіннің мінін, қайғысын, сорын азаматтық тұрғыда қазып айта алған, сыншыл да ойшыл ақын.

Күләш Ахметова

«Қызыл кітап» поэмасы

Неге ауылдың лайладым бұлағын?
Неге аттым тауешкінің лағын?

Қадыр Мырзалиев



CD 05

Поэма үзіндісіндеңіден
басқа елімізде жойылып
кеткен жануарлар бар
ма? Зерттеу жүргіз.

Қадыр Мырзалиевтің тақырыптарының бірі – табиғатты жырға қосу. Ақын табиғат сұлалығын «Нұр», «Тұн кірпігін ілмеді», «Шалкөде жайлауы» атты өлеңдерінде ерекше бір сыршылдықпен жырлайды. Ал «Мүйізтұмсық немесе миллионның тағдыры» немесе «Қызыл кітап» шығармаларында экология мәселесін көтерді. «Адам өрісі кеңіген сайын аң-құстың өрісі тарыла түседі» деп ақынның өзі айтқандай, адам баласы өзінің де табиғаттың бір бөлшегі екенін ұмытып, оған қол салғанын күйіне баяндады.

Поэмадағы лирикалық кейіпкер табиғатты жойып алудан қорқады:

Шынтақтаған жастықты
Көрінеді
Аққу-қазды жаныштап жатқандайын.
Өкпелетпеу керек қой қожайынды.
Айта алмайсың халыңды,
Не жайыңды.
Үстай беріп айырды

Шошып кетем
Шаншығалы жатқандай дәу жайынды!

Ақын өзінің азаматтық үнін, қекейкесті ойын былай білдіреді:

...Аяймын мен анасыз,
Атасызды,
Аяймын мен құлынсыз,
Ботасызды.
Хайуанатқа жасаған қиянатын –
Бауырыңа жасаған опасыздың! –

деп, күйіне отырып, кешірім сұрайды:

Кешіре гөр біздерді,
Әулие көл!
Кешіре гөр біздерді,
Қыр киелі!

Автор табиғатты қорғауды тек ел аумағында ғана емес, бүкіл ғаламшар-аралық мәселе ретінде қарастырып, оқырманды Америкаға да, Африкаға да, Еуропаға да апарады, бір кездерде мұнда адам саудасы болғанын да айтады. Кейбір халықтың жойылып кеткенінен шошынады. Қандай да болсын, зорлық-зомбылықтан бас тарту қажеттігін түсіндіреді.

Бір кезде елімізде мекендерген аңдарды түгендейді, соларды жоқтайды. Поэманды не себепті «Қызыл кітап» деп атағанын аңғартады:

...Қызыл кітап –
Мезгілсіз кеткендердің
Бастарына қойылған қызыл шырақ!
... Қызыл кітап –
Опат бол кеткен аңың,
Бастарына қойылған қызыл күмбез.

Ақын саналы адам болғандықтан, табиғатты қорғау парызымыз екенін айта келе:

Орнында ма санамыз?
Күшіміз де?!
Мамонт құсал
Жігіттік,
Азаматтық
Қалған жоқ па көміліп ішімізде?! –

деп ойлануға шақырады. Ата-баба салтын ұмытпау керектігін есімізге салады:
Жақсылықтың алдында бас иетін
Бабалардың не істейміз өсиетін?!
Жер жоғалтса, не болмақ перзенттерін?
Ер жоғалтса, не болмақ қасиетін?!

Табиғат пен адам арасындағы үндестік, қоршаған ортанды қорғаудың маңыздылығын поэмада былайша түйіндейді:

Одан көріп,
Ақыры бұдан көріп,
Таласқаннан не таппақ құлан, керік?!
Жоғалтқанды жоқтаған жөн болғанмен,
Жоғалтпаған жақсырақ одан гөрі!



Зерделі ой

Оның қаламынан туған ертегілер мен балладалар, сюжетті өлеңдер мен пейзаждар, мысалдар мен мазақтамалар, жаңылтпаштар мен жұмбақтар, санамақтар мен диалогтер қазақ балалар әдебиетінің классикасына қосылып, сәби оқушының рухани тәбетін ашып, ой-санасын оятар хрестоматиялық үлгілерге айналды.

Әбіш Кекілбаев



Пікірлесейік

1. Поэмалың тақырыбы қандай?
2. Шығарма атауы қандай идеядан туындаған? Оның атауын басқаша қалай өзгертер едің?
3. Поэмалың жанрына қарай композициялық ерекшелігін анықта.



Себебін анықта

1. Ақын неліктен табиғаттан кешірім сұрайды?
2. Не себепті ақынды балалар әдебиетінің классигі дейміз? Ойынды мысалдармен дәлелде.



Тобыңда талдан көр

1. Топтарға бөлініп, шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдандар.
2. Поэмалың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыр.
3. «География», «Биология» пәндерінен алған білімдеріңе сүйеніп, коллажды тақырыппен байланыстырып, талдандар.



Дәптеріңе жаз

1. Табиғатты қорғау туралы мақал-мәтедерді поэма үзінділерімен байланыстыра отырып, аргументті әссе жаз.
2. Суретке атау беріп, қысқаша мәтін жаз.



Түйінде

1. «Құнды ой» стратегиясы бойынша поэмандың көркемдік-эстетикалық құндылығы туралы ойынды 7 сөйлеммен жеткіз.
2. Поэмада көтерілген мәселелерге қатысты ойынды түйіндейтін әңгіме жаз.

Қалай ойлайсың?

«Адамзаттың табиғаттың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» дегендегі, табиғаттың тілсіз болуы мүмкін бе? «Табиғаттың да тілі бар» тақырыбында ойынды тарқатып айт.

Үйде орында

1. <https://kitap.kz> сайтынан В.Шукшиннің «Деревняда тұрғым келеді» кітабын оқып, поэмамен салыстырып, ортақ құндылықтарды талда.
2. Қазіргі еліміздегі сирек кездесетін жануарлардың ахуалы қандай? Сол туралы қосымша мәліметтер қарап, өз көзқарасынды білдіріп, әлеуметтік желідегі оқырмандармен бөліс.
3. Шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындымен (С.Сейфуллин «Ақсақ киік» өлеңі) салыстыра отырып, әдеби сын жаз.
4. CD-дегі №1 қосымшаны үлгі ретінде пайдаланып, презентация жаса.



Білгенге маржан

Орал қаласында Қадыр Мырзалиев атындағы Өнер және мәдениет орталығы орналасқан. Орталықта түрлі шарапалар мен әдеби-мәдени кештерді өткізуге арналған концерт, конференция залдары, амфитеатр және кітапхана бар. Орталық залдар заманауи техника құралдарымен қамтылған.

Ғимарат алдындағы үлкен LED экранда қаламгердің афоризмдері жазылған және фотосуреттерінен жасалған бейнеролик көрсетіліп тұрады. Сондай-ақ мұнда келушілер қаламгердің пайдаланған заттары және жеке кітапхана қорын тамашалай алады.



Әдебиет теориясы

Риторикалық сұрау (лепті сұрау) – ойды, сезімді әсерлі жеткізу үшін жауабы өзінен-өзі айқын нәрсені әсерлі леппен, сұрау түрінде айтуды. Өлеңде қойылған сұрақтың жауабын оқырман өзі біліп отырады. Риторикалық сұраулы сәйлем жауапты қажет етпейді.



Қолданып көр

Поэмадағы риторикалық сұрауы бар өлең жолдарынан мысалдар жазып, олардың неліктен риторикалық сұрауға жататынын түсіндір.

Эксперименттік тапсырма

Информатикадан алған біліміңе сүйеніп, «Мен де ғаламшардың бір бөлшегімін» деген тақырып бойынша Scratch программасында мультфильм жаса.



Кітап – асыл қазына

1. Мырзалиев Қ. Таңдамалы жинақтар: 2-т. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2006.
2. Мырзалиев Қ. Таңдамалы жинақтар: 3-т. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2007.

Сұлтанәлі Балғабаевтың қиялы шынайылықтың шеңберінен шықпайды. Жазудың сарабдал жолын тауып алған жазушы.

Нұрдәulet Ақыш

СҰЛТАНӘЛІ БАЛҒАБАЕВ



Сұлтанәлі Балғабаев
(1946 жылы туған)

Қаламгер қай өнірде туып-өсken?

Сұлтанәлі Базарбайұлы Балғабаев 1946 жылы 21 мамырда Қызылорда облысы, қазіргі Шиели ауданының «1 май» ауылында шопан отбасында дүниеге келген. Мектепті бітіргеннен кейін 1964–1966 жылдары тұған ауылында шопан болған, ол кезде оқуға тұсу үшін міндепті түрде екі жыл енбек өтілі қажет екен. 1966 жылы қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетіне түсіп, оны 1971 жылы аяқтап шығады.

Сұлтанәлі Балғабаевтың еңбек жолы қалай басталады?

1971–1976 жылдары «Білім және еңбек» («Зерде»), «Мәдениет және тұрмыс» («Парасат») журналдарында, «Жалын» баспасында, Қазақстан Жазушылар одағында қызмет істеген. 1985–1996 және 2003–2005 жылдары F.Мұсірепов атындағы Мемлекеттік академиялық жастар мен балалар театрында әдебиет бөлімінің менгерушісі болған.

1992 жылдан Дүниежүзі қазақтары қауымдастыры төрағасының орынбасары, 2002 жылдан «Алтын бесік» журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының соңғы үш құрылтайында одақтың басқарма мүшесі болған. Сонымен бірге қазір Жазушылар одағының Драматургия кеңесінің төрағасы. Т.Жүргенов атындағы Қазақ үлттық өнер академиясында ұстаздық қызмет атқарып жүр.

Қаламгер қандай шығармаларды дүниеге әкелді?

С.Балғабаев 1966 жылы жиырма жасында жас ақындардың республикалық фестивалінде үшінші орын алғып, жүлдегер атанады.

1978 жылы «Жалын» баспасынан «Жұлдызың жансын» атты қазақ спортшылары туралы деректі повестер мен әңгімелер жинағы шыққан. Жазушының «Алтын сағым» (1979 ж.), «Құм мен қызғалдақ», «Шөл» (1984 ж.), «Дала мен дария» (1988 ж.), «Қазақтың қызыл кітабы» (1988 ж.), «Красная гармонь» (1992 ж.), «Ең әдемі келіншек» (2006 ж.) атты повестері мен әңгімелері,

мақалалар жинақтары басылып шықты. 2009 жылы «Сырдария кітапханасы» сериясы бойынша қаламгердің «Сыр мен Сарысу», «Фажайып көктем» атты екі томдық таңдамалы шығармаларының жинағы жарық көрген.

С.Балғабаев драматургия жанрында да жемісті еңбек етіп келеді. «Қыз жиырмада толғанда», «Біз де ғашық болғанбыз», «Қазақша құрес» (Қазақстан Мәдениет министрлігінің жабық бәйесінде жүлде алған), «Әйелдер әлемі немесе ең жақсы ерекек», «Ең әдемі келіншек», «Ғашықсыз ғасыр», «Тойдан қайтқан қазақтар», «Жымбала, Мико және қасқыр», «Сағыныш пен елес», «Өтірік айтпайтын адам», «Әйелдер әлемі» атты пьесалары республикалық театрларда, сондай-ақ өзбек, үйғыр, қырғыз, қарақалпақ театрларында да сахналанды.

Сұлтанәлі Балғабаев – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. «Құрмет» ордені, «Қазақстан Республикасына 10 жыл», «Астанаға 10 жыл» мерекелік медальдарымен т.б. марапатталған.



Зерделі ой

Жазушының қаламынан туған әрбір шығарма заман тынысымен үндесіп жатыр. Ол отбасылық-әлеуметтік жағдаяттар арқылы дәуір дертін, ондағы адамзаттың күннен күнге азып-тозып бара жатқанын жеңіл астар мен ацы сатира арқылы әшкере-леп береді.

Моншақ Бекайдарова



Пікірлесейік

1. Сұлтанәлі Балғабаевтың шығармаларының тақырыбы қандай?
2. Қандай туындылары сахналанған?



Себебін анықта

1. Сұлтанәлі Балғабаев не себепті шопан болды?
2. Драматург пьесаларының қазақ сахнасында ғана емес, өзге елдерде де қойылу себебі неде?



Тобыңда талдап көр

1. <https://elarna.kz/kz/ojylymdar> сілтемесі бойынша қаламгердің бір пьесасын көріп, шығармадағы авторлық идеяны өмір шындығымен байланыстыру шеберлігін талдандар.
2. Автордың шығармасын талдап, оның маңызы туралы ойларынды «Құнды ой» стратегиясы бойынша 7 сейлеммен жеткізіңдер.



Дәптеріңе жаз

Ақын өмірін «Кеңейтілген тізім» әдісі (статистикалық деректер, уақыт желісі, қарапайым фактілер жиынтығы) бойынша дәптеріңе тусір.

Түйінде

С.Балғабаевтың шеберлігі туралы ойынды қорытып, түйінде. «Борт журналы» өдісімен кестені толтыр.

**Берілген тақырып бойынша
маған не белгілі?**

**Автор туралы қандай
жаңалық білдім?**



Қалай ойлайсың?

Қаламгердің қоғамдық жұмыстарға араласуы оның шығармашылығының дамуына ықпал етті ме? Ойынды нақты фактілермен дәлелде.



Үйде орында

«Төрт сөйлем» тәсілі бойынша Сұлтанөлі Балғабаевтың жазушылық портретін жаз.

1. Пікір. Жазушы туралы мәліметті жинақтап, пікірінді жеткіз.
2. Дәлел. Мәтіннен үзінді келтіре отырып, пікірінді дәлелде.
3. Мысал. Пікірінді қазақ әдебиеті тарихымен байланыстырып, мысал келтір.
4. Қорытынды. Қаламгер туралы ойынды қорытындыла.



Білгенге маржан

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастыры – респубикалық мәртебесі бар халық-аралық үкіметтік емес үйім. Ол 1992 жылы қыркүйекте өткен Дүниежүзі қазақтарының құрылтайында құрылды. Қауымдастықтың негізгі мақсаты – республикадан тысқары, шетелдерде жүрген қазақ диаспорасымен жан-жақты байланыс орнату, мәдени және білім беру мәселелері жөнінен жәрдемдесу. Соңдай-ақ қауымдастық тарихи Отанына көшіп келген қазақтарға әлеуметтік қамқорлық жасап, қайрымдылық шараларын үйімдастырады. Шетелдердегі қазақтардың мәдени орталықтарымен тығыз байланыс орнатып, бірлескен бағдарламаларды жүзеге асырып келеді.

Саяси түсіндірме сөздік



Міне, қызық!

Сұлтанәліні әкесі 5 жасында әріп тануға үйрете бастады. Анасы орталықтан «Әліппе» оқулығын әкеleiп берген. Осылайша, Сұлтанәлі жеті жасқа дейін бүкіл әріптерді үйреніп қана қоймай, батырлар жырын жатқа айтқан.

2–3-сыныптардан бастап өлең шығара бастаған.



Кітап – асыл қазына

- Балғабаев Сұлтанәлі // Қазақстан жазушылары / Құрастырушылар: С. Қамшыгер, Қ. Жұмашева. – Алматы: Аң арыс, 2009.
- Балғабаев Сұлтанәлі // Қазақстан жазушылары: ХХ ғасыр: Анықтамалық / Құрастырушылар: Е. Дүйсенбайұлы, А. Естен, Қ. Омарұлы ж.б. – Алматы: Ана тілі, 2004.

«Тойдан қайтқан қазақтар» комедиялық драмасы

Тойдың тамашасын бақпа,
тағылымын бақ.

Мақал



CD 06

Мәтінді тыңдап, «Той – қазақтың қазынасы» тақырыбына эссе жаз.

Жазушы-драматург Сұлтанәлі Балғабаев көптеген пьесалар жазды. Ол қазіргі қоғам өмірінің түрлі мәселелері – тіл, руханият, үлттық мұдде және отбасылық-тұрмыстық өткір жайттар туралы драмалық, трагедиялық, комедиялық сипаттағы реалистік туындылар жасады. Жазушының қаламынан туған әрбір шығарма заман тынысымен үндесіп жатыр. Солардың бірі – «Тойдан қайтқан қазақтар» деп аталатын екі бөлімді комедия. Бұл – көзбояушылық, бастықтың алдында құрдай жорғалау, сыйайлас жемқорлық сияқты қоғамдағы келенсіздікті бейнелеген сатиравы түнди.

Осы комедиядағы кейіпкерлердің іс-әрекеттері, мінез-құлыштарынан олардың өз білімі мен талантына сенімсіз, тек жағымпаздану арқылы ғана күн көріп жүрген типтік бейнелер екені көрінеді. Өздерінің руының адамдарын «... батыр бабамыз ... бес жасында шешен, он жасында қол бастаған көсем болды...» деп дәріптеп, қазақ тарихын өреспекел бүрмалаушы жалған «тарихшы-ғалымдар» Асай Мүсеевич бейнесіне жинақталған. Ал Қошқарбай секілділердің оларды: «Ұлы ғалым... Бұл кісінің ашқан жаңалықтары керемет!» деп жағымпаздана көпіртіп мақтауы – біздің қоғамда кездесіп қалатын жағдай.

Пьесадағы тағы бір кейіпкер Мәліс Әлібаевич – өз қызыметін асыра пайдаланушы, туыстарын, жағымпаздарды маңына жинаған құыс кеуде мансапқор шенеуніктердің жинақталған бейнесі.

Жаңдайшаптар қалай жағынарын білмей, тіпті президент болуыңыз керек деген идея ұсынады: «Айтпақшы дейім, Мәліс Әлібаевич, сіз алдағы сайлауда президенттікке өз кандидатураңызды ұсынуыңыз керек!» Бұл, әлбетте, Мәліс Әлібаевичтің жанына жағып кетеді: «Жо-жоқ, оған әлі ертелеу!.. Ертелеу!.. Ең алдымен (даусын ақырын шығарып). Сізден несін жасырайын, осы жақында министр болатындей мүмкіндігім болып тұр!». Мәліс Әлібаевичтің «оған әлі ертелеу» деген сөзі оның президенттіктен де дәмелі екенін аңғартады. Оның екіжүзділігі жанындағыларға үәдені үйіп-төгіп беріп, кейін тайқып кетуінен аңғарылады.

Жолсерік келіншек. Мәке! Мәліс ағай, сіз маған... әлгі айтқаныңыз... Уәденіз...

Мәліс Әлібаевич. /оны енді байқап/ А, сіз маған бірдене айтайын деп пе едіңіз? Арызыңыз бар ма еді?!.. Оны кеңсеге әкеліңіз!.. Канцелярияға апарып тіркетсөзіз, маған жібереді... Қореміз сосын... Ал, сау болыңыздар!



Бастықты шығарып салу «салтанаты»

Озі ерігіп, қыдырып, қызық қуып жүрсе де, жүртқа «Жұмыс істей керек!.. Той тойлап, жүре бермей, жұмыс істей керек!» деп ұрысып кетеді.

Пъесадағы басқа да кейіпкерлер: пойыздың бастығы, саудагер әйел, жолсерік келіншектің іс-әрекеттері де, кез келген мәселеде бармақ басты, көз қысты, екіжүзділікпен өмір сүретін қазіргі тұрмыс қайшылықтары да уақыт шындығына сәйкес бейнеленген. Пойыз бастығы мен жолсерік әйел – сырттай мінсіз, халыққа адал қызмет етушілер болып көрінгенімен, пайда тауып қалу мақсатымен билетсіз жолаушыларды пойызға отырғызуды көздеген адамдар.

Билетсіз жолаушы – алypsатарлықтың құрбаны. Қоліктердің билет сату қызметін әлектронды жүйеге көшіргенімен, пойыз билеттері әлі де болса, алypsатарлардың қолында кететіні – қоғамдағы шынайы, езекті мәселе. Дегенмен автор билетсіз жолаушының ата-баба басына құран оқыту үшін жүргенін келтіру арқылы бір үміттің бар екенін де білдіреді.

Зерделі ой

Сұлтанәлі Балғабаев – бүгінгі таңдағы аға буын драматургтердің ішіндегі белгілі, өзінің шығармаларымен халыққа көнінен танылған драматургтердің бірі.

Амангелді Мұқан



Пікірлесейік

1. С.Балғабаевтың қандай пьесалары бар?
2. Шығарма атауын басқаша қалай өзгертер едің?
3. Автор адам бойындағы қандай қасиеттерді пьесаға арқау еткен? Авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықта.



Себебін анықта

1. Не себепті пьеса «Тойдан қайтқан қазақтар» деп аталады? Автордың көздеген мақсаты не?
2. Осы драмада көтерілген мәселе неліктен қазірге дейін өзекті? Қөзқарасыңды әссе жазу арқылы білдір.



Тобыңда талдаң көр

1. Топтарға бөлініп, пьесада көрсетілген қоғамдағы келеңсіз жайттарды, олардың себеп-салдарын талдаңдар. Пікірталас өткізіндер.
2. Драманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен (мысалы, әңгіме) салыстыра отырып талдаңдар.
3. «Тындаитын үшбұрыштар» әдісімен үш адамнан (спикер, сұхбат алушы, хатшы) тұратын шағын топтарда жұмыс істендер.

Спикер мұғалімнің нұсқаулығы бойынша шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындайды. Сұхбат алушы мүқият тындаиды және мәселенің егжей-тегжейін анықтау үшін сұрақтар қояды. Хатшы оларды бақылайды және спикерге де, сұхбат алушыға да көрі байланыс береді.

4. Егер көлікке билетсіз отыру жағдайына тап болсаңдар, не істейсіндер?



Дәптеріңе жаз

Шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын көрсет. «Ақпаратты сузу» әдісімен көркемдегіш сөздерден тұратын сөйлемдерді сүзіп алып, жазып шық.



Түйінде

1. Драмадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсетіп, кестені толтыры.

Шығарма кейіпкері	Портреті	Мінезі	Ic-әрекеті

2. Шығарманы идеялық жағынан мазмұндаш Ш.Мұртазаның «Тәуекел той» әңгімесімен салыстыра отырып, әдеби сын жазып түйінде.
3. <https://kitap.kz> сайтынан Ә.Несиннің «Біз кәдімгі есекпіз» шығармасын оқып, драмамен салыстырып, ортақ құндылықты анықта.

Қалай ойлайсың?

Автор шығармасында қоғамда кездесетін сыйбайлар жемқорлық мәселесін қалай көрсеткен? Оны қандай үзінді, дәйексөздермен дәлелдей аласың?

Үйде орында

1. Театрдан немесе «Ел арна» сайтынан (<https://elarna.kz/kz>) «Тойдан қайтқан қазақтар» спектаклін көріп, шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көріністерін салыстырып, көркемдік құндылығына баға бер. Спектакльді әлеуметтік желіде құрбыларыңа жарнамала.



2. CD-дегі №1 қосымшаны үлгі ретінде пайдаланып, презентация жаса.

Білгенге маржан

Сұлтанәлі Балғабаев: Осыдан жиырма бес жылдан астам уақыт бұрын, тәуелсіздік алмай тұрған кезде «Қызыл кітапқа кіретін халық» деген бірнеше бөлімнен тұратын проблемалық мақалалар жазып, жарияладым. Ол кезде Алматыда бір-екі ғана қазақ мектебі бар еді. Қазақтардың өз ана тілінен, ұлттық ерекшеліктерінен теріс айналуы, ішкілікке салынып, моральдық жағынан бұзылуы барынша асқындал тұрған. Соған орай, қазақ халқы осы қалпымен тұра берсе, азып-тозып, ұлт ретінде жойылып кетеді деген мәселе көтердім. Бұл ойымды «Қазақша білмейтін қазақ қай ұлтқа жатады?», «Ілгері баспаған интеллигенция», «Қазақ жене ме, арақ жене ме?!», «Қазақтан шыққан басшылар қазақ халқын қадірлей ме екен?!» деген тақырыптармен жеке-жеке талдап, дәлелдеуге тырыстым. Бұл жазғандарым біреулерге ұнады, біреулерге ұнамады. Десек те, содан бері заман да, ел мен адам да өзгерді. Ең бастысы, бұрын Алматы қаласында бір-екі ғана қазақ мектебі болған, қазір таза ана тілінде білім беретін 60-тан астам оқу ордасы бар. Көшеде кездескен қарқөз

бұлдіршіндер түгел дерлік (олардың арасында өзімнің немерелерім де бар) майын тамызып, әдемілеп қазақша сөйлейді. Осыларды көргенде өзімді кәдімгідей бақытты сезінемін. Бір кездегі айтқандарымның жерде қалмай, күндердің күні жүзеге асқанын көргенде бойымды ризашылық сезім билейді.

<http://old.aikyn.kz>.



Әдебиет теориясы

Комедия (грек. *komedia*) – драмалық жанрдың негізгі бір түрі, өмірдегі келеңсіз, жағымсыз құбылыстарды, адам бойындағы міндерді, оспадарлықты құлқілі етіп бейнелейтін саҳналық шығарма. Әдебиеттегі комикалық нысандың ең ерекше түрі ретінде комедияның ең маңызды ерекшеліктері – юморды, иронияны, сарказмды, сатираны қабылданап, бере білуі. Комедиялық шығармада шынайы тапқырлық, асқан зеректік танытатын жарқылдаған ашық көнілді құлқіден бастап, кейіпкердің аңғалдығы, епсіздігі немесе топастығына негізделетін, іштен шықпаған, сырттай ғана көрінетін жасанды құлқіге дейін кездесіп отырады.



Қолданып көр

Шығармадағы кейіпкерлер арасындағы комедиялық қақтығыстарды бейнелейтін үзінділерді мысалы алып, автор шеберлігіне әдеби сын жаз.

Эксперименттік тапсырма

Әдеби жанрға эксперимент жасап, «Креативті жазу» әдісі бойынша пьесаны проза тілімен компьютерде қысқартып жазып шық. Не байқадың?



Міне, қызық!

Сұлтанәлі Балғабаевтың белгілі бір өнер иесіне арнап жазған саҳналық шығармалары бар. Мәселен, «Ғашықсыз ғасыр» пьесасы КСРО халық әртісі Фарида Шәріповага, ал «Тойдан қайтқан қазақтар» драмасы Қазақстанның халық әртісі Жұмабай Медетбаевқа арналған екен.



Кітап – асыл қазына

Балғабаев С. Сыр мен Сарысу: Үш томдық шығармалар жинағы / Сұлтанәлі Балғабаев. – Алматы: Аң арыс, 2016.

«ТАБИҒАТ ЖӘНЕ АДАМ» БӨЛІМІ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

1. Тест тапсырмаларын орында.

Қ.Мырзалиевтің драмалық шығармалары:

- A) «Сақал саудасы»
- B) «Алаштың арманы»
- C) «Мәңгі майдан»
- D) «Жаралы Жолбарыс»
- E) «Қазақ пен қонақ»
- F) «Иірім»
- G) «Әмір Темір»

Қадыр Мырзалиевтің балалық шағы туралы жазған өлеңі:

- A) «Бала кезім – бұла кезім»
- B) «Балдәурен»
- C) «Балалық шаққа саяхат»
- D) «Сағындырган балалық»
- E) «Балалықсыз балалық»

Қадыр Мырзалиевтің «Қызыл кітап» поэмасында айтылатын, Ақтөбеде жойылып кеткен аң түрі:

- A) Онагра
- B) Мамонт
- C) Барыс
- D) Піл
- E) Қвага

«Қызыл кітап» поэмасы бөлімдерінің саны:

- A) 8
- B) 12
- C) 9
- D) 11
- E) 10

«Қызыл кітап» поэмасында айтылған құс түрінің саны:

- A) 15
- B) 14
- C) 10
- D) 11
- E) 13

«Қызыл кітап» поэмасында айтылған аң түрі:

- A) Жолбарыс
- B) Керік
- C) Піл
- D) Қарсақ
- E) Лама

«Тойдан қайтқан қазақтар» драмасының кейіпкерлері:

- A) Қасқыrbай
- B) Жолсерік әйел
- C) Қошқарбай
- D) Асай Мұсеевич
- E) Вокзал кезекшісі
- F) Мәліс Әлібаевич
- G) Министр

С.Балғабаев қалам тартпаған жанр:

- A) Проза
- B) Поэзия
- C) Фылыми фантастика
- D) Драматургия
- E) Публицистика

С.Балғабаевтың ең алғашқы жұмыс орны:

- A) «Пионер» журналы
- B) «Балдырган» журналы
- C) «Білім және еңбек» журналы
- D) «Лениншіл жас» газеті
- E) «Социалистік Қазақстан» газеті

Сұлтанәлі Балғабаевтың «Тойдан қайтқан қазақтар» драмасындағы бөлімдер саны:

- A) 5
- B) 2
- C) 3
- D) 1
- E) 4

«Тойдан қайтқан қазақтар» драмасындағы «кісілердің сүйегі асыл» сөзінің мағынасы:

- A) дана кісі
- B) адамгершілігі жоғары кісі
- C) денсаулығы мықты
- D) көнбіс кісі
- E) сырпайы кісі

2. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер:

Бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер, Жер мен Ай, Құн мен алыстағы жүлдіздар – осылардың барлығы да табиғат деген ауқымды ұғымды білдіреді.

Адам – табиғаттың ажырамас бөлігі, сондықтан халқымызда «Жер-Ана» деген ұғым қалыптасқан. Жерді өз анасындағы қастерлеу – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. «Жер шоқтығы – Көкшетау», «Жер жаннаты – Жетісу» деп бекер айтылмаса керек. Бабаларымыз туған жерге, табиғатқа деген ыстық махаббатын осындағы теңеу, атаумен білдірген, орман-тоғайларды сақтап, қоршаған ортаның, өзен мен көлдердің ластанбауына ерекше мән берген.

«Су ішкен құдығыңа түкірме», «Бұлақ көрсөн, көзін аш» деп, жас ұрпақтың бойына табиғатқа қамқорлық жасау тәрбиесін сіңірген.

- 1) Мәтіндегі негізгі идея қандай?
- 2) Антропогендік факторлардың көбеюі нені білдіреді?
3. «Қызыл кітап» поэмасын баспағер ретінде басылымға дайында. Ішкі мазмұнын, мүқабасын өз талғамыңмен безендір.
4. Қадыр Мырзалиевтің «Қызыл кітап» поэмасы мен Сұлтанәлі Балғабаевтың «Қазақтың қызыл кітaby» және «Қызыл кітапқа кіretіn халық» шығармалары арасында ортақ идея бар ма? Қандай жауап болса да, ойынды дәлелде.
5. Бөлім бойынша «Табиғат және адам» деген тақырыпқа презентация жаса.

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырма үлгілері

Мәтіндерді оқып, сұрақтарға жауап бер.

I

...Бұл ретте мені алаңдататыны ана тіліміздің жағдайы еді. Бұл дерт, өсіреке, жетпісінші, сексенінші жылдары барынша асқынды. Осы жылдары қазақша бірауыз сөз білмейтін, қазақтың ұлттық мәдениетінен ада, қазақы ғұрыптан мұлдем мақұрым жаңа үрпақ қаптап өсіп келе жатты. Соған орай қазақ мектептері де барынша азайды. Осының салдарынан қазақ халқы ұлт ретінде жойылып кетудің алдында тұрды. Ұлтқа жаны ашиды дейтін зиялыш қауым өз ана тілінен жүрттың ең алды болып безініп, өзгелерге теріс үлгі көрсетті. Мысалы, сол кезде Алматыдағы зиялыш қауымның балалары мен немерелері түгелдей ана тілін мұлдем білмей өсті. Сөйтіп, Қазақстанда қазақ тілін менсінбеушілік мықтап орын алды.

II

Ана тілің біліп қой,
Еркіндігің, тенденсің.
Ана тілің біліп қой,
Мақтанышың, елдігің.

Ана тілің – арың бұл,
Үяттың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тілінді құрметте!

1. Берілген мәтіндердегі қаламгерлердің өзіндік стилін анықта.
2. Мәтіндерге атау бер.
3. Мәтіндердегі ортақ ойды анықта.
4. Екі мәтіндегі қайталанатын сөздерді тап.
5. Қай мақал-мәтөл мәтіндердегі идеяға сәйкес келеді?
 - A) Тіл – достықтың алтын көпірі.
 - B) Тіл – ақылдың өлшемі.
 - C) Ашынған тілді болар, ашыққан ұры болар.
 - D) Тілі өлген ел – тірі өлген ел.
 - E) Тіл жүйрік емес, ой жүйрік.
6. Қазіргі үрпақ өкілі ретінде тіл мәселесі туралы екі авторға хат жаз.

ШЫҒАРМАНЫ ТАЛДАЙ ОТЫРЫП, ӘДЕБИ СЫН ЖӘНЕ ЭССЕ ЖАЗУ

Әдебиет сыны – әдеби сын, көркем әдеби сын – әдебиеттану ғылымының бір саласы. Ол өмір шындығы мен әдеби шығармадағы көркем шындық арақатынасын саралап, көркем шығарманы әдеби түрғыдан бағалайтын, әдеби дамудың ағымдағы мәселелерін талқылап, бағыт сілтеп отыратын әдеби-публицистикалық, ғылыми-эстетикалық шығармашылық түрі. Сендерді әдеби сын жазуға баулу тек шығарманың мазмұнын түсінуге ғана емес, сол шығарманың тууына себеп болған қоғамдық, әлеуметтік жағдайларды да терең түсінулеріне мүмкіндік береді. Өйткені көркем шығармадағы айтылған ойлардың әлеуметтік астарына мән беру керек. Сонда ғана сын белгілі бір әдеби құбылыс туралы қоғамдық ой қорытады. Сонда ғана сын өзінің жанр ретінде неге дүниеге келгенін, не үшін қажеттігін дәлелдей алады.

Белгілі әдебиетші-ғалым Дандаид Үсқақұлы әдеби сынның теориялық мәселелерін зерттей келіп: «Әдеби сын дегеніміз – әдебиеттану ғылымы мен қоғамдық ғылымдардың тоғысқан түйінінен пайда болып, күнделікті әдеби процесті зерттейтін, оған баға беріп, оқырманның рухани әлемі аясында қызмет атқаратын әлеуметтік сананың сан қырлы саласы», – деген тұжырым жасады.

Д. Үсқақұлы ұлттық сыннымыздың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ әдеби сынның мынадай негізгі жанрларын атап көрсетеді: әдеби хабар, аннотация, рецензия, мақала, шығармашылық портрет, шолу, эссе, әдеби фельетон, әдеби пародия, әдеби эпиграмма, монография. Бұлардан басқа библиографиялық көрсеткіш, әдеби есеп, әдеби очерк, әдеби шарж т.б. жанрлар бар екенін де ескерtedі.

Жаратылстану-математикалық бағыттың оқу мақсаты бойынша шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу көзделген. Сын бірден жазылып кетпейді. Мұнда алдымен дайындық жұмыстары жүргізіледі. Маңыздысы – идеялық жағынан мазмұндас туындыларды таңдау. Мысалы, С.Балғабаевтың «Тойдан қайтқан қазақтар» комедиялық драмасын Шерхан Мұртазаның «Тәуекел той» әңгімесімен, Қ.Мырзалиевтің «Қызыл кітап» поэмасын М.Әуезовтің «Көксерек» повесімен салыстыруға болады. Ол үшін мына кестеге сүйене отырып, жұмыс істеуге болады.

Көркем шығарма	Көтерілген мәселелер	Дәлелдер	Әр автордың мәселені шешу шеберлігіне көзқарасым
С.Балғабаевтың «Тойдан қайтқан қазақтар» комедиялық драмасы			
Ш.Мұртазаның «Тәуекел той» әңгімесі			

Дайындықтан кейін нақты тақырып бойынша мынадай жұмыстар жүргізіледі:

- идеялық жағынан мазмұндас туындымен салыстыру;
- тақырыпты ашу;
- көтерілген мәселенің ашылуына өзіндік көзқарас білдіру;
- құрылымды сақтау;
- дәлел келтіру;
- әдеби сын жазу.

Әдеби эссе жазу төменгі сыныптардан басталып, бірте-бірте құрделеніп келе жатқан процесс.

5-сыныпта шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы түрғысынан талдаап, әдеби эссе жазу жұмысы жүргізіледі.

6-сыныпта кейіпкерлер қарым қатынасын отбасылық құндылық түрғысынан талдай отырып, эссе жазуға дайындық жасалады.

7-сыныпта эссе жазу барысында шығарманы ұлттық құндылық түрғысынан талдауға назар аударылады.

8-сыныпта шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік түрғыдан талдаап, әдеби эссе жазу бағытымен жұмыс жүргізіледі.

9-сыныпта эссе жазуда шығарманың идеясын ғаламдық түрғыдан танып-талдауға баса назар аударылды.

10-сыныпта эссе жазудағы тағы бір талап – шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық түрғысынан талдау шеберлігі менгеріледі.

11-сыныптағы мақсат – шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық түрғысынан талдаап, әдеби эссе жазу.

11-сыныпта жалпыадамзаттық құндылықтарға оқытылатын көркем шығарма идеясына сай ақиқатты тану, сүйіспеншілік пен махабbat, рухани адамгершілік, өзгеге қиянат жасамау және Абайдың бес асыл ісі (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым) сияқты ізгіліктерге көніл аударылады. Мәселен, О.Бекейдің «Атау-кере» романы бойынша ой қозғаған оқушы шығарма идеясы бойынша күллі адамзатқа зауал әкелетін тойымсыздық, қанағатсыздық, өзгеге қиянат жасауды дәлелдей жазады.

Әдеби эссе жазуды менгеру үшін, ең алдымен, әдеби эссе құрылымын білу маңызды. Эссе құрылымы қандай болады? Нени ескеру керек?

1. **Кіріспе.** Бұл бөлімді үш не төрт сөйлеммен ашуға болады. Алғашқы сөйлем-нен-ақ оқырманды баурап алуға тырысу керек. Тақырыптың өзектілігін алға тарту маңызды.
2. **Негізгі бөлім.** Бұл бөлім кемінде үш азат жолдан түріп, үш пікірмен ашылғаны дұрыс. Әр пікір кіріспеде көрсетілген мақсатты ашуға жұмыс жасауды керек. Әр азат жол бес-алты сөйлемнен тұрса да болады. Бірінші, екінші сөйлемде негізгі мәселе туралы ақпарат беріледі. Ал үшінші, төртінші сөйлемде осы мәліметке қатысты ой орын алады. Одан кейінгі сөйлемдерде жалпы ойды қорытындылау керек.
3. **Қорытынды.** Басты ескеретін мәселе – жаңа ой жазудан аулақ болу. Мұнда бастапқы көзқарасыңа қайта оралып, оны басқа сөйлеммен жеткізуге

тырысу керек. Сонымен қатар негізгі бөлімнің әр азат жолының түйінін топтап жазып барып, жалпы қорытынды сөйлеммен аяқтаған дұрыс.

Эссеңі топпен жазу. Топқа бөлінгеннен кейін, 1-бала тақырып бойынша тақырыптың сөйлем жазады, 2-бала не талқылайтынын жазады, 3-бала дәлел келтіреді, 4-бала қорытып, барлығын байланыстырады немесе мұғалім ұсынған қиылған эссеңі дұрыс ретпен құрастыру керек. Сондай-ақ топқа бөлініп, 1-топ кіріспе бөлімін, 2-топ негізгі бөлімін, 3-топ қорытынды бөлімін жазып, сынып алдында қорғап, талқылауға болады.

Әссе жазу кезеңдері:

Проблеманы анықтау – ойлану – жоспарлау – жазу – тексеру.

Әссе жазу барысында сақталуы тиіс талаптар:

- жеке көзқарастың көрінісі;
- фактілі дәлелдер (аргументтер);
- теориялық негіздеме;
- терминдерді қолдану;
- дәйексөздерді көлтіру;
- әртүрлі көзқарастарды мысалға алу;
- логикалық заңдылықтың сақталуы;
- салыстыру және қорытындылау әдістерін қолдану;
- сауаттылық (пункт., орфогр.);
- юмор, сарказм;
- қолданылған ғылыми еңбектерге сілтеме жасау.

Әссе жазу барысында жиі кездесетін қателіктер:

- тақырыптың ашылмауы;
- автордың жеке позициясының көрінбеуі;
- теориялық негіздемесінің болмауы;
- терминдерді орынсыз, сауатсыз қолдану;
- тым қарапайым өмір мысалдарының көптігі;
- ауызекі сөздер, диалект, сленг, жаргон сөздердің орын алуы;
- келтірілген мысалдар автор позициясына қайшы келуі;
- қорытындылау, түйін шығарудың жоқтығы;
- логиканың болмауы.

Әдеби әссе жазу үлгісі:

М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абайдың азаматтығы елге танылу ма, елді таныту ма, жоқ өлде есейгендік пе?

Мұхтар Әуезовтің әлемге әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясында Абай туысы Бөжейдің асын өткізуге тікелей атсалысып, азаматтық танытты. Себебі кезінде әкесі Құнанбай мен Бөжей араз болғандықтан, қайтыс болғанына қатыса алмай, олар оқшаша қалған еді. Енді туыстар арасындағы сол сызатты қалпына келтірудің бір жолы – соңғы асына көмектесіп, кісілік таныту.

Бөжей – тобықтының жігітек атасынан шыққан беделді кісісі. Құнанбай қамқорлығында болған, алайда жер дауына байланысты екеуінің арасы ажыраған.

Асы келген уақытта Абай әкесіне өзі қолқа салды. Бұл ас жалғыз жігітекке ғана сын еместігін айтып, әкесінен рұқсат сұрады. Бұл әрекетті мен оның есей-гендердің деген түсінімін. Себебі, ең алдымен, үлкендерден бата алды, аналарымен ақылдасты. Сонымен бірге досы Ерболдың ризашылық білдіруі де тегін емес: «Абай, бөтен сөзім жоқ. Тек бағана әкеңмен сейлескен сөзінді есіткелі өзіңе дән ырза боп, достығыма сүйсініп ем...». Бұл жерде «Кісіні досынан таны» деген қағиданың өміршемдігі байқалады. Ерболдың ризашылық білдіруі тегін емес еді. Әкесі келіспегендік сыңай танытқанымен, баласының алған бетінен қайт-пайтынын түсініп, кейін шегінді. Баласының «атаның баласы емес, адамның баласы екенін» іштей үққандай болды.

Аста Абай ер-азаматтық, мәрттік танытты. Он үлкен үй тікті. Оған отыздан үш жұз кісіні күтті. Аста болатын бәйгелер жоралғысын да ұмыт қалдырмады. Абай ел ақсақалдарынан жиынға келетін ең қадірлі, ең сыйлы деген елдің қонағының бірін беруін өтінді, соларды абыраймен атқарды.

Абай Сүйіндік, Байсал, Вайдалылардың ыстық ықыласына бөленді. Байсал: «Балам, мен осы шаққа шейін сенімен тіл қатысып, жылы ұшырап көрісken жоқ ем. Ана бір жылы Қарқаралыда мейірі түсіп кетіп, Бөжікең бата беріп еді-ау! Мен онда жақтырмап ем. Бүгін Бөжікеңе адал іні боп, бетінді аштың. Жақсы ағаның әмісі зор дәмесін естіп ақтағайсың! Ақтарсың деген білемін!. Осы жолдардан Абайдың «кісі болар», «алысқа қарап» тұлға екенін байқаймыз.

Қорыта айтқанда, Абай ерте есейді. Өмірдегі қарыз берін парызды түсіну – есеводің белгісі. Оған, әрине, әкесі Құнанбай ықпал етті. Досы Ербол да дос таңдауда қателеспегенін түсінді. Міндетін жақсы атқаруға барын салды. Ел ағалары оны мойындады. Абай тек әке жолымен журсе, мына дүниенің өзгеріссіз қалатынын түсінді. Осылайша, өзі салған сүрең жолмен әке даңқын аспанға шығарды.

ГЛОССАРИЙ

Хронотоп – мекеншақ (*Б.Майтанов*) – уақыт пен кеңістік белгілерінің нақтылы бір бүтіннің табиғатына лайық берлікте көрінуі. Мұнда уақыт қоюланып тығыздалады, сыйылышады. Сейтіп көркемдігімен көзге түсетіндей дәрежеге жетеді, ал кеңістік болса, шоғырланады, тарихтың, сюжеттің, уақыттың қозғалысына бағындырылады. Уақыт таңбасы кеңістіктегі белгіленіп көрінеді. Ал кеңістік уақыт арқылы танылып, өлшенеді. Көркем хронотоп қатпарлардың осылай қызып, белгілердің осылай қосылып, тұтастануымен сипатталады (*М.Бахтин*). О.Бекей шығармаларында уақыт пен кеңістік композициясы үлкен орын алады. Қаламгер оқигалардың мезгілін нақты сипаттайды. Оның шығармаларындағы кеңістік пен уақыт ондағы оқиға, іс-әрекеттерге қатысты өзгеріп отырады.

Поэтика (грек. *poietik fehne* – шығармашылық өнер) – сөз өнері туралы ғылым.

Пафос (грек. *pathos* – сезім, құмарлық) – өнер адамдарының ерекше шабыттандып, жігерленетін кезі, құлшыныс, құштарлығы, қуатты сезімі.

Ежелгі грек әдебиетінде пафосты қаламгердің шығармашылық ойының сын-сипатын айқындауда, туындыларында заман бейнесінің бейнеленуі дәрежесін бағалауда негізгі көрсеткіш ретінде таныды. Пафос арқылы ақын-жазушының қоғамдық-әлеуметтік идеалын анықтауда қалыптасты.

Тартыс (лат. *conflictus* – қақтығыс, айқас, талас) – өмірдегі қайшылықтардың өнердегі көрінісі.

Диалог – әдеби шығармаларда екі кейіпкердің немесе бірнеше адамның сөйлесуі, яғни оларды сөйлету арқылы шығарма мазмұнын ашу тәсілі. Монологтен айырмашылығы онда тындау механизмдері қатар жүреді.

Мазмұндық-тақырыптық талдау – шығарманы тұтастай ала отырып, талдау.

Композиция (лат. *compositio* – құрастыру, қыстыру) – әдеби шығарманың құрылышы, оның үлкен-кішілі бөлім-бөлшектерінің бір-бірімен қысынды түрде қилюастрырып, әртүрлі тәсілмен байланыстырылған тұтастық бірлігі. Көркем әңгіме не поэма, не романда әр алуан сюжетке құрылады.

Сюжет (франц. *sujet* – зат) – көркем шығарманың мазмұнын ашып, мазмұнды пішінге көшірудің негізгі түрі, жолы және тәсілі. Сюжет тек оқигалы шығармаларда ғана қолданылады:

- шығармадағы адамдардың бір-бірімен байланысы, қарым-қатысы, курес-тартастыры;
- шығармадағы оқиғаның дамуы. Ендеше оқиға белгілі бір тәртіппен дамиды. Бір оқиға себебі болса, екіншісі – оның нәтижесі.

Адамдардың арасындағы курес-тартастытар тек кездейсоқ нәрсе емес, өмір шындығы, өмірге түрлі көзқарас, түрлі мінездің түйісуі екендігі аңғарылады.

Оқиғаның белгілі бір мекенде, белгілі мезгілдерде болғандығы көрсетіледі.

Әңгіме адамдар туралы болғандықтан, олардың сыртқы пішіні, кескіні, мінез-құлқы, іс-әрекеті, қүйініш-сүйініші, сөйлеген сөзі беріледі, қысқасы, өмірдегі адам қандай болса, көркем шығармада да біз тап сондай адамдарды кездестіреміз. Сөйтіп, жазушы шығармада кездесетін оқиғаның осылар тәрізді өр алуан бөлшектерінің қалауын тауып, асқан шеберлікпен қилюастырып, бір бүтін нәрсе етіп шығарады. Оқиғаның басталуы, өрбүі, шешімі – барлығы біртұтас композицияны құрайды.

Комедия (грек. *komodia*) – драмалық жанрдың негізгі бір түрі, өмірдегі келенсіз, жағымсыз құбылыстарды, адам бойындағы міндерді, оспадарлықты құлқілі етіп бейнелейтін сахналық шығарма. Әдебиеттегі комикалық нысанның ең ерекше түрі ретінде комедияның ең маңызды ерекшеліктері – юморды, иронияны, сарказмды, сатираны қабылдап, бере білуі. Комедиялық шығармада шынайы тапқырлық, асқан зеректік танытатын жарқылдаған ашық көңілді құлқіден бастап, кейіпкердің аңғалдығы, епсіздігі немесе топастығына негізделетін, іштен шықпаған, сырттайғана көрінетін жасанды құлкіге дейін кездесіп отырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003.
3. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1968.
4. Үәлиұлы Н. Қазақ сөз мәдениетінің ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы, 2007.
5. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы, 1996.
6. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық / Құрастырушылар: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса. – Алматы: Аң арыс, 2009
7. Шығармалары. Роман, повестер. / Оралхан Бекей. – Алматы: Ел-шежіре, 2013.
8. Әбдіраштың Ж. Қоңіл көкпары: Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998.
9. Мұқай Б. Таңдамалы шығармалары: 5 томдық. – Алматы: Ана тілі, 2006.
10. Мұқай Б. Өмірзая: Роман. – Алматы: Жалын, 1998.
11. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна Ltd. ЖШС, 2010.
12. Министр. Әңгімелер жинағы / Ерболат Әбікенұлы. – Алматы: Таңбалы, 2014.
13. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 2013.
14. Мырзалиев Қ. Таңдамалы жинақтар: 2-т. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2006.
15. Мырзалиев Қ. Таңдамалы жинақтар: 3-т. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2007.
16. Балғабаев Сұлтанәлі // Қазақстан жазушылары / Құрастырушылар: С. Қамшыгер, Қ. Жұмашева. – Алматы: Аң арыс, 2009.
17. Балғабаев Сұлтанәлі // Қазақстан жазушылары: ХХ ғасыр: Анықтамалық / Құрастырушылар: Е. Дүйсенбайұлы, А. Естен, Қ. Омарұлы ж.б. – Алматы: Ана тілі, 2004.

Электрондық қорлар:

<http://tilalemi.kz>
<https://el.kz/kz>
<https://old2.aikyn.kz>
<http://anatili.kazgazeta.kz>
<http://qazaqadebieti.kz>
<https://24.kz>
<https://adebiportal.kz>
<https://lenta.inform.kz>
<https://turkystan.kz>
<http://www.asiainfo.kz>
<https://elarna.kz>
https://kitap.kz/.../erbolat_abikenuly_pater_izdep

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
I БӨЛІМ. КЕҢІСТІК ПЕН УАҚЫТ	5
Оралхан Бекей	6
«Атау-кере» романы («Қауіпті будан»)	10
Жарасқан Әбдірашев	21
«Дала, сенің ұлыңымын» поэмасы	25
«Кеңістік пен уақыт» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері	31
II БӨЛІМ. ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ	35
Баққожа Мұқай.....	36
«Өмірзая» романы.....	39
Ерболат Әбікенұлы.....	45
«Пәтер ізден жүр едік» өңгімесі	48
«Заман шындығы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері	54
III БӨЛІМ. ФАСЫРЛЫҚ ТУЫНДЫ	57
Мұхтар Әуезов	58
«Абай жолы» роман-эпопеясы.....	63
«Фасырлық туынды» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері	78
IV БӨЛІМ. ТАБИГАТ ЖӘНЕ АДАМ	81
Қадыр Мырзалиев.....	82
«Қызыл кітап» поэмасы.....	87
Сұлтанәлі Балғабаев	92
«Тойдан қайтқан қазақтар» комедиялық драмасы	95
«Табиғат және адам» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері	100
Шығарманы талдай отырып, әдеби сын және эссе жазу.....	104
Глоссарий	108
Пайдаланылған әдебиеттер	110



Электрондық нұсқа



Назар аудар

Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны [arman-pv.kz](#) сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктең алуыңа болады

Оқулық басылым

**Руда Зайкенова
Рахима Сакенова
Лаура Нұрланқызы Нұрланова**

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының жаратылыштану-математикалық бағытына арналған оқулық

Суретшілері А.Айтжанов, Д.Қдыров, С.Пернебаева
Бас редакторы Қ.Қараева / Редакторы А.Колганатова
Техникалық редакторы В.Бондарев / Қоркемдеуші редакторы Е.Мельникова
Бильд редакторы Ш.Есенкулова / Суретші-безендіруші О.Подопригора
Мұқабаның дизайны В.Бондарев, О.Подопригора / Беттегендер А.Кейикбайва, Н.Нержанова

Сатып алу үшін мына мекенжайларға хабарласыңыздар:
Нұр-Сұлтан қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz
Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: 8 (727) 316-06-30, 316-06-31. E-mail: info@arman-pv.kz

«Арман-ПВ» кітап дүкені
Алматы қ., Алтынсарин к/сі, 87 үй. Тел.: 8 (727) 303-94-43.

Теруге 24.07.19 берілді. Басуға 09.06.20 қол қойылды. Пішімі 70x100¹/₁₆.
Қағазы оғсеттік. Қаріп түрі «ММ Mekteptik». Оғсеттік басылыш.
Шартты баспа табагы 7,00. Таралымы 39000 дана.

Артикул 811-002-002к-20